

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі

Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі № 234-V ҚРЗ.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы Кодекстің қолданысқа енгізілу тәртібін 177-баптан қараңыз.

Қолданушылар назарына!

Қолданушыларға ыңғайлы болуы үшін ЗҚАИ мазмұнды жасады.

МАЗМҰНЫ

Ескерту. Мазмұны алып тасталды – ҚР 24.11.2021 № 75-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

ЖАЛПЫ БӨЛІК

1-БӨЛІМ. НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

1-тарау. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖАЗАЛАРДЫ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЫҚПАЛ ЕТУ ШАРАЛАРЫН ОРЫНДАУ ТӘРТІБІН АЙҚЫНДАЙТЫН ЗАҢНАМАСЫ

1-бап. Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару заңнамасы

1. Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына және халықаралық құқықтың жалпы танылған қағидаттары мен нормаларына негізделеді және осы Кодекстен, жазалар мен өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын орындау және өтеу тәртібі мен шарттарын белгілейтін заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілерден тұрады.

2. Жазаларды және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын орындау және өтеу тәртібі мен шарттарын белгілейтін заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілермен сотталғандардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін шектеулер, егер заңда бұл көзделмеген болса, белгілене алмайды.

3. Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттардың осы Кодекстің алдында басымдығы бар және халықаралық шарттан оны қолдану үшін заң шығару талап етілетін жағдайларды қоспағанда, тікелей қолданылады.

2-бап. Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару заңнамасының кеңістік пен уақыт тұрғысынан қолданылуы

1. Өздеріне қатысты жазалар немесе өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шаралары Қазақстан Республикасының аумағында орындалатын сотталғандарға Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару заңнамасы қолданылады.

2. Жазаларды және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын орындау және өтеу, сотталғандарға түзеу құралдарын қолдану, сондай-ақ босатылатын сотталғандарға көмек көрсету оларды орындау кезінде қолданыста болатын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

ҚР Конституциялық Сотының 27.12.2024 № 59-НҚ нормативтік қаулысымен осы кодекстің 2-бабының екінші бөлігі Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келеді деп танылды.

3-бап. Осы Кодексте қамтылатын кейбір ұғымдарды түсіндіру

Осы Кодексте қамтылатын ұғымдар мынадай мағынада қолданылады:

1) бейнебақылау жүйесі – бейнебақылау камераларының, деректерді беру желілерінің, бағдарламалық және техникалық құралдардың және бейнежазбаларды сақтау құралдарының, сондай-ақ өзара ақпарат алмасуды жүзеге асыратын бағдарламалық және (немесе) техникалық басқару құралдарының жиынтығы;

1-1) жазаны орындайтын органдар – қамаққа алу түріндегі жазаны, сотталған адамды қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаны және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын орындайтын органдар;

2) жазаны өтеу режимі – осы Кодексте және өзге де нормативтік құқықтық актілерде белгіленген жазаларды орындау және өтеу тәртібі;

3) қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті орган – қылмыстық-атқару қызметі саласындағы басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

4) қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі (бұдан әрі – қылмыстық-атқару жүйесі) – қылмыстық жазалардың орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі атқарушылық және өкімдік функцияларды жүзеге асыратын органдар мен мекемелер, сондай-ақ көрсетілген органдар мен мекемелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін ұйымдар жүйесі;

5) қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемесі (бұдан әрі – мекеме) – бас бостандығынан айыру түріндегі жазаларды орындауға арналған мемлекеттік мекеме;

6) қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің уәкілетті органы (бұдан әрі – қылмыстық-атқару жүйесінің уәкілетті органы) – қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті органның өзінің құзыреті шегінде бақылау және (немесе) іске асыру функцияларын жүзеге асыратын ведомствосы;

7) пробация – санаттары заңмен айқындалған адамдардың қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу үшін олардың мінез-құлқын түзеуге бағытталған бақылау және әлеуметтік-құқықтық сипаттағы қызмет түрлері мен жеке айқындалатын шаралар жүйесі;

8) пробация қызметі – қылмыстық жазалардың қоғамнан оқшауламай орындалуын қамтамасыз ету, сондай-ақ пробацияны ұйымдастыру және оның жұмыс істеуі

жөніндегі атқарушылық және өкімдік функцияларды жүзеге асыратын қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің органы;

9) пробациялық бақылау – пробация қызметінің есебінде тұратын адамдардың өздеріне заңмен және сотпен жүктелген міндеттерін орындауына уәкілетті органдардың бақылауын жүзеге асыру жөніндегі қызметі;

10) сотталған адамды түзеу – сотталған адамның құқыққа бағынушылық мінез-құлқын, жеке басқа, қоғамға, еңбекке, қоғамдағы мінез-құлық нормаларына, қағидаларына және әдебіне жағымды көзқарасын қалыптастыру;

11) тергеу изоляторларының оқшауланған учаскелері – бас бостандығынан айыруға сотталғандарды, сондай-ақ қамаққа алуға сотталғандарды ұстауға арналған камералары бар тергеу изоляторларының үй-жайлары.

Ескерту. 3-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 30.12.2016 № 39-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 18.04.2017 № 58-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2021 № 89-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.05.2024 № 82-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

2-тарау. ЖАЗАЛАРДЫ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЫҚПАЛ ЕТУ ШАРАЛАРЫН ОРЫНДАУДЫҢ ЖАЛПЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

4-бап. Қазақстан Республикасы қылмыстық-атқару заңнамасының мақсаттары мен міндеттері

1. Қазақстан Республикасы қылмыстық-атқару заңнамасының мақсаттары әлеуметтік әділдікті қалпына келтіру, сотталғандарды түзеу, сотталғандардың да және өзге адамдардың да жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу болып табылады.

2. Көрсетілген мақсаттарға сәйкес:

1) жазаларды және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын орындаудың және өтеудің тәртібі мен шарттарын реттеу;

2) сотталғандарды түзеу құралдарын айқындау;

3) сотталғандардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау;

4) сотталғандардың әлеуметтік бейімделуіне көмек көрсету Қазақстан Республикасы қылмыстық-атқару заңнамасының міндеттері болып табылады.

3. Жазаларды және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын орындау тән зардабын шектіруді немесе адами қадір-қасиетті қорлауды мақсат етпейді.

5-бап. Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару заңнамасының қағидаттары

Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару заңнамасы:

1) адам және азамат құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін сақтау;

- 2) заңдылық;
- 3) ізгілік;
- 4) жазаларды орындау шарттарын саралау;

5) жазаны және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын орындауды даралау;

- 6) мәжбүрлеу шараларын ұтымды қолдану;
- 7) түзелуге ықпал етумен жазаны сабақтастыру;

8) сотталғандардың құқыққа бағынушылық және белсенді, қоғамға пайдалы мінез-құлқын ынталандыру қағидаттарына негізделеді.

6-бап. Жазаны және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын орындау негіздері

Заңды күшіне енген сот үкімі немесе қаулысы, рақымшылық жасау және оны қолдану туралы акт, кешірім жасау туралы акт жазаны және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын орындауға негіз болып табылады.

7-бап. Сотталғандарды түзеудің негізгі құралдары

1. Мыналар:

- 1) жазаны өтеу режимі;
- 2) тәрбиелік ықпал ету;
- 3) жағымды әлеуметтік байланыстарды сақтап тұру;
- 4) қоғамға пайдалы еңбек;
- 5) бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім алуы;
- 6) қоғамдық ықпал ету сотталғандарды түзеудің негізгі құралдары болып табылады.

2. Сотталғандарды түзеу құралдары жазаның түрі, жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың сипаты, қоғамға қауіптілік дәрежесі, кінә нысаны мен уәждері, сотталған адамның жеке басы және жазаны өтеу кезіндегі оның мінез-құлқы ескеріле отырып қолданылады.

8-бап. Сотталғандарды түзеуге жұртшылықтың қатысуы

1. Сотталғандарды түзеуге қамқоршылық кеңестер мен қоғамдық байқау кеңестері, сотталғандардың ата-аналар комитеттері, кәсіптік одақтар, еңбек ұжымдары, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркелген қоғамдық бірлестіктер, діни бірлестіктер, қоғамдық қорлар мен қайырымдылық қорлары, саяси партиялар, басқа да ұйымдар, сондай-ақ азаматтар:

1) социологиялық және өзге де мониторингтер жүргізу;

2) қылмыстық-атқару қызметі саласындағы нормативтік-құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге және қоғамда талқылауға қатысу;

3) сотталғандарға гуманитарлық және қайырымдылық көмектерді іздестіруге, беруге, оның бөлінуіне және пайдаланылуын байқауға қатысу;

4) қылмыстық-атқару жүйесінің қызметін жетілдіруге және сотталғандарға әлеуметтік-құқықтық көмекке бағытталған бағдарламалар мен жобаларды әзірлеу және іске асыру;

5) жазаны және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын орындайтын мекемелер мен органдарға Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін нысандарда өзге де жәрдем көрсету арқылы қатыса алады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген адамдар сотталған адамның жеке өмірі туралы өздеріне мәлім болған мәліметтерді оның келісімінсіз жариялауға құқылы емес.

Көрсетілген талапты бұзу заңда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

3-тарау. СОТТАЛҒАНДАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫ

9-бап. Сотталғандардың құқықтық жағдайының негіздері

1. Қазақстан Республикасы сотталғандардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін құрметтейді және қорғайды, оларды түзеу құралдарын қолданудың заңдылығын, сондай-ақ құқықтық қорғауды және жеке басының қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

2. Сотталғандар Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қылмыстық кодексінде және өзге де заңдарында белгіленетін шектеулермен, Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтарына, бостандықтарына ие болады және міндеттерін атқарады.

3. Сотталған шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар, егер Қазақстан Республикасының Конституциясында, заңдарында және халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасында азаматтар үшін белгіленген құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады, сондай-ақ міндеттерді атқарады.

4. Сотталғандардың құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ олардың құқықтарын шектеу жазалардың және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларының нақты түрін орындау тәртібі мен шарттары негізге алына отырып, осы Кодексте айқындалады.

5. Сотталғандарды тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге де мән-жайлар бойынша қандай да бір кемсітушілікке ұшыратуға болмайды.

6. Сотталған адам жазаны орындайтын мекемеге немесе органға келіп түскен кезде, әкімшілік сотталған адамға оның құқықтары, міндеттері және құқықтық шектеулер туралы ақпаратты, сондай-ақ жазаны орындайтын мекемелердің немесе органдардың ішкі тәртіптеме қағидаларын жазбаша түрде беруге және қолын қойғызып, түсіндіруге міндетті.

10-бап. Сотталғандардың негізгі құқықтары

1. Сотталғандардың:

1) жазаны орындайтын мекемелерден немесе органдардан жазаны өтеу тәртібі, шарттары және олардың өзгеруі туралы ақпарат алуға;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің атына кешірім жасау туралы өтінішхатпен жүгінуге;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ауызша және жазбаша ұсыныстармен, өтініштермен және шағымдармен жазаны орындайтын мекеме немесе орган әкімшілігіне, олардың жоғары тұрған органдарына, сотқа, прокуратура органдарына, өзге де мемлекеттік органдарға және лауазымды адамдарға, қоғамдық бірлестіктерге, сондай-ақ адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау жөніндегі халықаралық ұйымдарға жүгінуге;

4) өздерінің адами қадір-қасиетінің танылуына, азаптаудан, зорлық-зомбылықтан, басқа да қатыгездік немесе адами қадір-қасиетін қорлайтын қарекеттерден немесе жазалаудан қорғануға;

5) жазасын өтеу кезінде жеке басының қауіпсіздігіне;

6) ана тілінде немесе өздері меңгерген кез келген басқа тілде түсініктемелер беруге және хат жазысуды жүргізуге, сондай-ақ ұсыныстармен, өтініштермен және шағымдармен жүгінуге, заңда көзделген жағдайларда аудармашының қызметін пайдалануға;

7) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен білікті заң көмегін, оның ішінде мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету шеңберінде консультациялар, анықтамалар, құқықтық сипаттағы құжаттарды жасау түрінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 475-бабы үшінші бөлігінің бірінші абзацында және 476-бабының 4), 5), 5-1), 11), 13), 15), 17), 19) және 22) тармақтарында көзделген жағдайларда соттардың үкімдері мен қаулыларын орындау барысында ұсынылатын құжаттарды дайындау кезінде, сондай-ақ өзге де түрде алуға;

8) денсаулығын сақтауға және Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасын сәйкес білікті медициналық көмек алуға;

9) мекеменің психологиялық қызметінің қызметкерлері және осындай көмек көрсетуге құқығы бар өзге де адамдар көрсететін психологиялық көмекке;

10) Қазақстан Республикасының әлеуметтік қорғау туралы заңнамасына сәйкес әлеуметтік және зейнетақымен қамсыздандырылуға;

11) Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес қауіпсіз еңбек жағдайларына, демалуға, демалысқа, сондай-ақ еңбегіне ақы төленуге құқығы бар.

Сотталғандардың осы Кодекске, жазаларды және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын орындау және өтеу тәртібі мен шарттарын белгілейтін нормативтік құқықтық актілерге сәйкес өзге де құқықтары бар.

2. Сотталған шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасында аккредиттелген өз мемлекеттерінің дипломатиялық өкілдіктерімен және консулдық мекемелерімен, ал Қазақстан Республикасында аккредиттелген дипломатиялық және

консулдық мекемелері жоқ елдердің азаматтары – олардың мүдделерін қорғауды өзіне алған мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктерімен немесе оларды қорғауды жүзеге асыратын халықаралық ұйымдармен байланысты ұстап тұруға құқылы.

3. Сөйлеу не есту не көру қабілеті бұзылған мүгедектігі бар сотталғандардың дактильді-ымдау тілін немесе Брайль әліпбиін меңгерген мамандар көрсететін қызметтерді пайдалануға құқығы бар.

4. Сотталғандарды клиникалық зерттеулерге ұшыратуға болмайды.

Ескерту. 10-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 09.06.2021 № 49-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.06.2022 № 129-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 20.04.2023 № 226-VII (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

11-бап. Сотталғандардың негізгі міндеттері

1. Сотталғандар:

1) осы Кодексте, өзге де нормативтік құқықтық актілерде, сондай-ақ сот үкімінде белгіленген талаптарды орындауға;

2) жазаны орындайтын мекемелер мен органдардың ішкі тәртіптеме қағидаларын сақтауға;

3) жазаларды орындайтын мекемелердің немесе органдардың қызметкерлерінің, сондай-ақ сотталғандардың мінез-құлқын бақылау мен қадағалауды жүзеге асыруға уәкілетті адамдардың заңды талаптарын орындауға;

4) жазаларды орындайтын мекемелер немесе органдар әкімшілігінің шақыруы бойынша келуге және жаза мен өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын орындау мәселелері жөнінде түсініктемелер беруге;

5) негізгі жазасын толық өтегенге немесе жазадан босатылғанға, пробациялық бақылау мерзімі өткенге, жазаны орындауды кейінге қалдыру мерзімі өткенге дейін Қазақстан Республикасының аумағынан кетпеуге;

6) персоналмен, басқа да сотталғандармен, сондай-ақ жазаларды орындайтын мекемелер мен органдарға келетін адамдармен сыпайы қарым-қатынас жасауға;

7) еңбек пен оқуға адал қарауға;

8) заңда көзделген жағдайларда, инфекциялық ауруларды уақтылы анықтау мақсатында міндетті және профилактикалық медициналық қарап-тексеруден, сондай-ақ психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтыну және масаң күйде болу, дене зақымын алу фактілерін анықтау үшін куәландырудан өтуге;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес геномдық тіркеуден өтуге міндетті.

2. Сотталғандардың өздеріне жүктелген міндеттерді орындамауы заңда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

Ескерту. 11-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 31.12.2016 № 41-VI (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

12-бап. Жеке бастың қауіпсіздігін қамтамасыз ету

1. Сотталғандар мен басқа да адамдардың тарапынан сотталған адамның өміріне, денсаулығына не қадір-қасиетіне қатер төнген кезде, ол жазаны орындайтын мекеменің немесе органның кез келген қызметкеріне қатерді жою туралы өтінумен жазбаша немесе ауызша жүгінуге құқылы.

Жазаны орындайтын мекеменің немесе органның қызметкері қатерді жою бойынша, оның ішінде сотталған адамды қауіпсіз орынға ауыстыру және алып кету арқылы дереу шаралар қолдануға міндетті.

Жазаны орындайтын мекеменің немесе органның әкімшілігі сотталған адамның өміріне, денсаулығына не қадір-қасиетіне қатер төнгенін анықтаған кезде, олар мұны жою бойынша, оның ішінде сотталған адамды оның келісу-келіспеуіне қарамастан, қауіпсіз орынға ауыстыру арқылы дереу шаралар қолданады.

2. Екі және одан көп сотталған адамға қатер төнгені анықталған жағдайда, жазаны орындайтын мекеменің немесе органның әкімшілігі қатер көзін оның келісу-келіспеуіне қарамастан, қауіпсіз орынға ауыстыру бойынша дереу шаралар қолданады.

3. Сотталған адамды қауіпсіз орынға ауыстыру жазаны орындайтын мекеме немесе орган бастығының қаулысы бойынша отыз тәулікке дейінгі мерзімге жүргізіледі. Сотталған адамды қауіпсіз орынға ауыстыру туралы қаулының көшірмесі келесі жұмыс күнінен кешіктірілмей прокурорға жіберіледі.

Бастық болмаған жағдайда, сотталған адамды қауіпсіз орынға ауыстыру туралы шешімді жазаны орындайтын мекеме немесе орган бастығының кезекші көмекшісі ол келгенге дейін, бірақ жиырма төрт сағаттан аспайтын уақытқа қабылдайды.

4. Сотталған адамның қауіпсіз орында болуын отыз тәулікке дейінгі мерзімге ұзарту жазаны орындайтын мекеме немесе орган бастығының прокурормен келісілген қаулысы бойынша жүзеге асырылады.

5. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көрсетілген қатер сақталған кезде, жазаны орындайтын мекеменің немесе органның әкімшілігі сотталған адамды жазасын одан әрі өтеуі үшін жазаны орындайтын өзге мекемеге немесе органға жіберу жөнінде шаралар қолдануға міндетті.

6. Қауіпсіз орынға ауыстырылған сотталған адам қауіпсіз орынға ауыстырылғанға дейін өзіне айқындалған ұстау жағдайларында жазасын өтейді.

7. Жазаны орындайтын мекеменің немесе органның бастығы қауіпсіздік шараларын қолдану туралы шешім қабылдайтын және оларды қылмыстық сот ісін жүргізудің қатысушысы болып табылатын сотталған адамға қатысты жүзеге асыратын органдарға жәрдем көрсетуге міндетті.

8. Мекемелерде қауіпсіз орын ретінде тәртіптік изоляторлар камералары, уақытша оқшаулау үй-жайлары, қамаққа алуды өтеу орындарында – жалғыз адамдық камералар пайдаланылуы мүмкін.

Ескерту. 12-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 27.12.2019 № 292-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

13-бап. Сотталғандардың ар-ұждан және діни сенім бостандығы құқығын қамтамасыз ету

1. Сотталғандарға ар-ұждан және діни сенім бостандығы құқығына кепілдік беріледі.

2. Діни жораларды орындау ерікті болып табылады.

3. Діни жораларды орындау кезінде жазаны орындайтын мекеменің немесе органның ішкі тәртіптеме қағидалары сақталады. Сотталғандардың осы Кодексте көзделген өздерінің міндеттерін орындаудан бас тартуына түрткі болумен және Қазақстан Республикасының заңнамасын өзге де бұзумен ұштасатын әрекеттерге жол берілмейді.

4. Сотталғандардың немесе олардың туыстарының өтінуі бойынша салт-ғұрыптарды атқару қажет болған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркелген діни бірлестіктердің дін қызметшілері шақырылады.

5. Жазаны орындайтын мекеменің немесе органның әкімшілігі діни жораларды орындау үшін жағдай жасайды, сондай-ақ дін қызметшілері жеке басының қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

6. Жазаны орындайтын мекемелер мен органдардың аумағында ғибадат үйлерін (құрылыстарын) салуға тыйым салынады.

14-бап. Сотталғандардың шағыным жасауы

1. Қамаққа алуға, бас бостандығынан айыруға сотталғандардың жазаны орындайтын мекемелердің немесе органдардың жоғары тұрған басқару органдарына, сотқа, прокуратура органдарына, өзге де мемлекеттік органдарға, қоғамдық бірлестіктерге, сондай-ақ адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғау жөніндегі халықаралық ұйымдарға жіберетін шағынымдары жазаны орындайтын мекемелердің немесе органдардың әкімшілігі арқылы жіберіледі. Сотталғандар сотқа, прокуратура органдарына және өзге де мемлекеттік органдарға жіберетін шағынымдарды электрондық құжат түрінде бере алады. Әкімшіліктер мұндай шағынымдардың сотталғандарға қолжетімді жерлерде мекемелердің ішкі тәртіптеме қағидаларында белгіленген тәртіппен берілуін қамтамасыз ететін камералық ұстау жағдайларындағы мекемелерді қоспағанда, мекемелердің әкімшіліктері мұндай шағынымдардың бас бостандығынан айыруға сотталғандардың тікелей тұратын орындарында берілуін қамтамасыз етеді. Өзге жаза түрлеріне және қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларына сотталғандар шағынымдарын өздері жібереді.

2. Жазаны орындайтын мекемелер мен органдарда олардың лауазымды адамдарының құқыққа сыйымсыз әрекеттеріне сотталғандардың шағынымдар беруіне арналған арнаулы жәшіктердің жұмыс істеуі қамтамасыз етіледі. Арнаулы жәшіктерге салынған шағынымдарды прокурор жазаны орындайтын мекеме немесе орган әкімшілігі өкілдерінің қатысуымен аптасына бір реттік кезеңділікпен алып отырады, бұл жөнінде акт жасалады. Арнаулы жәшіктер жазаны орындайтын мекемелер мен органдардың аумағында және үй-жайларында сотталғандарға қолжетімді жерлерде орнатылады.

3. Қамаққа алуға, бас бостандығынан айыруға сотталғандардың жазаны орындайтын мекемелер мен органдардың қызметін бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдарға, сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілге жіберетін шағынымдары бақылануға жатпайды және бір тәуліктен кешіктірілмей адресатқа жіберіледі.

4. Бас бостандығынан айыруға немесе қамаққа алуға сотталған адамның адвокатпен хат жазысуы бақылауға жатпайды.

5. Қамаққа алуға, бас бостандығынан айыруға сотталғандар ұлттық алдын алу тетігінің қатысушылары арқылы азаптаудың және басқа да қатыгездік, адамшылыққа жатпайтын немесе қадір-қасиетті қорлайтын қарекеттер мен жазалау түрлерінің қолданылғаны туралы өтініш жібере алады.

6. Сотталған адамның атынан шағынымды оның келісімінсіз кез келген адам ұсына алмайды.

7. Сотталғандардың жазаларды орындайтын мекемелер мен органдар әкімшілігінің шешімдеріне немесе әрекеттеріне байланысты шағынымдары, заңда көзделген жағдайлардан басқа кезде, олардың орындалуын тоқтата тұрмайды.

8. Шағым берген сотталған адам шағым бойынша қабылданған шешім туралы хабардар етілуге тиіс. Шағымды қанағаттандырудан бас тарту уәжді болуға тиіс.

9. Шағым берген сотталған адамға зиян келтіру үшін шағымды пайдалануға жол берілмейді.

Ескерту. 14-бапқа өзгерістер енгізілді – ҚР ҚР 27.12.2019 № 292-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 29.12.2021 № 89-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.02.2025 № 164-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

4-тарау. МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ ЖАЗАЛАРДЫ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЫҚПАЛ ЕТУ ШАРАЛАРЫН ОРЫНДАУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚҰЗЫРЕТІ

15-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) алып тасталды – ҚР 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

2) жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (айналдыруға жататын) мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және одан әрі пайдалану қағидаларын бекітеді.

3) алып тасталды – ҚР 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

4) алып тасталды – ҚР 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

5) алып тасталды – ҚР 24.11.2021 № 75-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

6) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 № 239-V № 239-V Заңымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі);

7) алып тасталды – ҚР 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

8) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 № 239-V № 239-V Заңымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі);

9) алып тасталды - ҚР 29.09.2014 № 239-V № 239-V Заңымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, осы Кодексімен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Ескерту. 15-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 29.09.2014 № 239-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 24.11.2021 № 75-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.12.2021 № 95-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

16-бап. Қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті органның құзыреті

1. Қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті орган:

1) қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелеріне бару қағидаларын;

1-1) халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша пробация қолданылатын адамдарға қатысты әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету қағидаларын;

1-2) пробация қызметі пайдаланатын электрондық бақылау құралдарының тізбесін;

1-3) қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің инженерлік-техникалық қадағалау, бақылау және күзет құралдарының тізбесін;

2) қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде ұсталатын адамдардың мінез-құлқына бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі қызметті ұйымдастыру және жете тексеру мен тінту жүргізу қағидаларын;

3) пробация қызметінің жұмысын ұйымдастыру қағидаларын;

4) сотталғандарды жазасын өтеу үшін қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелеріне жіберу қағидаларын;

5) бас бостандығынан айыруға сотталғандардың жазасын өтеу кезеңінде орнын ауыстыру қағидаларын;

6) қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің инженерлік-техникалық қадағалау, бақылау және күзет құралдарын пайдалану қағидаларын;

7) қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде ерекше жағдайлар режимін енгізу қағидаларын;

8) білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша – бас бостандығынан айыруға сотталғандардың бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім алуын ұйымдастыру қағидаларын;

9) бас бостандығынан айыруға сотталғандармен тәрбие жұмысын жүргізу қағидаларын;

10) бас бостандығынан айыруға сотталғандардың діни жораларды орындауы үшін жағдайлар жасау жөніндегі нұсқаулықты;

11) алып тасталды – ҚР 30.12.2021 № 95-VII Заңымен (мынадай:

қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторларында ұсталатын адамдарға қатысты – 2022 жылғы 1 шілдеден бастап;

қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде ұсталатын адамдарға қатысты 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі).

12) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша - қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауды ұйымдастыру қағидаларын;

Ескерту. 12) тармақшаға өзгеріс енгізілді – ҚР 30.12.2021 № 95-VII Заңымен (мынадай:

қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторларында ұсталатын адамдарға қатысты – 2022 жылғы 1 шілдеден бастап;

қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде ұсталатын адамдарға қатысты 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі).

13) қылмыстық-атқару жүйесінің сотталған әйелдер, кәмелетке толмағандар жазасын өтеуге арналған органдары мен мекемелерінің және толық қауіпсіз режиміндегі мекемелердің күзетін жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулықты;

14) қамаққа алу түріндегі жазаны орындауды жүзеге асыратын арнаулы мекемелердің қызметі мен ішкі тәртіптемесін ұйымдастыру қағидаларын;

15) қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің жанындағы қамқоршылық кеңес туралы ережені;

16) қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің ішкі тәртіптеме қағидаларын;

17) қылмыстық жазаларды және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын орындайтын мекемелер мен органдардың қызметіне жәрдемдесу, сондай-ақ қылмыстық жазаларын өтеген адамдарға әлеуметтік және өзге де көмекті ұйымдастыру бойынша жергілікті атқарушы органдардың жанындағы консультациялық-кеңесші орган туралы үлгі ережені;

18) халықты әлеуметтік қорғау саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша – мүгедектігі бар, мекемелерде жазасын өтеп жүрген және күзетпен қамауда отырған сотталғандарға техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдар мен арнайы жүріп-тұру құралдарын ұсыну қағидаларын;

19) қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде сотталған адамдармен теологиялық оңалту жұмысын ұйымдастыру жөніндегі қағидаларды;

20) қамаққа алу немесе бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеуден босатылатын адамдардың өздері таңдаған тұрғылықты жеріне немесе жұмыс орнына бару жолында тегін жол жүрумен, сондай-ақ тамақ өнімдерімен немесе ақшамен қамтамасыз ету қағидаларын бекітеді.

2. Қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті орган осы Кодексте, өзге де заңдарда, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Ескерту. 16-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 29.09.2014 № 239-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 03.12.2015 № 433-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 27.12.2019 № 292-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 24.11.2021 № 75-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.12.2021 № 95-VII (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз); 27.06.2022 № 129-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

17-бап. Қылмыстық-атқару жүйесі органдарының және мекемелердің құзыреті

1. Қылмыстық-атқару жүйесінің уәкілетті органы:

1) сот үкіміне немесе қаулысына сәйкес бас бостандығынан айыруға сотталғандарды мекемелерге бөлуді жүзеге асырады;

2) сотталғандарды жазаларын өтеу үшін мекемелерге жібереді;

3) мекемелерді емдеу-профилактикалық мекемелерге бекітіп береді;

4) осы Кодексте, өзге де заңдарда, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

2. Қылмыстық-атқару жүйесінің аумақтық органы:

1) бас бостандығынан айыруға сотталғандарды сот үкіміне немесе қаулысына сәйкес қылмыстық-атқару жүйесінің уәкілетті органы аумақтық органға бекітіп берген мекемелерге бөлуді жүзеге асырады;

2) сотталғандарды қылмыстық-атқару жүйесінің уәкілетті органы аумақтық органға бекітіп берген мекемелерге жібереді;

3) ауруына байланысты жазасын өтеуден босатылуға ұсынылатын сотталғандардың материалдарын қарайды және сотқа ұсынады;

4) ведомстволық бағынысты мекемелердегі санитариялық-эпидемиологиялық іс-шараларға мониторингті жүзеге асырады;

Ескерту. 4) тармақшаға өзгеріс енгізілді – ҚР 30.12.2021 № 95-VII Заңымен (мынадай:

қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторларында ұсталатын адамдарға қатысты – 2022 жылғы 1 шілдеден бастап;

қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде ұсталатын адамдарға қатысты 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі).

5) комиссиялар құрады және олардың жұмыс регламентін бекітеді;

6) осы Кодексте, өзге де заңдарда, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

3. Мекеме жазаларды орындау жөніндегі қызметті жүзеге асыру кезінде комиссиялар құрады және олардың жұмыс регламентін бекітеді, сондай-ақ негізгі қызметіне жатпайтын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді іске асырады.

Мекемелердің негізгі қызметіне жатпайтын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің тізбесіне олар сотталғандардың:

1) тамақ өнімдерін, бірінші кезекте қажетті заттарды, жазу керек-жарақтарын, әдебиетті, мерзімді басылымдарды қосымша сатып алуға;

Ескерту. 1) тармақшаға өзгеріс енгізілді – ҚР 30.12.2021 № 95-VII Заңымен (мынадай:

қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторларында ұсталатын адамдарға қатысты – 2022 жылғы 1 шілдеден бастап;

қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде ұсталатын адамдарға қатысты 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі).

2) мерзімі ұзақ кездесулерге;

3) осы Кодексте және мекемелердің ішкі тәртіптеме қағидаларында айқындалатын қосымша көрсетілетін қызметтерге құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету бойынша ұсынатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер жатады.

Ескерту. 3) тармақша жаңа редакцияда – ҚР 30.12.2021 № 95-VII Заңымен (мынадай :

қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторларында ұсталатын

адамдарға қатысты – 2022 жылғы 1 шілдеден бастап;

қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде ұсталатын адамдарға қатысты 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі).

4. Алып тасталды – ҚР 30.12.2021 № 95-VII Заңымен (мынадай:

қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторларында ұсталатын адамдарға қатысты – 2022 жылғы 1 шілдеден бастап;

қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде ұсталатын адамдарға қатысты 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі).

5. Мекемелердің комиссиялары:

1) алып тасталды – ҚР 30.12.2021 № 95-VII Заңымен (мынадай:

қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторларында ұсталатын адамдарға қатысты – 2022 жылғы 1 шілдеден бастап;

қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде ұсталатын адамдарға қатысты 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі).

2) сотталғандарға қатысты әкімшілік қадағалауды белгілеу үшін материалдарды сотқа жіберу туралы мәселені қарайды;

3) сотталғандарды психологтің профилактикалық есебіне қою және одан шығару туралы мәселені қарайды;

4) сотталғандарды жазаны өтеудің әртүрлі жағдайларына ауыстыру туралы мәселені қарайды.

6. Аумақтық орган мен мекеменің комиссиялары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Ескерту. 17-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 30.12.2021 № 95-VII (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

18-бап. Жергілікті атқарушы органдардың құзыреті

1. Қазақстан Республикасының облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органдары:

1) жазаларды және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын орындайтын мекемелер мен органдардың қызметіне жәрдемдесу, сондай-ақ қылмыстық жазаларын өтеген адамдарға әлеуметтік және өзге де көмекті ұйымдастыру жөніндегі консультациялық-кеңесші органдарды құрады;

2) пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін, сондай-ақ мекемелерден босатылған адамдар үшін жұмыс орындарының квоталарын белгілейді;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өздеріне қатысты пробация қолданылатын адамдарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетуге байланысты процесті ұйымдастырады;

4) өздеріне қатысты пробация қолданылатын, өмірлік қиын жағдайда деп танылған адамдарға Қазақстан Республикасының арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы заңнамасына сәйкес арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуді қамтамасыз етеді;

5) мекемелерден босатылған, сондай-ақ пробация қызметінің есебінде тұрған адамдардың жұмыспен қамтылуына жәрдемдесу жөніндегі шараларды қамтамасыз етеді;

5-1) қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде жазасын өтеп жүрген сотталғандарды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдеседі;

5-2) мекемелерде ұсталатын адамдарға медициналық көмек көрсетуді ұйымдастырады;

5-3) сотталғандарға медициналық көмек көрсету үшін қылмыстық-атқару жүйесінде медициналық ұйымдарды (соматикалық, психиатриялық және туберкулезге қарсы ауруханалар (бөлімшелер), амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін ұйымдар) ұйымдастырады;

б) пробация қызметінің есебінде тұрған мүмкіндіктері шектеулі кәмелетке толмағандарды ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің келісімімен психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияларға жіберуді қамтамасыз етеді;

7) мекемелерден босатылған, сондай-ақ пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек және өзге де көмек көрсету саласындағы өзге де өкілеттіктерді орындайды;

8) жергілікті мемлекеттік басқару мүдделерінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2. Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өздеріне қатысты пробация қолданылатын адамдарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетуді қамтамасыз етеді.

Ескерту. 18-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 03.07.2017 № 84-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.12.2021 № 95-VII (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңдарымен.

5-тарау. ПРОБАЦИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

19-бап. Пробациялық бақылау

1. Пробациялық бақылау:

- 1) бас бостандығын шектеу түріндегі жазаға сотталған;
- 2) шартты түрде сотталған;
- 3) бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдарға қатысты жүзеге асырылады.

2. Пробациялық бақылаудың ұзақтығы сот үкімімен немесе қаулысымен айқындалады.

20-бап. Кәмелетке толмағандарға қатысты пробацациялық бақылауды жүзеге асыру ерекшеліктері

1. Пробацация қызметі:

1) бас бостандығын шектеу түріндегі жазаға сотталған;

2) шартты түрде сотталған кәмелетке толмаған адамға қатысты пробацациялық бақылауды жүзеге асырады.

Полиция:

1) бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған;

2) өзіне сот тәрбиелік ықпал етудің мәжбүрлеу шарасын тағайындаған кәмелетке толмаған адамға қатысты пробацациялық бақылауды жүзеге асырады.

2. Кәмелетке толмаған адамды пробацация қызметінің немесе полицияның есебіне қою ата-анасының немесе өзге де заңды өкілдерінің, ал қажет болған кезде – педагогтің немесе психологтің қатысуымен жүзеге асырылады.

3. Пробацация қызметі осы баптың екінші бөлігінде көрсетілген шаралармен қатар, кәмелетке толмағандарға қатысты:

1) іздестірудегі кәмелетке толмаған адам ұстап алынған кезде сұрақ қою және жазаларын өтеуден жалтаруға ықпал еткен себептер мен жағдайларды анықтау үшін ата-аналарын немесе өзге де заңды өкілдерін дереу шақыртады;

2) қорғаншылық және қамқоршылық органының өкілдерімен бірлесіп, тоқсан сайын кәмелетке толмағандардың тұрғын үй жағдайларын зерттеп-қарауды акт жасай отырып, жүргізеді.

Ескерту. 20-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 30.12.2016 № 39-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.12.2021 № 95-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

21-бап. Пробацациялық бақылау шарттары

1. Өзіне қатысты пробацациялық бақылау белгіленген адам:

1) соттың үкімі немесе қаулысы заңды күшіне енген күннен бастап он тәулік ішінде, ал мекемелерден босатылған адамдар босатылған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде өзінің мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органға есепке қою үшін келуге;

2) жазаны өтеудің осы Кодексте белгіленген шарттары мен тәртібін және қылмыстық-құқықтық ықпал етудің өзге де шараларын сақтауға;

3) өзінің мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органға мінез-құлқы туралы есеп беру және профилактикалық әңгімелесуге қатысу үшін келіп тұруға;

4) өзінің мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органға тұрақты тұрғылықты жерінің, жұмысының немесе оқуының өзгеруі туралы жазбаша хабар беруге міндетті.

2. Сотталған адамның мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган жазалаудың және қылмыстық-құқықтық ықпал етудің өзге де шараларының мақсаттарына қол жеткізу үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасайды.

Ескерту. 21-бап жаңа редакцияда – ҚР 30.12.2021 № 95-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

22-бап. Пробация қызметінің өкілеттіктері

Пробация қызметі:

1) өздеріне қатысты пробациялық бақылау белгіленген адамдарды есепке алуды жүргізеді;

2) сот жүктеген міндеттерді орындау және оларды орындамағаны үшін жауаптылыққа тарту тәртібін түсіндіреді;

3) пробациялық бақылауды жүзеге асыру және тоқтату және пробациялық бақылау тәртібін бұзғаны үшін жауаптылыққа тарту тәртібі мен шарттарын түсіндіреді;

4) әлеуметтік-құқықтық көмек алу тәртібін түсіндіреді;

5) адамның тұрғылықты жерін, оның денсаулық жағдайын, білім деңгейін және еңбекпен қамтылуын анықтайды;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Ескерту. 22-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 30.12.2016 № 39-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.12.2021 № 95-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

23-бап. Пробациялық бақылау шарттарын сақтамау салдарлары

Адам пробациялық бақылау шарттарын сақтамаған жағдайда, пробация қызметі осы Кодекстің 68-бабының екінші бөлігіне, 176-бабының екінші бөлігіне сәйкес материалдарды сотқа жібереді.

Ескерту. 23-бап жаңа редакцияда – ҚР 30.12.2021 № 95-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

2-БӨЛІМ. ЖАЗАЛАРДЫ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЫҚПАЛ ЕТУ ШАРАЛАРЫН ОРЫНДАЙТЫН МЕКЕМЕЛЕР МЕН ОРГАНДАР. ОЛАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІН БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ҚАДАҒАЛАУ

6-тарау. ЖАЗАЛАРДЫ ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЫҚПАЛ ЕТУ

ШАРАЛАРЫН ОРЫНДАЙТЫН МЕКЕМЕЛЕР МЕН ОРГАНДАР. СОТТАЛҒАНДАРҒА МЕДИЦИНАЛЫҚ СИПАТТАҒЫ МӘЖБҮРЛЕУ ШАРАЛАРЫН ҚОЛДАНУ

24-бап. Жазаларды және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын орындайтын мекемелер мен органдар

1. Айыппұл, сондай-ақ мүлікті тәркілеу түріндегі жазаларды мүліктің тұрған жері бойынша және сотталған адамның жұмыс орны бойынша әділет органдары орындайды.

2. Белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі жазаны орындауды сотталған адамның тұрғылықты жеріндегі пробация қызметі не бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны орындау кезінде мекеме жүзеге асырады.

Белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру туралы сот үкімін сотталған адамның жұмыс орны бойынша ұйым әкімшілігі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгілі бір қызметпен айналысуға берілген рұқсатты қайтарып алуға құқығы бар органдар орындайды.

3. Белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыру туралы сот үкімінің орындалуын уәкілетті мемлекеттік органдар бақылайды.

4. Қамаққа алу түріндегі жазаны ішкі істер органдары және әскери полиция органдары орындайды.

5. Шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тыс шығарып жіберу туралы жазаны Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік органдары мен ішкі істер органдары орындайды.

6. Арнаулы, әскери немесе құрметті атақтан, сыныптық шеннен, дипломатиялық дәрежеден, біліктілік сыныбынан айыру бөлігінде сот үкімін атақты, сыныптық шенді, дипломатиялық дәрежені, біліктілік сыныбын берген лауазымды адам орындайды. Мемлекеттік наградаларды оларға қоса берілген құжаттармен бірге алып қоюды олар тұратын жердегі пробация қызметі жүргізеді.

7. Түзеу жұмыстары, сондай-ақ қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаларды сотталған адамның тұрғылықты жеріндегі пробация қызметі орындайды.

8. Алып тасталды – ҚР 29.12.2021 № 89-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

9. Бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны мекемелер, сондай-ақ шаруашылық қызмет көрсету бойынша жұмыстарды орындау үшін қалдырылған немесе жіберілген сотталғандарға қатысты тергеу изоляторлары орындайды.

10. Жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдардың мінез-құлқын бақылауды олардың тұрғылықты жеріндегі ішкі істер органдары жүзеге асырады.

11. Шартты түрде сотталған және бас бостандығын шектеуге сотталған адамдар пробация қызметінің пробациялық бақылауында болады.

12. Жазасын орындау кейінге қалдырылған жүкті әйелдер мен жас балалары бар әйелдер, жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелейтін ерлер пробация қызметінің бақылауында болады.

12-1. Ауруына байланысты жазадан босатылған не жазаны өтеуді кейінге қалдыру қолданылған адамдар өзі босатылған не бекітіліп берілген қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің бақылауында болады.

13. Шартты түрде сотталған және бас бостандығын шектеуге сотталған кәмелетке толмағандар пробация қызметінің пробациялық бақылауында болады.

14. Пробация қызметтері мен полиция бөлімшелерінің пробация қызметтерінің есебінде тұрған адамдардың мінез-құлқына бақылау жасау жөніндегі өзара іс-қимылы қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескерту. 24-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 29.09.2014 № 239-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 29.12.2021 № 89-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 17.03.2023 № 212-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

25-бап. Жазаны өтеу орны туралы хабарлама

Жазаны орындайтын мекеменің немесе органның әкімшілігі сотталған адамның жазаны өтеу орнына келгені туралы сотталған адамның таңдауы бойынша оның жұбайына (зайыбына), туыстарының біріне не заңды өкіліне екі жұмыс күні ішінде жазбаша хабарлама жіберуге міндетті.

Шетелдіктің келгені туралы хабарлама көрсетілген мерзімде өзі азаматы болып табылатын мемлекеттің елшілігіне, консулдығына немесе өзге де өкілдігіне Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі арқылы жіберіледі.

Ескерту. 25-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 27.12.2019 № 292-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

26-бап. Сотталғандарға медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану

1. Бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазаларға сотталған, есінің дұрыстығын жоққа шығармайтын, психикалық, мінез-құлықтық, оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты бұзылушылықтары (аурулары) бар адамдарға Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне сәйкес медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары қолданылады.

2. Бас бостандығынан айыруға сотталған, психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтарынан (

ауруларынан) емделуге мұқтаж деп танылған адамдарға мекемелер сот үкімі бойынша медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолданады, оларды орындау мекемелерде орналасқан медициналық ұйымдарға жүктеледі.

Ескерту. 2-бөлікке өзгеріс енгізілді – ҚР 30.12.2021 № 95-VII Заңымен (мынадай: қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторларында ұсталатын адамдарға қатысты – 2022 жылғы 1 шілдеден бастап;

қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде ұсталатын адамдарға қатысты 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі).

3. Егер бас бостандығынан айыруды өтеу кезінде сотталған адамның осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген аурулардан зардап шегетіні анықталса, мекеме әкімшілігі сотқа оған медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы ұсыну жібереді.

4. Бас бостандығынан айыруға сотталған, емделудің толық курсынан өтпеген туберкулезбен немесе инфекциялық аурумен ауыратын адамдарға мекемелерде орналасқан медициналық ұйымдар медициналық комиссияның шешімі бойынша міндетті ем қолданады.

Ескерту. 4-бөлікке өзгеріс енгізілді – ҚР 30.12.2021 № 95-VII Заңымен (мынадай: қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторларында ұсталатын адамдарға қатысты – 2022 жылғы 1 шілдеден бастап;

қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде ұсталатын адамдарға қатысты 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі).

5. Кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыс жасағаны үшін бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарға қатысты мекеме әкімшілігі оларда психикалық ауытқушылықтар мен сексуалдық зорлық-зомбылыққа бейімділіктің бар (жоқ) екендігі туралы мәселені шешу үшін жазаны өтеу мерзімі аяқталғанға дейін алты айдан кешіктірмей сот-психиатриялық сараптама тағайындау үшін сотқа материалдарды жібереді. Осы бөліктің ережелері сотталған адамдардың есінің дұрыстығын жоққа шығармайтын психикасының бұзылуының анықталуына байланысты соттың шешімі бойынша медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары қолданылатын сотталғандарға қолданылмайды.

Мекеме әкімшілігі сот-психиатриялық сараптама нәтижесі бойынша медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын тағайындау, ұзарту, өзгерту немесе тоқтату туралы мәселелерді шешу үшін сотқа ұсыну жібереді.

Мекеме әкімшілігі соттың қаулысын алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оны сотталған адамның таңдаған тұрғылықты жері бойынша денсаулық сақтау ұйымына медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын орындау үшін жібереді.

Өзіне қатысты соттың шешімімен медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасы белгіленген, кәмелетке толмағандардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыс жасағаны үшін бас бостандығынан айыруға сотталған адамның мекемелерден

босатылғаны туралы хабарлама босатылғанға дейін бес жұмыс күні бұрын тұрғылықты жері бойынша денсаулық сақтау ұйымына және ішкі істер органына жіберіледі.

Ескерту. 26-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 18.04.2017 № 58-VI (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі); 07.07.2020 № 361-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.12.2021 № 95-VII (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Зандарымен.

7-тарау. ЖАЗАЛАРДЫ ОРЫНДАЙТЫН МЕКЕМЕЛЕР МЕН ОРГАНДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІН БАҚЫЛАУ

27-бап. Сот бақылауы

1. Сот жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату, жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түріне ауыстыру, сотталған адамның ауруына байланысты жазадан босату, жүкті әйелдердің және жас балалары бар әйелдердің, жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелейтін ерлердің жазасын өтеуін кейінге қалдыру, сондай-ақ мекеменің түрін өзгерту туралы мәселелерді шешу кезінде жазалардың орындалуын бақылайды.

2. Сот сотталғандар мен өзге де адамдардың жазаларды орындайтын мекемелер мен органдар әкімшілігінің әрекеттеріне немесе әрекетсіздігіне шағымдарын қарайды.

3. Жазаларды орындайтын мекемелер мен органдар екі жұмыс күні ішінде үкім шығарған сотқа сотталған адамның қоғамдық жұмыстарды, түзеу жұмыстарын, бас бостандығын шектеуді, қамаққа алуды, бас бостандығынан айыруды өтеуінің басталғаны және орны туралы және белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру, арнаулы, әскери немесе құрметті атақтан, сыныптық шеннен, дипломатиялық дәрежеден, біліктілік сыныбынан және мемлекеттік наградалардан айыру, мүлкін тәркілеу түріндегі жазалардың орындалуы туралы хабарлама жібереді.

Ескерту. 27-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 29.12.2021 № 89-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

28-бап. Ведомстволық бақылау

Жазаларды орындайтын мекемелер мен органдардың қызметіне жоғары тұрған басқару органдары мен олардың лауазымды адамдары тарапынан ведомстволық бақылау жүзеге асырылады. Ведомстволық бақылауды жүзеге асыру тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады.

29-бап. Мемлекеттік бақылау және қадағалау

Жазаларды орындайтын мекемелер мен органдардың қызметін мемлекеттік бақылау және қадағалау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 29-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 29.10.2015 № 376-V Заңымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

30-бап. Жазаларды және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын орындау және өтеу заңдылығының сақталуын қадағалау

Жазаларды және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын орындау және өтеу заңдылығының сақталуын жоғары қадағалауды Қазақстан Республикасының прокуратура органдары жүзеге асырады.

Ескерту. 30-бап жаңа редакцияда - ҚР 11.07.2017 № 91-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

31-бап. Қоғамдық бақылау

1. Қоғамдық байқау комиссиялары және ұлттық алдын алу тетігі қызметі нысанындағы қоғамдық бақылау осы Кодекстің 8 және 9-тарауларына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Мыналар қоғамдық бақылау қағидаттары болып табылады:

1) адамның және азаматтың конституциялық құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін сақтау;

2) заңдылық;

3) объективтілік;

4) азаматтардың қатысу еріктілігі;

5) жазаны орындау жағдайларын ескере отырып, іс-шаралар мен нәтижелердің ашықтығы мен айқындылығы;

6) кезенділік пен жеделдік;

7) нәтижелерді жазбаша құжаттау міндеттілігі;

8) мемлекеттік билік органының қоғамдық бақылаудың нәтижелері бойынша жазбаша қорытынды ұсынуға ден қою міндеттілігі;

9) азаматтың қоғамдық бақылауды жүзеге асыруға қатысуына байланысты оны қудалауға тыйым салу.

3. Мыналар қоғамдық бақылаудың міндеттері болып табылады:

1) жазаларды және өзге де қылмыстық-құқықтық ықпал ету шараларын орындаудың және өтеудің нормативтік құқықтық актілері мен құқық қолдану практикасын жетілдіру кезінде қоғамдық мүдделерді ескеруге жәрдемдесу;

2) жазаны орындайтын мекемелер мен органдар қызметінің жұртшылық үшін айқындылық деңгейін арттыру;

3) сотталғандардың құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің қорғалу деңгейін арттыру;

4) сотталғандардың құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына ықпал ететін себептерді және жағдайларды жою жөнінде шаралар қолдану;

5) жазаны орындайтын мекемелер мен органдар, сондай-ақ олардың жоғары тұрған органдары қызметінің тиімділігін бағалауға қатысу.

32-бап. Мекемелерге бару

1. Мекемелерге арнайы рұқсатсыз:

1) Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары, сондай-ақ тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегіндегі облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдері;

2) Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры және оған бағынысты прокурорлар;

3) нақты істер бойынша іс жүргізу барысында судьялар;

4) қылмыстық-атқару жүйесінің жоғары тұрған органдарының қызметкерлері;

5) Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл және оның облыстағы, республикалық маңызы бар қаладағы және астанадағы өкілі;

6) осы Кодексте көзделген өкілеттіктерді жүзеге асыруына байланысты ұлттық алдын алу тетігінің қатысушылары;

7) Бала құқықтары жөніндегі уәкіл баруға құқылы.

2. Қоғамдық байқау комиссияларының мүшелері осы Кодексте көзделген өкілеттіктерді жүзеге асыруына байланысты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мекемелерге барады.

3. Бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің, діни бірлестіктердің дін қызметшілерінің және өзге де адамдардың мекемелерге осы мекемелер әкімшілігінің не олардың жоғары тұрған органдарының арнайы рұқсаты бойынша ғана баруға құқығы бар.

4. Күдіктілердің, айыпталушылардың және сотталғандардың қауіпсіздігі мен күзетін қамтамасыз ететін объектілерде кино-, фото- және бейнетүсіру жүргізу мекемелер әкімшілігінің рұқсатымен жүзеге асырылады. Бұл талап Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілге қолданылмайды.

5. Сотталғандарды кино-, фото- және бейнетүсіру, олармен сұхбат жүргізу, оның ішінде аудио-, бейнетехника құралдарын пайдалана отырып жүргізу олардың келісімімен жүзеге асырылады.

6. Мекемелерге бару қағидаларын қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті орган белгілейді.

Ескерту. 32-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 09.04.2016 № 501-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.12.2018 № 210-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.11.2022 № 157-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 17.03.2023 № 212-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

8-тарау. ҚОҒАМДЫҚ БАЙҚАУ КОМИССИЯСЫ

33-бап. Қоғамдық байқау комиссиясы қызметінің негіздері

1. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық байқау комиссиясы жазаны орындайтын мекемелер мен органдарда ұсталатын сотталғандар құқықтарының, бостандықтарының және заңды мүдделерінің қамтамасыз етілуіне, оларды ұстау жағдайлары, медициналық-санитариялық қамтамасыз ету, еңбегін, оқуын және бос уақытын ұйымдастыру бөлігінде қоғамдық мониторинг жүргізу үшін құрылады.

2. Қоғамдық байқау комиссиясы заңды тұлға болып табылмайды.

34-бап. Қоғамдық байқау комиссиясын құру тәртібі

1. Қоғамдық байқау комиссиясы азаматтардың немесе қоғамдық бірлестіктердің бастамасы бойынша құрылады.

Қоғамдық бірлестіктер облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әрбір қоғамдық байқау комиссиясына бір кандидаттан ұсынуға құқылы.

2. Облыс, республикалық маңызы бар қала, астана аумағында өз қызметін әкімшілік-аумақтық құрылым шегінде жүзеге асыратын бір қоғамдық байқау комиссиясы құрылады.

3. Қоғамдық байқау комиссиясы үштен тоғыз адамға дейінгі құрамда күнтізбелік екі жыл мерзімге құрылады.

Қоғамдық байқау комиссиясының жұмыс кезеңінде оның мүшелерінің ауыстырылуы жүргізілуі мүмкін, бұл отырыс хаттамасында тіркеледі.

4. Қоғамдық байқау комиссиясы жазаларды орындайтын мекемелер мен органдарға алты ай бойы бармаған жағдайда, оның қызметі тоқтатылды деп есептеледі.

5. Қоғамдық байқау комиссиясын оның мүшелерінен көпшілік дауыспен сайланатын, оның қызметіне басшылықты жүзеге асыратын төраға басқарады.

6. Жазаны орындайтын мекемелер мен органдардың жоғары тұрған органдарына қоғамдық байқау комиссиясының дербес құрамы бекітілетін және оның төрағасы сайланатын өзінің бірінші отырысының хаттамасын беру қоғамдық байқау комиссиясы қызметінің басталуы болып табылады.

7. Қоғамдық байқау комиссиясы мүшесінің өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, оның төрағасы он күн ішінде тиісті құжаттарды беру мерзімдері мен тәртібін көрсете отырып, бос орынға конкурс туралы жариялайды.

35-бап. Қоғамдық байқау комиссиясының мүшелеріне қойылатын талаптар

1. Қазақстан Республикасының жиырма бір жасқа толған азаматы қоғамдық байқау комиссиясының мүшесі бола алады.

2. Мыналар:

- 1) заңда белгіленген тәртіппен жойылмаған немесе алынбаған сотталғандығы бар;
- 2) қылмыстық құқық бұзушылықтар жасады деген күдікті немесе айыпталушы;
- 3) сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп таныған;

4) судьялар, адвокаттар, мемлекеттік қызметшілер мен әскери қызметшілер, сондай-ақ құқық қорғау органдарының және арнаулы мемлекеттік органдардың жұмыскерлері;

5) психиатрда және (немесе) наркологта есепте тұрған адамдар қоғамдық байқау комиссиясының мүшелері бола алмайды.

3. Қасақана қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 3), 4), 9) – 12) тармақтары және 36-бабы негізінде қылмыстық жауаптылықтан босатылған, теріс себептер бойынша мемлекеттік немесе әскери қызметтен, құқық қорғау органдары мен арнаулы мемлекеттік органдардан, соттардан босатылған немесе адвокаттар алқасынан шығарылған, адвокаттық қызметпен айналысуға берілген лицензиядан айырылған адамдар да қоғамдық байқау комиссиясының мүшелері бола алмайды.

4. Нақ бір адам бір мезгілде бірнеше қоғамдық байқау комиссиясының мүшесі бола алмайды.

Ескерту. 35-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 07.11.2014 № 248-V Заңымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).

36-бап. Қоғамдық байқау комиссиясы мүшесінің құқықтары мен міндеттері

1. Қоғамдық байқау комиссиясының мүшесі:

1) осы Кодексте белгіленген тәртіппен, құрылған топ құрамында жазаларды орындайтын мекемелер мен органдарға баруға;

2) жазаларды орындайтын мекемелер мен органдардың лауазымды адамдарымен кездесуге, олардан қоғамдық байқау комиссиясының қызметіне қатысты мәселелер бойынша ақпарат алуға;

3) осы Кодекстің 38-бабы үшінші бөлігінің ережелерін ескере отырып, жазаларды орындайтын мекемелер мен органдарда ұсталатын сотталғандармен куәларсыз, жеке немесе қажет болған кезде аудармашы арқылы әңгімелесуді жүргізуге, олардың құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің бұзылу мәселелері бойынша өтініштер қабылдауға;

4) сотталған адамның жазбаша келісімімен оның өтініш жасауына байланысты материалдармен танысуға;

5) жазаларды орындайтын мекемелер мен органдарда ұсталатын сотталғандардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуге байланысты мәселелер бойынша олардың әкімшілігіне, жоғары тұрған органдарға, прокуратура органдарына өтініш жасауға;

6) қоғамдық байқау комиссиясы қызметінің аясына жататын мәселелерді қарау кезінде сот отырыстарына қатысуға;

7) жазаны орындайтын мекеменің немесе органның әкімшілігіне өз қызметінің нәтижелері туралы жазбаша нысанда хабар беруге құқылы. Жазаны орындайтын мекеме немесе орган анықталған кемшіліктерді жоймаған жағдайда, бұл жөнінде

олардың жоғары тұрған органдарына және (немесе) прокуратура органдарына хабар беруге;

8) прокуратура органдарымен келісу бойынша олар жазаны орындайтын мекемелер мен органдардың қызметіне жүргізетін тексерулерге қатысуға құқылы.

2. Қоғамдық байқау комиссиясының мүшелері өз өкілеттіктерін орындау кезінде жазаны орындайтын мекемелер мен органдардың қызметін қамтамасыз ететін нормативтік құқықтық актілердің талаптарын сақтауға, олардың әкімшілігінің заңды талаптарына бағынуға міндетті.

3. Жазаны орындайтын мекемеге не органға бару жөніндегі топқа кіретін қоғамдық байқау комиссиясы мүшесінің бейтараптығына күмән туғызатын мән-жайлар болған кезде, ол оған қатысудан бас тартуға міндетті.

37-бап. Қоғамдық байқау комиссиясы мүшесінің өкілеттіктерін тоқтату

1. Қоғамдық байқау комиссиясы мүшесінің өкілеттіктері оның жұмыс істеу мерзімі өткеннен кейін, сондай-ақ:

- 1) өз өкілеттіктерін доғару туралы жазбаша өтініш берілген;
- 2) ол қайтыс болған не оны қайтыс болды деп жариялау туралы сот шешімі заңды күшіне енген;
- 3) оның кандидатурасын ұсынған қоғамдық бірлестік таратылған;
- 4) оның кандидатурасын ұсынған қоғамдық бірлестік кері шақырып алған;
- 5) осы Кодекстің ережелері бұзылған;
- 6) Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге тұрақты тұруға кеткен;
- 7) Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтқан;
- 8) соттың айыптау үкімі заңды күшіне енген;
- 9) қоғамдық байқау комиссиясының жұмысына үш ай бойы қатыспаған;
- 10) заңда көзделген өзге де жағдайлар басталған кезде тоқтатылады.

2. Комиссия төрағасы жазаны орындайтын мекемелер мен органдардың жоғары тұрған аумақтық органына үш жұмыс күні ішінде қоғамдық байқау комиссиясы мүшесінің өкілеттіктері тоқтатылғаны туралы хабар береді.

38-бап. Қоғамдық байқау комиссиясы қызметінің нысандары

1. Мыналар қоғамдық байқау комиссиясы қызметінің нысандары болып табылады:

- 1) жазаны орындайтын мекемелер мен органдарға бару;
- 2) жазаны орындайтын мекемелер мен органдарда ұсталатын сотталғандармен оларды ұстау жағдайларына шағымдары бойынша кездесулер;
- 3) мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарына олардың құзыретіне кіретін мәселелер бойынша өтініштер жіберу;
- 4) жазаны орындайтын мекемелер мен органдарда ұсталатын сотталғандардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғауға сенімхат бойынша сотқа шағымдар мен талап арыздарын дайындау және жіберу, сотта сөз сөйлеу;

5) жазаны орындайтын мекемелер мен органдарда ұсталатын сотталғандарға сауалнама жүргізу, пікір сұрау және олармен сұхбат жүргізу;

6) қылмыстық-атқару жүйесінің уәкілетті органымен келісу бойынша жобалар мен бағдарламаларды іске асыру;

7) жазаны орындайтын мекемелер мен органдарда ұсталатын сотталғандар құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің қамтамасыз етілуіне, оларды ұстау жағдайлары, медициналық-санитариялық қамтамасыз ету, еңбегін, оқуын және бос уақытын ұйымдастыру бөлігіндегі қоғамдық мониторингтің нәтижелері туралы жұртшылыққа хабар беру.

2. Қоғамдық байқау комиссиясының жазаны орындайтын мекемелер мен органдарға баруын құрамында кемінде екі мүшесі бар топтар жүзеге асырады.

Қоғамдық байқау комиссиясы кемінде бір тәулік бұрын жазаны орындайтын мекеменің немесе органның бастығын жоспарланып отырған бару туралы хабардар етуге міндетті.

3. Қоғамдық байқау комиссиясы мүшелерінің жазаны орындайтын мекемеге және органға барған кездегі қауіпсіздігін қамтамасыз ету олардың әкімшілігіне жүктеледі.

Қоғамдық байқау комиссиясы мүшесінің сотталған адаммен оңаша әңгімелескен кезде өзінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуден бас тартуы жазбаша ресімделеді.

4. Қоғамдық байқау комиссиясының мүшелері барған кезде адамның жеке өмірі туралы өздеріне мәлім болған мәліметтерді оның келісімінсіз жария етуге құқылы емес.

Көрсетілген талапты бұзу заңда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

5. Жазаны орындайтын мекемелер мен органдардың қызметіне қоғамдық байқау комиссиясы мүшелерінің араласуына жол берілмейді.

6. Жазаны орындайтын мекемеде немесе органда ерекше жағдайлар режимі енгізілген кезеңде қоғамдық байқау комиссиясының оларға бару жөніндегі өкілеттіктері тоқтатыла тұрады.

9-тарау. ҰЛТТЫҚ АЛДЫН АЛУ ТЕТІГІ

Ескерту. 9-тараудағы "Адам құқықтары жөніндегі уәкіл", "Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің", "Адам құқықтары жөніндегі уәкілді", "Адам құқықтары жөніндегі уәкілмен", "Адам құқықтары жөніндегі уәкілге" деген сөздер тиісінше "Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл", "Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің", "Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілді", "Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілмен", "Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілге" деген сөздермен ауыстырылды – ҚР 05.11.2022 № 157-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

39-бап. Ұлттық алдын алу тетігі

1. Ұлттық алдын алу тетігі ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының қызметі арқылы жұмыс істейтін, азаптаудың және қатыгездік, адамшылыққа жатпайтын немесе қадір-қасиетті қорлайтын басқа да қарекеттер мен жазалау түрлерінің алдын алу жүйесі түрінде қолданылады.

2. Ұлттық алдын алу тетігінің қатысушылары өз қызметі шеңберінде жазаны орындайтын мекемелер мен органдарға барады.

3. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл, сондай-ақ Үйлестіру кеңесі іріктейтін, азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін қорғау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын қоғамдық байқау комиссияларының және қоғамдық бірлестіктердің мүшелері, заңгерлер, әлеуметтік қызметкерлер, дәрігерлер ұлттық алдын алу тетігінің қатысушылары болып табылады.

4. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының қызметін үйлестіреді, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының қажетті әлеуеті мен кәсіптік білімін қамтамасыз ету үшін шаралар қолданады.

5. Ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының алдын ала бару жөніндегі шығыстарын өтеу Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен бюджет қаражатынан жүзеге асырылады.

40-бап. Үйлестіру кеңесі

1. Ұлттық алдын алу тетігінің қызметін тиімді үйлестіруді қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің жанынан Үйлестіру кеңесі құрылады.

Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілді қоспағанда, Үйлестіру кеңесінің мүшелерін Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл құратын комиссия Қазақстан Республикасының азаматтары қатарынан сайлайды.

2. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл:

1) Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің жанындағы Үйлестіру кеңесі туралы ережені;

2) ұлттық алдын алу тетігінің қатысушыларын іріктеу тәртібін;

3) алдын ала бару үшін ұлттық алдын алу тетігінің қатысушыларынан топтар құру тәртібін;

4) алдын ала бару жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды;

5) алдын ала бару қорытындылары бойынша жыл сайынғы жинақталған баяндаманы дайындау тәртібін бекітеді.

3. Үйлестіру кеңесі Біріккен Ұлттар Ұйымы Азаптауға қарсы комитетінің азаптаудың және басқа да қатыгездік, адамшылыққа жатпайтын немесе қадір-қасиетті қорлайтын қарекеттер мен жазалау түрлерінің алдын алу жөніндегі кіші комитетімен өзара іс-қимыл жасайды.

41-бап. Ұлттық алдын алу тетігінің қатысушыларына қойылатын талаптар

1. Мыналар:

- 1) заңда белгіленген тәртіппен жойылмаған немесе алынбаған сотталғандығы бар;
- 2) қылмыстық құқық бұзушылықтар жасады деген күдікті немесе айыпталушы;
- 3) сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп таныған;
- 4) судьялар, адвокаттар, мемлекеттік қызметшілер мен әскери қызметшілер, сондай-ақ құқық қорғау органдары мен арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері;
- 5) психиатрда және (немесе) наркологта есепте тұрған адамдар ұлттық алдын алу тетігінің қатысушылары бола алмайды.

2. Қасақана қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 3), 4), 9) – 12) тармақтары және 36-бабы негізінде қылмыстық жауаптылықтан босатылған, теріс себептер бойынша мемлекеттік немесе әскери қызметтен, құқық қорғау органдары мен арнаулы мемлекеттік органдардан, соттардан босатылған немесе адвокаттар алқасынан шығарылған, адвокаттық қызметпен айналысуға берілген лицензиядан айырылған адамдар да ұлттық алдын алу тетігінің қатысушылары бола алмайды.

Ескерту. 41-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 07.11.2014 № 248-V Заңымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).

42-бап. Ұлттық алдын алу тетігі қатысушысының құқықтары

1. Ұлттық алдын алу тетігінің қатысушысы:

- 1) алдын ала баруға жататын, жазаны орындайтын мекемелер мен органдарда ұсталатын сотталғандардың саны, осындай мекемелердің саны және олардың орналасқан жері туралы ақпарат алуға;
- 2) алдын ала баруға жататын, жазаны орындайтын мекемелер мен органдарда ұсталатын сотталғандармен қарым-қатынас жасауға, сондай-ақ оларды ұстау жағдайларына қатысты ақпаратқа қол жеткізе алуға;
- 3) құрылған топтардың құрамында белгіленген тәртіппен алдын ала баруды жүзеге асыруға;
- 4) алдын ала болуға жататын, жазаны орындайтын мекемелер мен органдарда ұсталатын сотталғандармен және (немесе) олардың заңды өкілдерімен куәларсыз, жеке немесе қажет болған кезде аудармашы арқылы, сондай-ақ ұлттық алдын алу тетігі қатысушысының пікірі бойынша тиісті ақпарат бере алатын кез келген басқа адаммен әңгімелесу жүргізуге;
- 5) алдын ала баруға жататын, жазаны орындайтын мекемелер мен органдарды кедергісіз таңдауға және соларға баруға;
- 6) азаптаудың және қатыгездік, адамшылыққа жатпайтын немесе қадір-қасиетті қорлайтын басқа да қарекеттер мен жазалау түрлерінің қолданылғаны туралы хабарлар мен шағымдарды қабылдауға құқылы.

2. Ұлттық алдын алу тетігінің қатысушысы заңды қызметін жүзеге асыру кезінде тәуелсіз болып табылады.

43-бап. Ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының міндеттері

1. Ұлттық алдын алу тетігінің қатысушылары өз өкілеттіктерін орындау кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауға міндетті.

2. Ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының алдын ала баруға жататын, жазаны орындайтын мекемелер мен органдардың қызметіне араласуына жол берілмейді.

3. Алдын ала бару жөніндегі топқа кіретін ұлттық алдын алу тетігі қатысушысының бейтараптығына күмән туғызатын мән-жайлар болған кезде, ол алдын ала баруға қатысудан бас тартуға міндетті.

4. Ұлттық алдын алу тетігінің қатысушылары азаптаудың және қатыгездік, адамшылыққа жатпайтын немесе қадір-қасиетті қорлайтын басқа да қарекеттер мен жазалау түрлерінің қолданылғаны туралы қабылданатын хабарлар мен шағымдарды Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл айқындайтын тәртіппен тіркеуге міндетті.

Қабылданған хабарлар мен шағымдар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің қарауына беріледі.

Қабылданған және берілген хабарлар мен шағымдар туралы ақпарат алдын ала бару нәтижелері жөніндегі есепке енгізіледі.

5. Осы Кодекстің ережелерін бұзған ұлттық алдын алу тетігінің қатысушылары заңда белгіленген жауаптылықта болады.

44-бап. Ұлттық алдын алу тетігі қатысушысының өкілеттіктерін тоқтату

Ұлттық алдын алу тетігі қатысушысының өкілеттіктері:

- 1) осы Кодекстің ережелері бұзылған;
- 2) өз өкілеттіктерін доғару туралы жазбаша өтініш берілген;
- 3) ол қайтыс болған не оны қайтыс болды деп жариялау туралы сот шешімі заңды күшіне енген;
- 4) Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге тұрақты тұруға кеткен;
- 5) Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтқан;
- 6) соттың айыптау үкімі заңды күшіне енген;
- 7) заңда көзделген өзге де жағдайлар басталған кезде тоқтатылады.

45-бап. Алдын ала барудың түрлері мен кезеңділігі

1. Ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының алдын ала баруы былайша бөлінеді:

- 1) төрт жылда кемінде бір рет тұрақты негізде жүргізілетін кезеңдік алдын ала бару;
- 2) алдыңғы кезеңдік алдын ала бару нәтижелері бойынша ұсынымдардың іске асырылуына мониторинг жүргізу, сондай-ақ алдын ала баруға жататын, жазаны орындайтын мекемелер мен органдардың әкімшіліктері тарапынан ұлттық алдын алу тетігінің қатысушылары әңгімелесу жүргізген сотталғандарды қудалаудың алдын алу

мақсатында, кезеңдік алдын ала бару аралығындағы кезеңде жүргізілетін аралық алдын ала бару;

3) азаптаудың және қатыгездік, адамшылыққа жатпайтын немесе қадір-қасиетті қорлайтын басқа да қарекеттер мен жазалау түрлерінің қолданылғаны туралы келіп түскен хабарлардың негізінде жүргізілетін арнаулы алдын ала бару.

2. Үйлестіру кеңесі бөлінген бюджет қаражаты шегінде алдын ала бару мерзімдері мен алдын ала баруға жататын мекемелердің тізбесін айқындайды.

46-бап. Алдын ала бару тәртібі

1. Алдын ала баруды Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілмен келісу бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен қағидаларға сәйкес Үйлестіру кеңесі ұлттық алдын алу тетігінің қатысушыларынан құратын топтар жүргізеді.

2. Ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының ешқайсысын алдын ала бару үшін топтарды құру кезінде тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге де мән-жайлар бойынша қандай да бір кемсітушілікке ұшыратуға болмайды.

3. Ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету алдын ала баруға жататын, жазаны орындайтын мекемелер мен органдардың әкімшілігіне жүктеледі. Ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының құқыққа сыйымсыз әрекеттері орын алған жағдайда, алдын ала баруға жататын, жазаны орындайтын мекемелер мен органдар әкімшілігінің басшысы Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілге жазбаша хабар береді.

4. Әрбір алдын ала барудың нәтижелері бойынша топтың атынан Үйлестіру кеңесі бекіткен нысан бойынша жазбаша есеп жасалады, оған алдын ала баруды жүзеге асырған топтың барлық мүшелері қол қояды. Ерекше пікірі бар топ мүшесі оны жазбаша түрде ресімдейді және есепке қоса береді.

47-бап. Ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының жыл сайынғы жинақталған баяндамасы

1. Үйлестіру кеңесі ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының жыл сайынғы жинақталған баяндамасын олардың алдын ала бару нәтижелері бойынша есептерін ескере отырып дайындайды.

2. Ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының жыл сайынғы жинақталған баяндамасына:

1) уәкілетті мемлекеттік органдарға алдын ала баруға жататын, жазаны орындайтын мекемелер мен органдарда ұсталатын сотталғандармен қарым-қатынас жағдайларын жақсартудың және азаптау мен қатыгездік, адамшылыққа жатпайтын немесе қадір-қасиетті қорлайтын басқа да қарекеттер мен жазалау түрлерінің алдын алу жөнінде ұсынымдар;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру жөніндегі ұсыныстар да енгізіледі.

Ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының жыл сайынғы жинақталған баяндамасына өткен жылғы алдын ала бару жөніндегі қаржылық есеп қоса беріледі.

3. Ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының жыл сайынғы жинақталған баяндамасы қарау үшін уәкілетті мемлекеттік органдарға жіберіледі және оны Үйлестіру кеңесі бекіткен күннен бастап бір айдан кешіктірілмейтін мерзімде Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің интернет-ресурсында орналастырылады.

48-бап. Құпиялылық

Ұлттық алдын алу тетігінің қатысушылары алдын ала бару барысында өздеріне мәлім болған сотталған адамның жеке өмірі туралы мәліметтерді оның келісімінсіз жариялауға құқылы емес.

Көрсетілген талапты бұзу заңда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

49-бап. Уәкілетті мемлекеттік органдардың ұлттық алдын алу тетігінің қатысушыларымен өзара іс-қимылы

1. Мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды адамдары ұлттық алдын алу тетігінің қатысушыларына олардың заңды қызметін жүзеге асыруына жәрдем көрсетеді

Бірде-бір мемлекеттік орган немесе лауазымды адам азаптау мен қатыгездік, адамшылыққа жатпайтын немесе қадір-қасиетті қорлайтын басқа да қарекеттер мен жазалау түрлерінің қолданылу фактілері туралы ұлттық алдын алу тетігінің қатысушыларына хабарлағаны үшін азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін шектеуге құқылы емес.

Ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының заңды қызметіне кедергі келтіретін лауазымды адамдар заңда белгіленген жауаптылықта болады.

2. Уәкілетті мемлекеттік органдар ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының жыл сайынғы жинақталған баяндамасын алған күннен бастап үш ай ішінде Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілге алынған баяндамаларды қарау нәтижелері бойынша қолданылған шаралар туралы жазбаша нысанда хабар береді.

3. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының алдын ала бару нәтижелері бойынша есептері негізінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен уәкілетті мемлекеттік органдарға немесе лауазымды адамдарға адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын бұзған лауазымды адамға қатысты тәртіптік немесе әкімшілік іс жүргізуді қозғау не сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастау туралы өтінішхатпен жүгінуге құқығы бар.

Ескерту. 49-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 07.11.2014 № 248-V Заңымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).

ЕРЕКШЕ БӨЛК

3-БӨЛІМ. СОТТАЛҒАН АДАМДЫ ҚОҒАМНАН ОҚШАУЛАУМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ЕМЕС

ЖАЗАЛАРДЫ ОРЫНДАУ

10-тарау. АЙЫППҰЛ ТҮРІНДЕГІ ЖАЗАНЫ ОРЫНДАУ

50-бап. Айыппұл түріндегі жазаны орындау тәртібі мен шарттары

1. Сотталған адам айыппұлды үкімде белгіленген мерзім ішінде төлейді. Айыппұл төлеу мерзімі үкім заңды күшіне енген кезден бастап есептеледі және оған сот кейінге қалдыруды берген уақыт қосылмайды. Егер үкім бойынша сотталған адам айыппұлды бір айдан аса мерзім ішінде төлеуге міндетті болса, айыппұл ай сайын тең үлестермен төленеді.

2. Сотталған адам мүліктік жағдайы нашарлаған жағдайда, айыппұлды кейінге қалдыруды беру туралы сот алдында өтініш жасауға құқылы.

Ескерту. 50-бап жаңа редакцияда – ҚР 12.07.2018 № 180-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

51-бап. Сотталған адамның айыппұл түріндегі жазаны орындау тәртібі мен шарттарын бұзғаны үшін жауаптылығы

Егер сотталған адам айыппұлды сот белгілеген мерзімде төлемеген немесе толық төлемеген жағдайда, жазаны орындайтын орган (сот орындаушысы) айыппұлды мәжбүрлеп орындату жөнінде шаралар қабылдайды. Айыппұлды толық өндіріп алу үшін сотталған адамның кірістері немесе мүлкі жеткіліксіз болған не сотталған адамның өз кірістерін немесе мүлкін мәжбүрлеп өндіріп алудан жасыру фактісі анықталған жағдайларда, жазаны орындайтын орган (сот орындаушысы) Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне сәйкес айыппұлды жазаның басқа түрімен ауыстыру туралы сотқа ұсыну жібереді.

Ескерту. 51-бап жаңа редакцияда – ҚР 12.07.2018 № 180-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

11-тарау. ТҮЗЕУ ЖҰМЫСТАРЫ ТҮРІНДЕГІ ЖАЗАНЫ ОРЫНДАУ

52-бап. Түзеу жұмыстары түріндегі жазаны орындау тәртібі

1. Түзеу жұмыстары сот үкіміне сәйкес жаза мөлшерін толық өтегенге дейін Жәбірленушілерге өтемақы қорына жалақының (ақшалай үлестің) оннан елуге дейінгі пайызын ай сайын аударып, сотталған адамның негізгі жұмыс орны бойынша орындалады.

2. Түзеу жұмыстарына сотталғандар сот үкімнің көшірмесімен бірге соттың тиісті өкімі пробация қызметіне келіп түскен күннен бастап он бес күндік мерзімнен кешіктірілмей жазаны өтеуге тартылады.

3. Ұстап қалу негізгі жұмыс орны бойынша, сотталған адамға наразылықтардың бар-жоғына қарамастан, жалақы төлеу кезінде әрбір жұмыс істеген ай үшін атқарушылық құжаттар бойынша жалақысының барлық түрінен жүргізіледі.

4. Ұстап қалу сотталғандар жалақысының ақшалай және заттай бөлігінен жүзеге асырылады. Сотталғандардың жалақысынан ұстап қалынған заттай бөлік жұмыс берушінің иелігінде қалады, ал оның құнын ол ай сайын Жәбірленушілерге өтемақы қорына аударады.

5. Ұстап қалу әлеуметтік сақтандыру және әлеуметтік қамсыздандыру тәртібімен алынатын жәрдемақылардан, біржолғы сипаттағы төлемдерден жүргізілмейді.

6. Түзеу жұмыстарына сотталғандардың еңбекке уақытша жарамсыздығы бойынша жәрдемақылар сот үкімімен тағайындалған ұстап қалулар шегерілмей, жалақысынан есептеледі.

7. Сотталған адам, пробация қызметі немесе ол жұмыс істейтін ұйымның әкімшілігі оның материалдық жағдайы нашарлаған кезде сотқа жалақысынан ұстап қалудың мөлшерін төмендету туралы өтінішхат беруге құқылы. Ұстап қалудың мөлшерін төмендету туралы шешім сотталған адамның барлық кірісі ескеріле отырып шығарылады.

8. Жазасын өтеу кезеңінде сотталған адам жүкті болған кезде, пробация қызметі сотқа жүктілікке және босануға байланысты демалыс берілген күннен бастап оның жазаны өтеуін кейінге қалдыру туралы ұсыну енгізеді.

9. Сотталған адамға бірінші немесе екінші топтағы мүгедектік белгіленген кезде пробация қызметі сотқа оны жазасын одан әрі өтеуден босату туралы ұсыну енгізеді.

10. Істің тоқтатылуымен үкімнің күші жойылған немесе өзгерген жағдайларда, сотталған адамға жалақысынан ұстап қалынған сомалар толық немесе артық ұстап қалынған сомалар қайтарылады.

Ескерту. 52-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 10.01.2018 № 132-VI (01.07.2018 бастап қолданысқа енгізіледі); 27.12.2019 № 292-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 27.06.2022 № 129-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

53-бап. Түзеу жұмыстары түріндегі жазаны өтеу шарттары

1. Түзеу жұмыстарына сотталған адам:

1) осы Кодексте белгіленген жазаны өтеу тәртібі мен шарттарын сақтауға;

2) тоқсанына бір рет пробация қызметіне профилактикалық әңгімелесуге қатысу үшін келуге;

3) пробация қызметіне жұмыс орнының және (немесе) тұрғылықты жерінің өзгергені туралы жазбаша хабар беруге міндетті.

2. Сотталған адамның пробация қызметіне белгіленген мерзімде келмеуіне шақыртуды уақтылы алмауы, сондай-ақ ауыруы және оны шақырту бойынша уақтылы келу мүмкіндігінен айыратын, құжаттамамен расталған басқа да мән-жайлар дәлелді себептер деп танылады.

Ескерту. 53-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 27.12.2019 № 292-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

54-бап. Сотталған адамның түзеу жұмыстары түріндегі жазаны өтеу тәртібі мен шарттарын бұзғаны үшін жауаптылығы

1. Сотталған адамның түзеу жұмыстары түріндегі жазаны өтеу тәртібі мен шарттарын бұзғаны үшін пробация қызметі оны Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде көзделген жауаптылық туралы жазбаша түрде ескертеді.

2. Түзеу жұмыстары түріндегі жазаны өтеуден жалтарып жүрген не жұмысынан айырылған немесе еңбек шарты бұзылған күннен бастап үш ай бойы жұмысқа орналаспаған сотталған адамға қатысты пробация қызметі сотқа қылмыстық теріс қылық үшін тағайындалған жазаның орындалмаған бөлігін қоғамдық жұмыстарға тартумен не қамаққа алумен, ал қылмысы үшін тағайындалған жазаның орындалмаған бөлігін бас бостандығынан айырумен ауыстыру туралы ұсыну енгізеді.

3. Мынадай:

1) бір жыл бойы осы Кодекстің 53-бабының бірінші бөлігінде көрсетілген міндеттерді қайталап орындамаған;

2) жазаны өтеуден жалтару мақсатында жасырынған;

3) Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге кеткен сотталған адам түзеу жұмыстары түріндегі жазаны өтеуден жалтарып жүр деп танылады.

4. Пробация қызметіне тіркелу үшін келмеген күннен бастап он бес күннен астам тұрған жері анықталмаған сотталған адам жазаны өтеуден жасырынып жүр деп танылады.

55-бап. Пробация қызметінің түзеу жұмыстары түріндегі жазаны орындау кезіндегі өкілеттіктері

Пробация қызметі:

1) сотталғандарды есепке алуды жүргізеді;

2) сотталғандарға жазаны өтеу, сондай-ақ жазаның өтелуін бақылау тәртібі мен шарттарын түсіндіреді;

3) сотталғандардың жалақысынан ұстап қалудың дұрыстығы мен уақтылығын және ұстап қалынған сомалардың Жәбірленушілерге өтемақы қорына аударылуын бақылауды жүзеге асырады;

4) сотталған адаммен айына бір рет профилактикалық әңгімелесу жүргізеді;

5) қажет болған кезде сотталғандарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыспен қамту орталықтарына жібереді;

б) жазасын өтеуден жалтару мақсатында жасырынып жүрген сотталған адамға қатысты бастапқы іздестіру іс-шараларын жүзеге асырады және сотқа іздестіруді жариялау туралы ұсыну енгізеді.

Ескерту. 55-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 10.01.2018 № 132-VI Заңымен (01.07.2018 бастап қолданысқа енгізіледі).

56-бап. Түзеу жұмыстары түріндегі жазаны өтеу орнындағы ұйым әкімшілігінің міндеттері

1. Түзеу жұмыстары түріндегі жазаны өтеу орнындағы ұйым әкімшілігі:

1) сотталған адамның жалақысынан ұстап қалуды Жәбірленушілерге өтемақы қорына уақтылы аударуға, бұл жөнінде тоқсанына бір рет пробацация қызметіне растайтын құжаттарды ұсынуға;

2) үш жұмыс күні ішінде пробацация қызметін сотталған адамның жазасын өтеуден жалтаруы туралы хабардар етуге;

3) пробацация қызметін сотталған адамның басқа лауазымға ауысуы немесе жұмыстан шығарылуы туралы алдын ала хабардар етуге міндетті.

2. Түзеу жұмыстары түріндегі жазаны өтеу орнындағы ұйым әкімшілігінің осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген міндеттерді орындамауы заңда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

Ескерту. 56-бапқа өзгеріс енгізу көзделген - ҚР 10.01.2018 № 132-VI (01.07.2018 бастап қолданысқа енгізіледі). 27.12.2019 № 292-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

12-тарау. ҚОҒАМДЫҚ ЖҰМЫСТАРҒА ТАРТУ ТҮРІНДЕГІ ЖАЗАНЫ ОРЫНДАУ

57-бап. Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаны орындау тәртібі

1. Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жаза сотталған адамның жергілікті атқарушы органдар оның тұрғылықты жерінде орналасқан қоғамдық орындарда ұйымдастыратын, белгілі бір біліктілікті талап етпейтін, қоғамға пайдалы ақысыз жұмыстарды орындауынан тұрады.

2. Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жаза заңды күшіне енген сот үкімінің көшірмесімен бірге сот өкімі пробацация қызметіне келіп түскен күннен бастап он күндік мерзімнен кешіктірілмей орындалады.

Сотталғандардың қоғамдық жұмыстарды орындауын бақылауды сотталған адамның тұрғылықты жеріндегі пробацация қызметі жүзеге асырады.

3. Сотталған адамға негізгі жұмыс орны бойынша кезекті демалыс беру қоғамдық жұмыстарды орындауын тоқтата тұрмайды.

4. Жазасын өтеу кезеңінде сотталған адам жүкті болған кезде пробацация қызметі сотқа жүктілікке және босануға байланысты демалыс берілген күннен бастап оның жазаны өтеуін кейінге қалдыру туралы ұсыну енгізеді.

5. Сотталған адамға бірінші немесе екінші топтағы мүгедектік белгіленген кезде пробация қызметі сотқа оны жазасын одан әрі өтеуден босату туралы ұсыну енгізеді.

Ескерту. 57-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 27.06.2022 № 129-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

58-бап. Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жаза мерзімін есептеу

1. Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жаза мерзімі сағатпен есептеледі, сол уақыт ішінде сотталған адам қоғамдық жұмыстарды орындайды.

2. Қоғамдық жұмыстар сотталған адамды оларды орындау кезінде негізгі жұмыс орны бойынша еңбек міндеттерінен босата отырып не оқудан бос уақытта күніне төрт сағаттан аспайтын шамада орындалады.

3. Тұрақты жұмыс орны жоқ және оқу орындарында оқымайтын сотталғандар қоғамдық жұмыстарды күніне сегіз сағатқа дейін, бірақ аптасына қырық сағаттан аспайтын шамада орындайды.

59-бап. Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаны өтеу шарттары

Сотталған адам:

- 1) осы Кодексте белгіленген жазаны өтеу тәртібі мен шарттарын сақтауға;
- 2) жергілікті атқарушы органдар қоғамдық орындарда ұйымдастыратын жұмыстарды орындауға;
- 3) пробация қызметіне тұрғылықты жерінің өзгергені туралы хабарлап отыруға;
- 4) пробация қызметіне тіркелу және профилактикалық әңгімелесуге қатысу үшін айына бір рет келіп тұруға міндетті. Келмеуінің дәлелді жағдайлары осы Кодекстің 53-бабының екінші бөлігінде көрсетілген.

60-бап. Сотталған адамның қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаны өтеу тәртібі мен шарттарын бұзғаны үшін жауаптылығы

1. Сотталған адамның қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаны өтеу тәртібі мен шарттарын бұзғаны үшін пробация қызметі оны Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде көзделген жауаптылық туралы жазбаша түрде ескертеді.

2. Қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаны өтеуден жалтарып жүрген сотталған адамға қатысты пробация қызметі сотқа қылмыстық теріс қылық үшін тағайындалған жазаның орындалмаған бөлігін – қамаққа алумен, ал қылмыс үшін тағайындалған жазаның орындалмаған бөлігін бас бостандығын шектеумен не бас бостандығынан айырумен ауыстыру туралы ұсыну жібереді.

3. Мыналар:

- 1) қоғамдық жұмыстар түріндегі жазаны орындауға кірісуден бас тартқан не қоғамдық жұмыстарды орындауға кедергі келтіретін, құжаттамамен расталған ауыруы және басқа да себептер жататын дәлелді себептерсіз қоғамдық жұмыстарға бір ай ішінде екі реттен көп келмеген;

2) жазаны өтеу кезеңінде екі рет медициналық куәландырумен не мұндай мүмкіндік болмаған кезде – жұмыс берушінің комиссиялық актісімен расталған, алкогольдік, есірткілік немесе уытқұмарлық масаң күйде келген;

3) жазасын өтеуден жалтару мақсатында жасырынған;

4) Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге кеткен сотталған адам қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаны өтеуден жалтарып жүр деп танылады.

4. Пробация қызметіне тіркелу үшін келмеген күннен бастап он бес күннен астам тұрған жері анықталмаған сотталған адам жазаны өтеуден жасырынып жүр деп танылады.

Ескерту. 60-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 27.12.2019 № 292-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

61-бап. Пробация қызметінің қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаны орындау кезіндегі өкілеттіктері

Пробация қызметі:

1) сотталғандарды есепке алуды жүргізеді;

2) оларға жазаны өтеу, сондай-ақ жазаның өтелуін бақылау тәртібі мен шарттарын түсіндіреді;

3) жергілікті атқарушы органдар ұйымдастыратын қоғамдық жұмыстардың орындалуын бақылайды;

4) сотталған адаммен айына бір рет профилактикалық әңгімелесу жүргізеді;

5) жазасын өтеуден жалтару мақсатында жасырынып жүрген сотталған адамға қатысты бастапқы іздестіру іс-шараларын жүзеге асырады және сотқа іздестіруді жариялау туралы ұсыну енгізеді.

62-бап. Жергілікті атқарушы органдардың қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаны орындау кезіндегі өкілеттіктері

1. Жергілікті атқарушы органдар:

1) пробация қызметін сот үкімін алғаны және оны орындауға қабылдағаны туралы дереу хабардар етуге;

2) жұмыс істелген уақытты есепке алу табелін жүргізуге, орындалған жұмыстардың актісін жасауға және оларды ағымдағы айдың соңғы күнінен кешіктірмей пробация қызметіне жіберуге;

3) пробация қызметіне сотталған адамның мінез-құлқы туралы ақпарат беруге;

4) пробация қызметін сотталған адамның жазаны өтеуден жалтаруы туралы хабардар етуге міндетті.

2. Жергілікті атқарушы органдардың лауазымды адамдарының қоғамдық жұмыстарға тарту түріндегі жазаны орындау кезінде осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген міндеттерді орындамауы заңда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

13-тарау. БАС БОСТАНДЫҒЫН ШЕКТЕУ ТҮРІНДЕГІ ЖАЗАНЫ ОРЫНДАУ

63-бап. Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны орындау тәртібі

1. Бас бостандығын шектеуге сотталғандар жазасын тұрғылықты жері бойынша оларға пробациялық бақылауды жүзеге асыру жағдайларында өтейді.

2. Бас бостандығын шектеуге сотталғандарды мәжбүрлі еңбекке тартуды жергілікті атқарушы органдар осы Кодекстің 57 - 59-баптарына сәйкес ұйымдастырады.

3. Бас бостандығын шектеуге сотталғандар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шеңберде әлеуметтік-құқықтық көмек алу үшін жергілікті атқарушы органдарға, қоғамдық бірлестіктер мен өзге де ұйымдарға жүгінуге құқылы.

Ескерту. 63-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 30.12.2021 № 95-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

64-бап. Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеу мерзімін есептеу

Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеу мерзімі пробация қызметі заңды күшіне енген сот үкімін орындауға қабылдаған күннен бастап есептеледі.

65-бап. Бас бостандығын шектеуге сотталған адамды жазаны өтеу орнына жіберу

1. Бас бостандығынан айырудың өтелмеген бөлігі бас бостандығын шектеу түріндегі жазаға ауыстырылған сотталған адам күзеттен босатылады және жазаны өтеу орнына бюджет қаражаты есебінен өз бетінше барады.

Мекеме әкімшілігі сотталған адамға оны есепке қою үшін пробация қызметіне жету маршруты мен уақытын көрсете отырып, жазаны өтеу орнына баруы туралы нұсқаманы табыс етеді, сондай-ақ пробация қызметіне оған мінездеме беретін материалдар жібереді.

2. Сотталған адам жазаны өтеу орнына белгіленген мерзімде келмеген кезде, пробация қызметі бастапқы іздестіру іс-шараларын жүргізеді және, егер сотталған адамның жүрген жері анықталмаса, сотқа оған іздестіру жариялау туралы ұсыну енгізеді.

66-бап. Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеу шарттары

1. Бас бостандығын шектеу түріндегі жазасын өтеп жүрген сотталған адам:

- 1) сот жүктеген міндеттерді орындауға;
- 2) пробация қызметінің талаптарын орындауға;
- 3) пробация қызметінің ұсынуы бойынша сот айқындаған жерлерге бармауға;
- 4) пробация қызметін хабардар етпей тұрғылықты жерін, жұмыс, оқу орнын ауыстырмауға;
- 5) пробация қызметін хабардар етпей әкімшілік-аумақтық бірлік шегінен тыс жерге кетпеуге;
- 6) пробация қызметіне белгіленген күндері тіркелу және өзімен тәрбие жұмысын жүргізу үшін келіп тұруға міндетті. Келмеуінің дәлелді жағдайлары осы Кодекстің 53-бабының екінші бөлігінде көрсетілген;
- 7) жеке басын куәландыратын құжатты өзімен бірге алып жүруге міндетті.

2. Бас бостандығын шектеу түріндегі жазасын өтеп жүрген сотталғандар жазасын өтеу орны бойынша әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде орналасқан оқу орындарында білім алуға құқылы. Пробация қызметінің келісімімен сотталған адам оқу орны тұрған жердегі пробация қызметіне міндетті түрде есепке қойылып, әкімшілік-аумақтық бірлік шегінен тыс жерде орналасқан оқу орындарында білім алуға құқылы.

67-бап. Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеу тәртібі мен шарттарын бұзу

1. Мыналар:

- 1) осы Кодекстің 66-бабының бірінші бөлігінде көрсетілген міндеттерді орындамау;
- 2) электрондық бақылау құралдарын қасақана бұзу (бүлдіру);

3) жеке басы құқығына, кәмелетке толмағандардың құқығына, отбасылық-тұрмыстық қатынастарға, қоғамдық тәртіп пен имандылыққа қолсұғатын, сотталған адамға соларды жасағаны үшін әкімшілік жаза қолданылған әкімшілік құқық бұзушылықтар жасау бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеу тәртібі мен шарттарын бұзу болып табылады.

2. Мыналар:

1) осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген бұзушылықтарды бір жыл ішінде қайталап жасау;

2) Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге кету;

3) сотқа дейінгі іс жүргізу Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 65-бабының бірінші бөлігі, 68-бабының бірінші және үшінші бөліктері, 78-бабының екінші және төртінші бөліктері негізінде тоқтатылған жағдайда, сотталған адамның қылмыстық құқық бұзушылық, оның ішінде қайталап қылмыс жасауы;

4) заңды талаптарды орындаудан бас тарту, сол сияқты пробация қызметінің қызметкерін қорлау не оған қатысты күш қолдану қатерін төндіру;

5) пробациялық бақылаудан жасырыну;

6) осы Кодекстің 60-бабы үшінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген дәлелді себептерсіз мәжбүрлі еңбекті орындаудан жалтару бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеуді қаскөйлікпен бұзушылықтар болып табылады.

3. Тіркелу үшін пробация қызметіне келмеген күннен бастап он бес күннен астам тұрған жері анықталмаған сотталған адам пробациялық бақылаудан жасырынып жүр деп танылады.

Ескерту. 67-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 21.01.2019 № 217-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

68-бап. Сотталған адамның бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеу тәртібі мен шарттарын бұзғаны үшін жауаптылығы

1. Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеу тәртібі мен шарттарын бұзғаны үшін сотталған адамға бас бостандығын шектеуді бас бостандығынан айырумен ауыстыру туралы жазбаша ескерту түрінде жазалау қолданылады.

2. Жазаны өтеу тәртібін қаскөйлікпен бұзатын сотталған адамға қатысты пробация қызметі сотқа бас бостандығын шектеуді бас бостандығынан айырумен ауыстыру туралы мәселелерді шешу үшін материалдар ұсынады.

69-бап. Бас бостандығын шектеу түріндегі жазасын өтеп жүрген сотталғандарды пробациялық бақылау

1. Бас бостандығын шектеу түріндегі жазасын өтеп жүрген сотталған адамға пробациялық бақылауды оның тұратын жеріндегі пробация қызметі жүзеге асырады. Сотталған адамды тиісінше бақылауды қамтамасыз ету және оның тұрған жері туралы ақпарат алу үшін пробация қызметі тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын электрондық бақылау құралдарын пайдалануға құқылы.

2. Пробациялық бақылаудағы бас бостандығын шектеуге сотталған адамды есепке қою кезінде пробация қызметі:

1) сотталған адамның тұрғылықты жерін, оның денсаулық жағдайын, білім деңгейін және еңбекпен қамтылуын анықтайды;

2) сотталған адамға әлеуметтік-құқықтық көмек алу, оған қатысты пробациялық бақылауды жүзеге асыру және тоқтату тәртібін түсіндіреді, сондай-ақ тіркелу үшін оның пробация қызметіне келетін күндерін белгілейді;

3) сотталған адамға сот жүктеген міндеттер мен мәжбүрлі еңбекті орындау, оларды орындамағаны, сондай-ақ пробациялық бақылау шарттары мен тәртібін бұзғаны үшін жауаптылыққа тарту тәртібін түсіндіреді.

3. Сотталған адамға бірінші немесе екінші топтағы мүгедектік белгіленген кезде пробация қызметі сотқа – оны мәжбүрлі еңбектен босату туралы ұсыну, ал сотталған адам жүкті болған жағдайда жазасын өтеуін кейінге қалдыру туралы ұсыну жібереді.

4. Жазасын өтеуден жалтару мақсатында жасырынған сотталған адамға қатысты пробация қызметі бастапқы іздестіру іс-шараларын жүзеге асырады және оған іздестіру жариялау туралы сотқа ұсыну енгізеді.

Ескерту. 69-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 18.04.2017 № 58-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.12.2021 № 95-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.06.2022 № 129-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

14-тарау. ЖАЗАЛАРДЫҢ ҚОСЫМША ТҮРЛЕРІН ОРЫНДАУ

70-бап. Шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен тыс шығарып жіберу түріндегі жазаны орындау тәртібі

1. Шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының шегінен шығарып жіберу жөніндегі заңды күшіне енген сот үкімін орындау мәжбүрлеу тәртібімен жүргізіледі.

Шығарып жіберілетін шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам ішкі істер органдарының жүріп-тұру еркіндігін алдын ала шектеу туралы сот санкциялаған қаулысы негізінде оны Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге шығарып жіберуді ұйымдастыру үшін қажетті, бірақ отыз тәуліктен аспайтын мерзімге ішкі істер органдарының арнаулы мекемесіне орналастырылады.

Шығарып жіберу Қазақстан Республикасының аумағына кіруге бес жыл мерзімге тыйым салу белгілене отырып, шығарып жіберілетін шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасына дейін шығарып салу арқылы жүзеге асырылады.

2. Сотталған адамды шығарып жіберу бойынша шығыстарды оның өзі не оны Қазақстан Республикасына шақырған жеке немесе заңды тұлғалар көтереді. Аталған тұлғалардың шығыстарды жабуға қаражаттары болмаған не жеткіліксіз болған жағдайларда, шығарып жіберу бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

Ескерту. 70-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 22.12.2016 № 28-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.12.2020 № 385-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

71-бап. Арнаулы, әскери немесе құрметті атақтардан, сыныптық шеннен, дипломатиялық дәрежеден, біліктілік сыныбынан және мемлекеттік наградалардан айыру түріндегі жазаны орындау тәртібі

1. Сотталған адамды арнаулы, әскери немесе құрметті атақтардан, сыныптық шеннен, дипломатиялық дәрежеден, біліктілік сыныбынан айыру түріндегі үкім шығарған сот, үкім заңды күшіне енгеннен кейін оның көшірмесін сотталған адамға атақты, сыныптық шенді, дипломатиялық дәрежені, біліктілік сыныбын берген лауазымды адамға жібереді.

2. Лауазымды адам белгіленген тәртіппен тиісті құжаттарға сотталған адамды арнаулы, әскери немесе құрметті немесе өзге де атақтан, сыныптық шеннен, дипломатиялық дәрежеден, біліктілік сыныбынан айыру туралы жазбаны енгізеді, сондай-ақ оны тиісті атағы, шені, дәрежесі, сыныбы бар адамдар үшін көзделген құқықтар мен жеңілдіктерден айыру жөнінде шаралар қолданады.

3. Запастағы әскери қызметшіге қатысты сот үкімінің көшірмесі оның әскери есепке алынған орны бойынша жергілікті әскери басқару органына жіберіледі.

4. Лауазымды адам үкімнің көшірмесін алған күннен бастап бір айдың ішінде үкімді шығарған сотқа оның орындалғаны туралы хабарлайды.

5. Қазақстан Республикасының Президенті сотталған адамды Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне сәйкес арнаулы, әскери немесе құрметті атақтардан, сыныптық шеннен, дипломатиялық дәрежеден, біліктілік сыныбынан және мемлекеттік наградадан айыру туралы шешім қабылдаған кезде, тиісті мемлекеттік

орган осы баптың екінші бөлігінде көрсетілген шараларды қолданады. Мемлекеттік наградаларды оларға қоса берілген құжаттармен бірге алып қоюды қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен олар тұрған жердегі пробация қызметі жүргізеді.

71-1-бап. Қазақстан Республикасының азаматтығынан айыру түріндегі жазаны орындау тәртібі

1. Қазақстан Республикасының азаматтығынан айыру туралы үкім шығарған сот үкім заңды күшіне енгеннен кейін оның көшірмесін уәкілетті органға "Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы" 1991 жылғы 20 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жібереді.

2. Қазақстан Республикасының азаматтығынан айыруды тіркеу Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің және Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

3. Қазақстан Республикасының азаматтығынан айыруды тіркеу кезінде Қазақстан Республикасының азаматтығын растайтын құжат алып қойылады.

4. Қазақстан Республикасының азаматтығынан айырылған адамға, егер Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында өзгеше көзделмесе, азаматтығы жоқ адамның куәлігі беріледі.

Ескерту. 14-тарау 71-1-баппен толықтырылды - ҚР 11.07.2017 № 91-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

72-бап. Белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі жазаны орындау тәртібі

1. Педагог лауазымын және кәмелетке толмағандармен жұмыс істеуге байланысты лауазымдарды атқаруға өмір бойына тыйым салу туралы сот үкімін білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен тәртіппен, меншік нысандарына қарамастан, ұйымдар орындайды.

2. Белгілі бір лауазымдарды атқаруға өмір бойына тыйым салу туралы сот үкімін Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде көрсетілген мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың әкімшіліктері орындайды.

3. Қамаққа алуға немесе бас бостандығынан айыруға қосымша ретінде тағайындалған, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі жазаның орындалуын ұйымдастыруды – негізгі жазаны орындайтын мекеме немесе орган, ал негізгі жазаларды өтегеннен кейін сотталған адамның тұрғылықты жеріндегі пробация қызметі жүзеге асырады.

4. Жазалардың басқа түрлеріне қосымша ретінде тағайындалған, сондай-ақ жазаны өтеу кейінге қалдырылған немесе шартты түрде сотталған кезде, осы жазаның

орындалуын ұйымдастыруды сотталған адамның тұрғылықты жеріндегі пробация қызметі жүзеге асырады.

5. Пробация қызметі:

1) сотталғандарды есепке алуды жүргізеді;

2) сотталған адамның сот үкімінде көзделген белгілі бір лауазымдарды атқаруға немесе белгілі бір қызметпен айналысуға салынған тыйымды сақтауын бақылайды;

3) сотталған адамның жұмыс орнындағы ұйым әкімшілігінің, сондай-ақ сотталған адамға тыйым салынған қызметтің тиісті түрімен айналысуға берілген рұқсатты қайтарып алуға құқығы бар органдардың сот үкімін орындауын тексереді;

4) жазаны өтеуден жалтару мақсатында жасырынып жүрген сотталғандарға қатысты бастапқы іздестіру іс-шараларын жүзеге асырады және сотқа іздестіру жариялау туралы ұсыну енгізеді.

6. Пробация қызметіне тіркелу үшін келмеген күннен бастап он бес күннен астам тұрған жері анықталмаған сотталған адам жазаны өтеуден жасырынып жүр деп танылады.

7. Белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі қосымша жазаға сотталған адамның негізгі жаза түрін өтеп жүрген, жазаны орындайтын мекеменің немесе органның әкімшілігі оны тыйым салынған жұмыстарды орындауға тартуға құқылы емес.

73-бап. Белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі жазаны орындау мерзімдерін есептеу

1. Қамаққа алуға немесе бас бостандығынан айыруға қосымша жаза ретінде белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі жаза тағайындалған кезде, бұл негізгі жаза түрлерін өтеудің барлық уақытына қолданылады, бірақ бұл ретте, оның мерзімі қамаққа алуды, бас бостандығынан айыруды өтеген және пробация қызметіне есепке қойылған күннен бастап есептеледі.

2. Жазаның осы түрі жазаның басқа да негізгі түрлеріне қосымша ретінде тағайындалған, сондай-ақ жазаны өтеу кейінге қалдырылған немесе шартты түрде сотталған жағдайларда, оның мерзімі үкім заңды күшіне енген күннен бастап есептеледі.

74-бап. Белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі жазаны өтеу шарттары

1. Белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі жазаға сотталған адам:

1) пробация қызметіне жұмыс орны мен тұрғылықты жері және олардың өзгергені, жұмыстан шығарылғаны туралы хабарлауға;

2) пробация қызметіне шақырту бойынша келіп тұруға міндетті.

2. Сотталған адам 53-баптың екінші бөлігінде көрсетілген дәлелді себептерсіз келмеген жағдайда, оған күштеп әкелу қолданылуы мүмкін.

3. Белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі жазаға сотталған, жазаны орындаудан жалтарып жүрген адам заңда белгіленген жауаптылықта болады.

75-бап. Ұйымдар әкімшілігінің белгілі бір лауазымды атқару құқығынан айыру түріндегі жаза туралы сот үкімін орындау жөніндегі міндеттері

1. Меншік нысандарына қарамастан, ұйымдар белгілі бір лауазымға кандидаттарды олардың педагог лауазымын және кәметке толмағандармен жұмыс істеумен байланысты, сондай-ақ мемлекеттік қызметте және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында лауазымдарды атқаруға өмір бойына тыйым салудың бар-жоғы тұрғысынан тексереді.

2. Белгілі бір лауазымдарды атқару құқығынан айыру туралы сот үкімі мемлекеттік мекемелер әкімшілігі мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары үшін міндетті болып табылады.

Белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру туралы сот үкімі сотталған адамның жұмыс орнындағы ұйымның әкімшілігі үшін міндетті болып табылады.

3. Сотталған адамның жұмыс орнындағы ұйымның әкімшілігі:

1) заңды күшіне енген сот үкімінің көшірмесін не пробация қызметінің хабарламасын алғаннан кейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей, сотталғанды лауазымынан немесе айналысу құқығынан айырылған қызмет түрінен босатуға, пробация қызметіне сот үкімінің орындалғаны туралы хабар жіберуге;

2) пробация қызметінің талап етуі бойынша жазаны орындауға байланысты құжаттарды ұсынуға;

3) сотталған адаммен еңбек шарты өзгертілген немесе тоқтатылған жағдайларда, үш жұмыс күні ішінде пробация қызметіне хабарлауға міндетті.

4. Ұйымдардың белгілі бір лауазымды атқару құқығынан айыру түріндегі жазаны орындау туралы сот үкімін орындау жөніндегі міндеттер жүктелген, оның орындалмағанына кінәлі лауазымды адамдары заңда белгіленген жауаптылықта болады.

76-бап. Белгілі бір қызметпен айналысуға берілген рұқсатты кері қайтарып алуға құқығы бар органдардың міндеттері

1. Сотталған адамның белгілі бір қызметпен айналысуы құқығынан айыру туралы сот үкімі қызметтің тиісті түрімен айналысуға берілген рұқсатты кері қайтарып алуға құқығы бар органдар үшін міндетті.

2. Аталған органдар заңды күшіне енген сот үкімінің көшірмесін, пробация қызметінің хабарламасын алғаннан кейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей, сотталған адамға тыйым салынған қызмет түрімен айналысуға берілген рұқсатты кері қайтарып алуға, осы адамға қызметтің көрсетілген түрімен айналысу құқығын беретін тиісті құжатты алып қоюға және бұл туралы пробация қызметіне хабар жіберуге міндетті.

3. Белгілі бір қызметпен айналысуға берілген рұқсатты кері қайтарып алуға құқығы бар органдардың белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру туралы сот үкімінің орындалмағанына кінәлі лауазымды адамдары заңда белгіленген жауаптылықта болады.

77-бап. Мүлікті тәркілеу туралы сот үкімін орындау тәртібі

1. Сотталған адамның мүлкін тәркілеу туралы үкім шығарған сот ол заңды күшіне енгеннен кейін атқару парағын, мүлік тізімдемесінің көшірмесін және үкімнің көшірмесін орындау үшін сот орындаушысына жібереді, бұл туралы уәкілетті мемлекеттік органға хабарлайды. Істе сотталған адамның мүлкінің тізімдемесі болмаған жағдайда, мүлік тізімдемесі жүргізілмегені туралы анықтама жіберіледі.

2. Мүлікті тәркілеу түріндегі жазаны орындауды мүлік тұрған жердегі сот орындаушысы жүргізеді.

78-бап. Тәркілеуге жататын мүлік

1. Сот үкімі бойынша мынадай:

1) заңды иеленушісіне қайтарылуға жататын мүлікті және одан түскен кірістерді қоспағанда, қылмыстық құқық бұзушылық жасау нәтижесінде алынған ақша мен өзге де мүлік және осы мүліктен түскен кез келген кірістер;

2) қылмыстық құқық бұзушылық жасау нәтижесінде алынған мүлік және осы мүліктен түскен кірістер ішінара немесе толығымен басқа нәрсеге айналдырылған немесе қайта өзгертілген;

3) экстремистік немесе террористік әрекетті не қылмыстық топты қаржыландыру және өзге де қамтамасыз ету үшін пайдаланылатын және соған арналған;

4) қылмыстық құқық бұзушылық жасау қаруы немесе құралы болып табылатын ақша мен өзге де мүлік тәркіленуге жатады.

2. Егер қылмыстық құқық бұзушылық жасау нәтижесінде алынған мүлік және (немесе) осы мүліктен түскен кірістер заңды жолмен сатып алынған мүлікке қосылған болса, қосылған мүліктің құнына және одан түскен кірістерге сәйкес келетін мүліктің бөлігі тәркіленуге жатады.

3. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көрсетілген, сотталған адам басқа жеке немесе заңды тұлғаға берген мүлік, егер мүлікті сатып алған адам оның қылмыстық әрекеттер нәтижесінде алынғанын көрінеу білген болса, тәркіленуге жатады.

4. Егер осы баптың бірінші, екінші және үшінші бөліктерінде көрсетілген мүлікке кіретін белгілі бір затты тәркілеу, сот осы затты тәркілеу туралы шешім қабылдаған күннен бастап оның пайдалануда болуына, сатылуына байланысты немесе өзге де себеп бойынша мүмкін болмаса, сот шешімі бойынша осы заттың құнына сәйкес келетін ақшалай сома тәркіленуге жатады.

5. Сотталған адамның осы Кодекске қосымшада белгіленген тізбеге сәйкес келетін мүлкі тәркіленуге жатпайды.

6. Сот үкімі бойынша тәркіленуге жататын мүліктің тиесілілігі туралы даулар азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен шешіледі.

79-бап. Сот орындаушысының мүлікті тәркілеу туралы сот үкімін орындау жөніндегі әрекеттері

1. Сот орындаушысы өзіне атқарушылық құжат келіп түскеннен кейін үш тәуліктен кешіктірмей атқарушылық іс жүргізуді қозғайды, бұл жөнінде қаулы шығарады, атқарушылық құжатта көрсетілген мүліктің бар-жоғын тексереді және тәркіленуге жататын мүліктің тізімдемесін жасайды.

2. Тізімдемеде әрбір заттың толық және нақты атауы, оның айырым белгілері, оның ішінде түсі, мөлшері, тозу дәрежесі мен жеке сипаттамалары көрсетіледі. Тізімделген заттарға пломба салынады, сүргі соғылады және сақтауға беріледі, бұл туралы тізімдемеге белгі жасалады.

3. Сот орындаушысы тәркіленуге жататын және тізімдемеге алынған мүлікті сақтауға қажетті шаралар қолданады.

4. Сотталған адамның ортақ және бірлескен меншіктегі үлесін сот орындаушысының ұсынуы бойынша сот азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен айқындайды.

Ескерту. 79-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 21.01.2019 № 217-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

80-бап. Тәркіленген мүлікті уәкілетті мемлекеттік органға беру

1. Сотталған адамның тәркіленген мүлкін уәкілетті мемлекеттік органға беру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оған қойылатын барлық талаптар қанағаттандырылғаннан кейін, оның ішінде тәркіленген мүлік есебінен жүргізіледі. Тәркіленген мүлік есебінен қанағаттандыруға жататын наразылықтарға қатысты мемлекет оны өткізуден немесе одан әрі пайдаланудан алынған қаражат шегінде жауап береді.

2. Тәркіленген мүлікті уәкілетті мемлекеттік органға беру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

Ескерту. 80-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 21.01.2019 № 217-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

81-бап. Үшінші тұлғалардың тәркілеуге жататын мүлікке қатысты міндеттері

1. Өздерінде сот үкімі бойынша тәркіленуге жататын мүліктің бар екендігі белгілі болған жеке және заңды тұлғалар бұл туралы сотқа немесе уәкілетті мемлекеттік органға хабарлауға міндетті.

2. Көрсетілген мүлікті жасырғаны, бүлдіргені немесе жымқырғаны үшін кінәлілер заңға сәйкес жауаптылыққа тартылады.

82-бап. Сот үкімі орындалғаннан кейін анықталған мүлікті тәркілеу

Барлық мүлікті тәркілеу бөлігінде сот үкімі орындалғаннан кейін, бірақ айыптау үкімін орындаудың заңмен белгіленген ескіру мерзімдері өткенге дейін сотталған

адамның сот үкімі шығарылғанға дейін немесе шығарылғаннан кейін, тәркіленбеген, бірақ тәркілеуге жататын қаражатқа сатып алған мүлкі табылған жағдайларда, үкімді шығарған сот немесе үкім орындалатын жердегі сот, егер мүлікті заң бойынша тәркілеу мүмкін болса, сот орындаушысының ұсынуы бойынша табылған мүлікті тәркілеуді орындау туралы қаулы шығарады.

4-БӨЛІМ. СОТТАЛҒАНДАРДЫ ҚОҒАМНАН ОҚШАУЛАУМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ЖАЗАЛАРДЫ ОРЫНДАУ

15-тарау. ҚАМАҚҚА АЛУ ТҮРІНДЕГІ ЖАЗАНЫ ОРЫНДАУ

83-бап. Қамаққа алу түріндегі жазаны өтеу орындары

1. Сотталғандар қамаққа алу түріндегі жазасын сотталған жеріндегі арнаулы қабылдау орындарында, тергеу изоляторларының оқшауланған учаскелерінде өтейді.

2. Әскери қызметшілер қамаққа алу түріндегі жазасын гауптвахтада өтейді.

Сотталғандарды гауптвахтада ұстаудың ішкі тәртіптемесі мен тәртібін Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару қызметі, ұлттық қауіпсіздік, қорғаныс салаларындағы уәкілетті органдары айқындайды.

Ескерту. 83-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 18.04.2017 № 58-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

84-бап. Қамаққа алуға сотталғандарды жазасын өтеу үшін жіберу

1. Сотталғандар сот үкімі заңды күшіне енген күннен бастап жазасын өтеу үшін жіберіледі.

2. Сотталған әскери қызметшілер заңды күшіне енген үкімді орындау туралы сот өкімін алған күннен бастап үш күн ішінде жазасын өтеу үшін гауптвахтаға жіберіледі.

85-бап. Қамаққа алу түріндегі жазаны орындау тәртібі

1. Қамаққа алуға сотталғандар камераларда қатаң оқшаулау жағдайларында ұсталады.

Ерлер мен әйелдер, сондай-ақ бұрын мекемелерде жазасын өтеген және сотталғандығы бар адамдар бөлек ұсталады.

Әртүрлі инфекциялық аурулармен ауыратын сотталғандар бөлек және дені сау сотталғандардан жеке ұсталады.

Соттардың, құқық қорғау органдары мен арнаулы мемлекеттік органдардың сотталған бұрынғы қызметкерлері, сотталған сотталғандардың мінез-құлқын бақылау мен қадағалауды жүзеге асыруға уәкілетті адамдар басқа сотталғандардан оқшауланып ұсталады.

Сотталған адамды денсаулық сақтау ұйымдарының емдеу мекемелеріне емдеуге жатқызуға жіберген жағдайда, оны күзетуді қамтамасыз ету үшін айдауыл қойылады.

2. Қамаққа алуға сотталғандар тамақпен бас бостандығынан айыруға сотталғандар үшін белгіленген нормалар бойынша қамтамасыз етіледі.

Әскери қызметшілер гауптвахтада ұсталған кезеңде тамақпен бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару қызметі, ұлттық қауіпсіздік, қорғаныс салаларындағы уәкілетті органдар белгілейтін нормалар бойынша қамтамасыз етіледі.

3. Сотталған офицерлер, сержанттық, старшиналық және қатардағы құрамдардың әскери қызметшілері қамаққа алу түріндегі жазаны өтеу уақытында бөлек және өзге негіздер бойынша гауптвахтада ұсталатын әскери қызметшілерден жеке ұсталады.

Ескерту. 85-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 18.04.2017 № 58-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

86-бап. Қамаққа алу түріндегі жазаны өтеу жағдайлары

1. Сотталғандардың осы Кодекстің 10-бабында көрсетілген құқықтары және 11-бабында көрсетілген міндеттері болады.

2. Сотталғандардың:

1) айына бір рет хаттар алуға және өз есебінен оларды жөнелтуге;

2) ақшалай аударымдар алуға;

3) ай сайын тамақ өнімдері мен бірінші кезекте қажетті заттарды сатып алуға ақшаны уақытша орналастырудың қолма-қол ақшаны бақылау шоттарындағы қаражатты бір айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде жұмсауға;

4) айына бір рет бірінші кезекте қажетті заттар мен маусым бойынша киім салынған сауқаттар, сәлемдемелер, бандерольдер алуға құқығы бар.

Науқас сотталғандар, мүгедектігі бар сотталғандар медициналық қорытындыда саны мен ассортименті айқындалған дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдар салынған сауқаттар мен сәлемдемелер алуға құқылы;

5) адвокатпен саны, ұзақтығы шектеусіз және олардың құпиялылығы қамтамасыз етілген жағдайларда кездесуге;

6) күн сайын ұзақтығы кемінде бір жарым сағат сейілдеуге;

7) жұбайы (зайыбы), жақын туысы қайтыс болған немесе науқастың өміріне қатер төндіретіндей қатты ауырған; оның отбасына айтарлықтай материалдық залал келтірген дүлей зілзала болған жағдайларда және жеке сипаттағы өзге де айрықша мән-жайларда өзінің жеке қаражаты есебінен жұбайымен (зайыбымен), жақын туыстарымен телефон арқылы сөйлесуге;

8) жұбайы (зайыбы), жақын туысы қайтыс болуына немесе науқастың өміріне қатер төндіретіндей қатты ауыруына, оның отбасына айтарлықтай материалдық залал келтірген дүлей зілзалаға байланысты бару-қайту жолына қажетті (бес тәуліктен аспайтын) уақытты есептемегенде, жеті тәуліктен аспайтын мерзімге қысқа мерзімді жол жүруге құқығы бар.

Ескерту. 86-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 27.12.2019 № 292-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 27.06.2022 № 129-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

87-бап. Қамаққа алу түріндегі жазаны өтеп жүрген сотталған әскери қызметшілердің құқықтық жағдайының ерекшеліктері

1. Қамаққа алу түріндегі жазаны өтеу уақыты әскери қызметтің жалпы мерзіміне және кезекті әскери атақ беру үшін еңбек сіңірген жылдарына есептелмейді.

2. Жазаны өтеу уақытында сотталған адамды кезекті әскери атақ беруге ұсынуға, жоғары тұрған лауазымға тағайындауға, жаңа қызмет орнына ауыстыруға және, денсаулығына байланысты қызметке жарамсыз деп танылған жағдайларды қоспағанда, әскери қызметтен шығаруға болмайды.

3. Қамаққа алу түріндегі жазаны өтеу уақытында сотталған әскери қызметшілерге ақшалай ризық төленбейді.

16-тарау. БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРУ ТҮРІНДЕГІ ЖАЗАНЫ ОРЫНДАУДЫҢ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕРІ

88-бап. Бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны орындайтын жерлер

1. Бас бостандығынан айыруға сотталған адамдар жазасын мекемелерде өтейді.

Бас бостандығынан айыруға сотталғандар, осы Кодексте көзделген жағдайларды қоспағанда, жаза мерзімін бір мекемеде өтейді.

2. Бас бостандығынан айыруға сотталғандар оларды түзеу, әлеуметтік тұрғыдан пайдалы байланыстарын ұстап тұру, қауіпсіздігін қамтамасыз ету және олардың жаңа құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу үшін қажетті жағдайлар ескеріле отырып, мекемеге жіберіледі.

3. Сотталған адамды қылмыстық-атқару жүйесі уәкілетті органының шешімі бойынша басқа облыстың тиісті режим түріндегі мекемесіне жазасын өтеу үшін жіберуге:

1) сотталған адамның тұрғылықты жері бойынша тиісті түрдегі мекеме болмаған;

2) осы Кодекстің 115-бабының екінші бөлігінде көзделген жазаны өтеу орындарының лимиті асып кеткен жағдайларда жол беріледі.

4. Сотталған адамды қылмыстық-атқару жүйесі уәкілетті органының шешімі бойынша жазасын одан әрі өтеу үшін бір мекемеден сол түрдегі басқа мекемеге не қауіпсіздігі аралас мекемеге ауыстыруға:

1) осы Кодекстің 12-бабының бесінші бөлігіне сәйкес сотталған адамның қауіпсіздігі қамтамасыз етілген;

2) мекеме қайта ұйымдастырылған немесе таратылған;

3) сотталған адамның келісімімен, өндірістік қажеттілік болған;

4) мекемеде құқықтық тәртіпті сақтау қажет болған жағдайларда жол беріледі.

Қылмыстық-атқару жүйесі уәкілетті органының сотталған адамды осы бөліктің бірінші абзацының 1) және 4) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша басқа

облыстың (астананың, республикалық маңызы бар қаланың) мекемесіне ауыстыру туралы шешімі жазаны өтеу орны бойынша аудандық не оған теңестірілген прокурордың қорытындысы ескеріле отырып қабылданады.

Қылмыстық-атқару жүйесінің уәкілетті органы сотталған адамды осы бөліктің 1) және 4) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша ауыстыру туралы қабылданған шешім жөнінде келесі жұмыс күнінен кешіктірмей, жазбаша нысанда прокурорды хабардар етуге міндетті.

4-1. Осы баптың үшінші және төртінші бөліктеріне сәйкес басқа мекемеге жіберілген не ауыстырылған сотталған адамды одан әрі ұстауға негіз болмаған кезде, ол әлеуметтік пайдалы байланыстарды қолдау мақсатында өзінің өтініші бойынша не өзінің келісімімен тиісті түрдегі басқа мекемеде орын болса, соған ауыстырылуға жатады.

Осы баптың үшінші бөлігіне, төртінші бөлігінің 1), 2) және 3) тармақшаларына сәйкес жіберілген немесе ауыстырылған сотталған адам үшін – теріс мінез-құлық дәрежесінің болмауы, ал осы баптың төртінші бөлігінің 4) тармақшасы негізінде ауыстырылған сотталған адам үшін оң мінез-құлық дәрежесінің болуы сотталған адамды ауыстырудың міндетті шарттары болып табылады.

Бұл ретте сотталған адамның әлеуметтік пайдалы байланыстары құжатпен расталады.

Сотталған адамды әлеуметтік пайдалы байланыстарды қолдау үшін ауыстыру Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасымен келісу бойынша қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті орган бекіткен қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

5. Қылмыстың қауіпті қайталануы кезінде өмір бойына бас бостандығынан айыруға, толық қауіпсіз мекемеде жазасын өтеуге сотталғандар, өлім жазасы түріндегі жазасы кешірім жасау тәртібімен немесе өлім жазасын жоятын заңның қолданылуына байланысты бас бостандығынан айыруға ауыстырылған сотталғандар, сотталған әйелдер, кәмелетке толмаған сотталғандар тиісті мекемелердің тұрған жері бойынша жазасын өтеу үшін жіберіледі.

6. Қазақстан Республикасының мекемелерінде жазасын өтеп жүрген, бас бостандығынан айыруға сотталған шетелдіктер жазасын одан әрі өтеу үшін Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда белгіленген тәртіппен не Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінде көзделген тәртіппен, шет мемлекеттің құзыретті органдарымен және лауазымды адамдарымен өзара түсіністік шарттарында жазбаша келісім бойынша өздері азаматтары (боданы) болып табылатын мемлекетке жіберілуі мүмкін.

Ескерту. 88-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 18.04.2017 № 58-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

03.07.2017 № 84-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.12.2019 № 292-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 29.12.2021 № 89-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.11.2022 № 157-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

89-бап. Мекемелер түрлері

1. Мекемелер:

- 1) қауіпсіздігі барынша төмен мекемелер;
- 2) орташа қауіпсіз мекемелер;
- 3) кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған орташа қауіпсіз мекемелер;
- 4) қауіпсіздігі барынша жоғары мекемелер;
- 5) төтенше қауіпсіз мекемелер;
- 6) толық қауіпсіз мекемелер;
- 7) қауіпсіздігі аралас мекемелер болып бөлінеді.

2. Қауіпсіздігі аралас мекемелерге:

- 1) сотталғандарды әртүрлі режим түрлерімен ұстауға арналған мекемелер;
- 2) қамаққа алуға, бас бостандығынан айыруға сотталған не шаруашылық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды орындау үшін қалдырылған не жіберілген не осы Кодекстің 88-бабы төртінші бөлігінің 4) тармақшасына сәйкес мекемелерден келген, бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарды ұстау үшін пайдаланылатын тергеу изоляторлары жатады.

3. Қауіпсіздігі барынша төмен мекемелерде бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын мыналар:

1) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 46-бабы бесінші бөлігінің 1) тармағында аталған сотталғандар;

2) орташа қауіпсіз және қауіпсіздігі барынша жоғары мекемелерден осы Кодекстің 96-бабының бірінші бөлігіне сәйкес ауыстырылған сотталғандар өтейді.

4. Орташа қауіпсіз мекемелерде бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын мыналар:

1) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 46-бабы бесінші бөлігінің 2) тармағында аталған сотталғандар;

2) мекемелерден осы Кодекстің 96-бабының бірінші бөлігінің 1) тармақшасына, үшінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларына сәйкес ауыстырылған сотталғандар;

3) кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған орташа қауіпсіз мекемелерден осы Кодекстің 156-бабына сәйкес ауыстырылған сотталғандар өтейді.

5. Қауіпсіздігі барынша жоғары мекемелерде бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын мыналар:

1) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 46-бабы бесінші бөлігінің 3) тармағында аталған сотталғандар;

2) осы Кодекстің 96-бабы бірінші бөлігінің 1) тармақшасына, үшінші бөлігінің 1) тармақшасына сәйкес ауыстырылған сотталғандар өтейді.

6. Төтенше қауіпсіз мекемелерде бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын мыналар:

1) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 46-бабы бесінші бөлігінің 4) тармағында көрсетілген сотталғандар;

2) өлім жазасы түріндегі жазасы кешірім жасау тәртібімен немесе өлім жазасының күшін жоятын заңның қолданылуына байланысты өмір бойына бас бостандығынан айыруға ауыстырылған сотталғандар;

3) осы Кодекстің 92-бабының бірінші бөлігіне сәйкес жіберілген сотталғандар өтейді.

7. Толық қауіпсіз мекемелерде бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын мыналар:

1) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 46-бабының алтыншы бөлігінде аталған сотталғандар;

2) алып тасталды – ҚР 29.12.2021 № 89-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

3) осы Кодекстің 88-бабы төртінші бөлігінің 4) тармақшасына сәйкес ауыстырылған сотталғандар;

4) осы Кодекстің 92-бабының бірінші бөлігіне және 96-бабының 3-1-бөлігіне сәйкес жіберілген сотталғандар өтейді.

8. Кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған орташа қауіпсіз мекемелерде бас бостандығынан айыруға сотталған кәмелетке толмағандар, сондай-ақ мекемеде кемінде бір жыл болу шартымен, кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған орташа қауіпсіз мекемелерде жиырма бір жасқа толғанға дейін қалдырылған сотталғандар жазасын өтейді.

9. Мекемелерде жазасын өтеп жүрген сотталғандар басқа қылмыс жасады деп күдік келтірілген немесе айыпталған кезде, олардың әкімшілігімен келісу бойынша осы мекемелерде, бірақ жазасын өтеп жүрген басқа сотталғандардан оқшауланып ұсталады.

10. Сотталғандар камераларда тұратын бір мекемеде әртүрлі режим түрлері бар оқшауланған учаскелер жасалуы мүмкін.

Осы бөліктің камерада ұстау туралы талабы осы Кодекстің 94-бабының үшінші бөлігінде көрсетілген адамдарға қолданылмайды.

Ескерту. 89-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 18.04.2017 № 58-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2017 № 84-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.07.2018 № 180-VI (алғашқы ресми жарияланған

күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.12.2019 № 292-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 29.12.2021 № 89-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 17.03.2023 № 212-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

90-бап. Сотталғандарды жазасын өтеу үшін жіберу

1. Сотталған адам қауіпсіздігі аралас мекеменің әкімшілігі заңды күшіне енген үкімді орындау туралы сот өкімін алған күннен бастап он күннен кешіктірілмей жазасын өтеуге жіберіледі.

Осы мерзім ішінде сотталған адамның:

1) адвокатпен саны, ұзақтығы шектеусіз және құпиялылығы қамтамасыз етілген жағдайларда кездесуге;

2) жұбайымен (зайыбымен), туыстарымен немесе өзге де адамдармен қысқа мерзімді кездесуге;

3) өзінің жеке қаражатынан не өзге адамдардың қаражатынан ақысы төленетін, ұзақтығы он бес минут телефон арқылы сөйлесуге құқығы бар.

2. Қауіпсіздігі аралас мекеменің әкімшілігі сотталған адамның таңдауы бойынша жұбайына (зайыбына) не туыстарының біріне, не өзге де адамға оның жазасын өтеу үшін қайда жіберілетіндігі туралы жазбаша хабарламаны екі жұмыс күні ішінде жіберуге міндетті.

3. Жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату немесе жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстыру туралы мәселені қарау үшін сотқа өтінішхат беру құқығы туындаған жағдайда, қауіпсіздігі аралас мекеменің әкімшілігі осы Кодекстің 162-бабының бірінші және тоғызыншы бөліктерінде көзделген іс-шараларды орындауға міндетті.

Ескерту. 90-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 27.12.2019 № 292-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

91-бап. Сотталғандардың орнын ауыстыру

1. Бас бостандығынан айыруға сотталғандар жазасын өтеу орнына жіберіледі және жазаны өтейтін бір орыннан екіншісіне айдауылмен ауыстырылады.

2. Сотталғандардың айдауылмен орнын ауыстыру ұстау қағидалары сақтала отырып : ерлер – әйелдерден, кәмелетке толмағандар – ересектерден жеке; бір қылмыстық іс бойынша өтетін тергеудегі сотталғандар – бөлек; туберкулезбен ауыратындар немесе жыныстық жолмен берілетін инфекциядан емделудің толық курсы өтпегендер, психикалық ауытқулары бар науқастар – өзара бөлек және дені саулардан жеке, қажет болған кезде, дәрігердің қорытындысы бойынша – медицина қызметкерлерінің еріп жүруімен жүзеге асырылады.

3. Сотталғандардың айдауылмен орны ауыстырылған кезде олар қажетті тұрмыстық және санитариялық-гигиеналық жағдайлармен қамтамасыз етіледі.

4. Сотталғандардың орнын ауыстырған кезде олар бас бостандығынан айыруға сотталғандардың жазасын өтеу кезеңінде орнын ауыстыру қағидаларына сәйкес маусым бойынша киіммен, аяқкиіммен, сондай-ақ сотталғандар үшін белгіленген нормалар бойынша тамақпен қамтамасыз етіледі.

5. Сотталғандардың орнын ауыстыру бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

6. Сотталған адамды жазасын өтеу орнына жіберу немесе басқа мекемеге ауыстыру кезінде ақшаны уақытша орналастырудың қолма-қол ақшаны бақылау шотындағы ақшасы сотталған адам жіберілген не ауыстырылған мекеменің ақшаны уақытша орналастыратын қолма-қол ақшаны бақылау шотына аударылады.

7. Уәкілетті лауазымды адамдар сотталғандардың орнын ауыстырған кезде құпиялылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қолданады.

8. Белгіленген тәртіппен әлеуметтік, табиғи немесе техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар жарияланған не сотталғандардың мекемеде болу мүмкіндігін жоққа шығаратын ерекше жағдайлар режимін енгізген жағдайда олар қылмыстық-атқару жүйесі уәкілетті органының шешімі бойынша төтенше жағдайдың салдары жойылғанға не ерекше жағдайлар режимінің мерзімі аяқталғанға дейін басқа мекемелерге ауыстырылады.

Төтенше жағдай салдарларын жою немесе ерекше жағдайлар режимін енгізуге негіз болған жағдайларды жою мүмкін болмаған кезде сотталғандар осы немесе басқа облыстағы тиісті түрдегі мекемеге жіберіледі.

Ескерту. 91-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 18.04.2017 № 58-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.12.2019 № 292-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 29.12.2021 № 89-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

92-бап. Сотталғандарды қауіпсіздігі аралас мекемеде қалдыру және төтенше немесе толық қауіпсіз мекемеге жіберу

1. Қауіпсіздігі аралас, төтенше немесе толық қауіпсіз мекемелерде шаруашылық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды орындауға жазасын орташа қауіпсіз мекемеде өтеуі тағайындалған, бас бостандығынан айыруға алғаш рет сотталған адамдар тартылады. Қалдыру және еңбекке тарту туралы шешім олардың келісімімен, мекеме комиссиясы материалдарының негізінде қауіпсіздігі аралас мекеме бастығының қаулысы бойынша жүзеге асырылады.

Сотталған адамды төтенше немесе толық қауіпсіз мекемеге жіберу олардың бастықтарымен келісу бойынша жүзеге асырылады.

Сотталған адамды қауіпсіздігі аралас мекемеде қалдыру не төтенше немесе толық қауіпсіз мекемеге жіберу туралы қаулының көшірмесі келесі жұмыс күнінен кешіктірілмей прокурорға жіберіледі.

2. Шаруашылық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды орындау үшін қауіпсіздігі аралас мекемеде қалдырылған немесе төтенше немесе толық қауіпсіз мекемелерге жіберілген сотталғандар орташа қауіпсіз мекемелер үшін осы Кодексте көзделген жағдайларда, өзге адамдардан оқшауланып ұсталады.

3. Басқа адам жасаған қылмыс туралы іс бойынша тергеу әрекеттерін жүргізу қажет болған кезде жазасын мекемелерде өтеу белгіленіп, бас бостандығынан айыруға сотталған адам қауіпсіздігі аралас мекемеде қалдырылуы, сондай-ақ прокурордың санкциясымен Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінде белгіленген мерзімге басқа мекемеден ауыстырылуы мүмкін.

4. Басқа адам жасаған қылмыс туралы іс бойынша сот талқылауына қатысу қажет болған кезде, сотталған адам орташа қауіпсіз мекемелер үшін осы Кодексте көзделген жағдайларда, істі сотта қарау уақытына сот қаулысымен қауіпсіздігі аралас мекемеде қалдырылуы мүмкін.

5. Егер сотталған адам басқа іс бойынша қылмыстық жауаптылыққа тартылса және оған қатысты күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасы таңдалса, оны қауіпсіздігі аралас мекемеде ұстау мерзімдері Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне сәйкес айқындалады.

6. Сотталған адам осы баптың үшінші, төртінші және бесінші бөліктерінде көрсетілген негіздер бойынша, сондай-ақ құқықтық тәртіпті ұстап тұру үшін қауіпсіздігі аралас мекемеге ауыстырылуы мүмкін.

Осы баптың үшінші және төртінші бөліктерінде көзделген негіздер бойынша қауіпсіздігі аралас мекемелерге жіберілген сотталғандар басқа адамдардан оқшауланып камераларда ұсталады және оларға түрін сот тағайындаған мекеме үшін осы Кодексте белгіленген шарттар қолданылады.

7. Мекемелерде құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету үшін қауіпсіздігі аралас мекемеге ауыстырылған сотталғандар:

1) ай сайын ақшаны уақытша орналастырудың қолма-қол ақшаны бақылау шоттарындағы, екі айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшердегі қаражатты тамақ өнімдері мен бірінші кезекте қажетті заттарды сатып алуға жұмсауға;

2) бір жыл ішінде екі қысқа мерзімді және екі ұзақ мерзімді кездесу алуға;

3) күн сайын ұзақтығы бір жарым сағаттық сейілдеуді пайдалануға құқылы.

Сотталғандар камераларда және қауіпсіздігі аралас мекемеде ұсталатын барлық санаттағы адамдардан оқшауланып ұсталады.

Ескерту. 92-бап жаңа редакцияда – ҚР 17.03.2023 № 212-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 27.03.2023 № 216-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

93-бап. Сотталғандарды мекемелерге қабылдау

1. Сотталғандарды мекемелерге қабылдауды мекемелердің ішкі тәртіптеме қағидаларында белгіленген тәртіппен әкімшілік жүргізеді.

Бұл ретте:

- 1) сотталған адамның жеке басы туралы деректер және оны мекемеге жіберу негіздері;
- 2) мекеме жауаптылықпен сақтауға қабылдайтын, сотталған адамға тиесілі мүліктің тізімі;
- 3) сотталған адамның кез келген дене зақымы және оның дене бітіміне немесе психикалық жай-күйіне қатысы бар, денсаулығы туралы мәліметтер;
- 4) сотталған адамның шағымдары тіркеледі.

1-1. Әрбір сотталған адамға жеке іс арналады.

Бұл ретте жеке істерді есепке алу жазбалары жариялануға жатпайды және кәсіптік міндеттері осындай есепке алу деректеріне қолжетімділіктің болуын талап ететін адамдарға ғана беріледі.

2. Мекемелерге келген сотталғандар он бес тәулікке дейінгі мерзімге карантин бөлімшесіне орналастырылады. Сотталғандар карантин бөлімшесінде болған кезеңде жазаны өтеудің дағдылы жағдайларында болады.

3. Карантин бөлімшесінде болудың мақсаты:

- 1) мекеме әкімшілігінің жазаны өтеу тәртібі мен шарттарын айқындау үшін маңызы бар, сотталғандардың жеке басы туралы мәліметтерді зерделеу;
- 2) сотталғандарды жазаны өтеу тәртібімен және шарттарымен таныстыру;
- 3) сотталғандардың инфекциялық ауруларын анықтау және олардың таралуын алдын алу болып табылады.

Ескерту. 93-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 27.12.2019 № 292-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

94-бап. Сотталғандарды мекемелерде бөлек ұстау

1. Мекемелерде сотталған ерлер мен әйелдерді, кәмелетке толмағандар мен ересектерді бөлек ұстау белгіленеді.

2. Осы баптың бесінші бөлігінде аталған адамдарды қоспағанда, бас бостандығынан айыруға алғаш рет сотталғандар бас бостандығынан айыруды бұрыннан өтеп жүрген сотталғандардан жеке ұсталады. Осы баптың қолданысы қауіпсіздігі барынша төмен мекемелерге қолданылмайды.

Бір мекемеде бас бостандығынан айыруға алғаш рет сотталған және бұл жазаны бұрыннан өтеп жүрген әйелдер, оның ішінде соттардың, құқық қорғау органдары мен арнаулы мемлекеттік органдардың бұрынғы қызметкерлері, сотталғандардың мінез-құлқын бақылау мен қадағалауды жүзеге асыруға уәкілетті адамдар бөлек ұсталуы мүмкін.

Басқа сотталғандардан оқшауланып, сондай-ақ бөлек: қылмыстардың қауіпті қайталануы жағдайында сотталғандар; өмір бойына бас бостандығынан айыруға

сотталғандар; өмір бойына бас бостандығынан айыру кешірім жасау тәртібімен белгілі бір мерзімге бас бостандығынан айыруға ауыстырылған сотталғандар; өлім жазасы түріндегі жазасы кешірім жасау тәртібімен немесе өлім жазасын жоятын заңның қолданылуына байланысты бас бостандығынан айыруға ауыстырылған сотталғандар ұсталады.

3. Жекелеген мекемелерде, сотталғандығының санына қарамастан, сотталғандар – соттардың, құқық қорғау органдары мен арнаулы мемлекеттік органдардың бұрынғы қызметкерлері, сотталғандардың мінез-құлқын бақылау мен қадағалауды жүзеге асыруға уәкілетті адамдар ұсталады.

Сотталған әйелдерді – соттардың, құқық қорғау органдары мен арнаулы мемлекеттік органдардың бұрынғы қызметкерлерін, сотталғандардың мінез-құлқын бақылау мен қадағалауды жүзеге асыруға уәкілетті адамдарды жеке ұстау мүмкін болмаған жағдайда, олар мекемелерде басқа сотталғандардан бөлек ұсталуы мүмкін.

Осы бөліктің күші қауіпсіздігі барынша төмен мекемелерге қолданылмайды.

4. Сотталғандарды бөлек ұстаудың осы бапта белгіленген талаптары балалар үйі бар мекемелерге қолданылмайды.

5. Әртүрлі инфекциялық аурулармен ауыратын сотталғандар бөлек және дені сау сотталғандардан жеке ұсталады. Емдеу-профилактикалық мекемелерде (ауруханаларда, мамандандырылған психиатриялық және туберкулезге қарсы ауруханаларда) сотталған ерлер сот айқындаған режим түріне қарамастан, бірге ұсталады. Туберкулезге қарсы ауруханаларда сотталғандарды бөлек ұстау медициналық көрсетімдермен айқындалады.

Ескерту. 94-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 12.07.2018 № 180-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.12.2019 № 292-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 29.12.2021 № 89-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 17.03.2023 № 212-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

95-бап. Сотталған адамның жазасын даралау мақсатында оның мінез-құлқын бағалау

1. Жазаны орындау кезеңінде оны даралау мақсатында сотталған адамның мінез-құлқы дәрежесін айқындау арқылы оның мінез-құлқын бағалау жүзеге асырылады.

2. Сотталған адамның мінез-құлық дәрежесі:

1) осы Кодекстің 96-бабына сәйкес ол жазасын өтеп жүрген мекеме түрін өзгерту;

2) осы Кодекстің 135, 137, 139, 142, 144, 150-баптарына сәйкес оның мекемеде жазасын өтеу жағдайларын өзгерту;

3) осы Кодекстің 128, 130, 152, 154-баптарына сәйкес оның құқықтарын кеңейту не құқықтық шектеулер белгілеу үшін негіз болып табылады.

3. Сотталған адамның мінез-құлық дәрежесін мекеме комиссиясы ұсынатын, оның мінез-құлқын сипаттайтын материалдар (мекемелердің ішкі тәртіптеме қағидаларын сақтауы; еңбек пен оқуға қатынасы; тәрбиелік іс-шараларға қатысуы; сотталғандарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетуге бағытталған бағдарламаларға қатысуы; қылмыстан келтірілген зиянның орнын толтыру бойынша шаралар қолдану) негізінде мекеме бастығының қаулысымен айқындалады.

4. Сотталған адамның мінез-құлық дәрежесін айқындау мақсатында оның мінез-құлқын бағалау сотталған адам мекемеге келген күннен бастап жүзеге асырылады.

Көтермелеулері және жазалаулары жоқ не жазалауы осы Кодексте белгіленген тәртіппен өтелген сотталған адам белгілі бір мінез-құлық дәрежесі жоқ деп танылады.

Сотталған адамды бір түрдегі мекемеден екіншісіне ауыстырған жағдайда мінез-құлық дәрежесінің бұрын қойылған бағалауы оның мінез-құлқын осы Кодексте көзделген мерзімдерде мекеме комиссиясы қараған кезге дейін сақталады.

Сотталғандардың мінез-құлық дәрежелері мынадай критерийлер негізінде айқындалады:

оң сипатталатын сотталғандар үшін:

1) кемінде бір көтермелеуі болған әрі соңғы көтермелеу алған күннен бастап үш және одан көп ай бойы жазалаулары болмаған кезде – дәрежесі бірінші оң мінез-құлық;

2) кемінде бір көтермелеуі, бірінші оң мінез-құлық дәрежесі болған әрі бірінші оң мінез-құлық дәрежесін алған күннен бастап алты және одан көп ай бойы жазалаулары болмаған кезде – дәрежесі екінші оң мінез-құлық;

3) кемінде бір көтермелеуі, екінші оң мінез-құлық дәрежесі болған әрі екінші оң мінез-құлық дәрежесін алған күннен бастап бір және одан көп жыл бойы жазалаулары болмаған кезде – дәрежесі үшінші оң мінез-құлық;

теріс сипатталатын сотталғандар үшін:

1) жазаны өтеудің белгіленген тәртібін бұзушы деп танылған кезде – дәрежесі бірінші теріс мінез-құлық;

2) жазаны өтеудің белгіленген тәртібін үнемі бұзушы деп танылған кезде – дәрежесі екінші теріс мінез-құлық;

3) жазаны өтеудің белгіленген тәртібін қаскөйлікпен бұзушы деп танылған кезде – дәрежесі үшінші теріс мінез-құлық.

Сотталған адамды жазаны өтеудің белгіленген тәртібін бұзушы, үнемі бұзушы не қаскөйлікпен бұзушы деп тану осы Кодекстің 130-бабының үшінші бөлігіне және 154-бабының төртінші бөлігіне сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 95-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 18.04.2017 № 58-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.12.2019 № 292-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Зандарымен.

96-бап. Мекеме түрін өзгерту

1. Дәрежесі екінші немесе үшінші оң мінез-құлықты сотталғандар сот алдында мекеменің түрін:

1) сотталғандар сот үкімі, қаулысы бойынша тағайындалған мерзімнің кемінде жартысын толық қауіпсіз мекемеде өтегеннен кейін – толық қауіпсіз мекемеден қауіпсіздігі барынша жоғары немесе орташа қауіпсіз мекемеге;

2) жазаны өтеудің жеңілдетілген және жеңілдікті жағдайларындағы сотталғандар онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыс үшін жаза мерзімінің кемінде төрттен бірін, ауыр қылмыстары үшін – жаза мерзімінің кемінде үштен бірін, ал бұрын бас бостандығын айыруды өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылғандар мен жазаның қалған өтелмеген бөлігі кезеңінде жаңа қылмыстар жасағандар – жаза мерзімінің кемінде үштен екісін өтегеннен кейін – орташа қауіпсіз немесе қауіпсіздігі барынша жоғары мекемелерден қауіпсіздігі барынша төмен мекемелерге өзгерту туралы өтінішхат беруге құқылы.

2. Мыналар:

1) қылмыстардың қауіпті қайталануы кезінде;

1-1) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 15-тарауында көзделген қылмыстар жасағаны үшін, қылмыспен келтірілген залалды өтемегендер;

2) аса ауыр қылмыстар, сондай-ақ террористік немесе экстремистік қылмыстар жасағаны үшін;

3) өмір бойына бас бостандығынан айыруға, сондай-ақ өмір бойына бас бостандығынан айыру кешірім жасау тәртібімен белгілі бір мерзімге бас бостандығынан айырумен ауыстырылған сотталғандар;

4) өлім жазасы түріндегі жазасы кешірім жасау тәртібімен немесе өлім жазасын жоятын заңның қолданылуына байланысты бас бостандығынан айыруға ауыстырылған;

5) міндетті емделуден өтпеген, сондай-ақ емдеу-профилактикалық мекемелерінде мамандандырылған емдеуді қажет ететін;

6) дәрежесі теріс мінез-құлықты сотталғандар қауіпсіздігі барынша төмен мекемелерге ауыстырылуға жатпайды.

3. Дәрежесі үшінші теріс мінез-құлықты және жазаны өтеудің белгіленген тәртібін қаскөйлікпен бұзушылық жасаған сотталғандарға қатысты сотқа:

1) қауіпсіздігі барынша төмен мекемеден - түрі бұрын сот үкімімен айқындаған мекемеге;

2) олар сот үкімімен жіберілген қауіпсіздігі барынша төмен мекемеден – орташа қауіпсіз мекемеге ауыстыру туралы ұсыну енгізіледі.

3) алып тасталды – ҚР 27.12.2019 № 292-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

3-1. Дәрежесі үшінші теріс мінез-құлыққа ие және осы Кодекстің 130-бабы екінші бөлігінің 1), 2), 7), 9), 11) және 12) тармақшаларында көзделген жазаны өтеудің белгіленген тәртібін қаскөйлікпен бұзушылық жасаған сотталғандарға қатысты сотқа

орташа, барынша жоғары қауіпсіз мекемеден – олар толық қауіпсіз мекемеге қайдан жіберілсе, сол қауіпсіздік түріндегі мекемеде жазаның қалған мерзімін өтей отырып, үш жылдан аспайтын мерзімге толық қауіпсіз мекемеге ауыстыру туралы ұсыну енгізіледі.

Бұл ретте сотқа ұсыну сотталған адам жазаны өтеудің белгіленген тәртібін алдыңғы қаскөйлікпен бұзушылығы үшін өзіне жеке адамдық камераға ауыстыру түріндегі жазалау шарасы қолданылғаннан кейін жазаны өтеудің белгіленген тәртібін қаскөйлікпен бұзушылықты жасаған жағдайда енгізіледі.

Сотталған жүкті әйелдерге және жанында жас балалары бар сотталған әйелдерге, сондай-ақ мүгедектігі бар сотталғандарға қатысты мекеме түрін толық қауіпсіз мекемеге өзгертуге жол берілмейді.

3-2. Мекеме әкімшілігі осы баптың үшінші және 3-1-бөліктерінде көзделген мекеменің түрін өзгерту туралы ұсынумен сотқа жүгінген жағдайда, мұндай ұсыну мен материалдардың көшірмелері келесі жұмыс күнінен кешіктірілмей прокурорға жіберіледі.

4. Сотталған адам жаза мерзімінің осы баптың бірінші бөлігінде белгіленген бір бөлігін өтеген кезде мекеме әкімшілігі дәрежесі екінші немесе үшінші оң мінез-құлықты сотталған адамды мекеме түрін өзгерту туралы мәселені қарау үшін сотқа өтінішхат беру құқығының басталғаны туралы бес күн мерзімде жазбаша хабардар етуге міндетті.

5. Сотталған адам мекеме түрін өзгерту туралы өтінішхатпен жүгінген жағдайда, әкімшілік өтінішхатты сотталған адамның жеке басына, жазасын өтеу уақытындағы мінез-құлқына, еңбек пен оқуға деген көзқарасына мінездеме беретін материалдарды және сотталған адамның жеке ісін қоса бере отырып, он күн ішінде сотқа жіберуге, сондай-ақ көрсетілген өтінішхатты жібергені туралы прокурорды жазбаша нысанда хабардар етуге міндетті.

6. Сот мекеменің түрін өзгертуден бас тартқан жағдайда, өтінішхат енгізу сот қаулысы шығарылған күннен бастап кемінде алты ай өткеннен кейін қайтадан орын алады.

7. Өзіне қатысты сот қауіпсіздігі барынша төмен мекемеден түрі бұрын сот үкімімен айқындалған мекемеге немесе орташа қауіпсіз мекемеге қайтару туралы қаулы шығарған сотталған адам сот қаулысы заңды күшіне енгенге дейін қауіпсіздігі аралас мекемеде ұсталады.

8. Егер сотталған адамды мекемеден осы баптың үшінші және 3-1-бөліктерінің тәртібімен ауыстыруға негіз болған тәртіптік жазаның күшін прокурор немесе сот жойса, мекеме әкімшілігі мекеменің түрін сотталған адам ауыстырылған қауіпсіздік түріндегі мекемеге өзгерту туралы мәселені қарау үшін сотқа өтінішхатпен жүгінуге міндетті, ал сотталушы құқылы.

Ескерту. 96-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 18.04.2017 № 58-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.07.2018 № 180-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.12.2019 № 292-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 29.12.2021 № 89-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.06.2022 № 129-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 17.03.2023 № 212-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

17-тарау. МЕКЕМЕЛЕРДЕ ЖАЗАНЫ ӨТЕУ РЕЖИМІ ЖӘНЕ ОНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҚҰРАЛДАРЫ

97-бап. Жазаны өтеу режимінің негізгі талаптары

1. Сотталғандарды күзету мен оқшаулауды, оларды үнемі қадағалауды; оларға жүктелген міндеттердің орындалуын, олардың құқықтары мен заңды мүдделерінің іске асырылуын; сотталғандардың, персоналдың және медицина қызметкерлерінің қауіпсіздігін; сотталғандардың белгілі бір санаттарын бөлек ұстауды, мекеме түріне қарай әртүрлі ұстау жағдайларын; жазаны өтеу жағдайларын өзгертуді қамтамасыз ететін, Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару заңнамасында белгіленген жазаны орындау және өтеу тәртібі мекемелерде жазаны өтеу режимі болып табылады.

Ескерту. 1-бөлікке өзгеріс енгізілді – ҚР 30.12.2021 № 95-VII Заңымен (мынадай: қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторларында ұсталатын адамдарға қатысты – 2022 жылғы 1 шілдеден бастап;

қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде ұсталатын адамдарға қатысты 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі).

2. Жазаны өтеу режимі жазаны орындау мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз ететін жағдайлар жасайды.

3. Мекемелерде мекемелердің ішкі тәртіптеме қағидалары қолданылады.

4. Қауіпсіздігі барынша төмен мекемелерді қоспағанда, барлық мекемелерде сотталғандар белгіленген нысандағы киімді киеді.

5. Сотталғандардың өзімен бірге алып жүруіне рұқсат етілетін заттар мен нәрселердің тізбесі мен саны мекемелердің ішкі тәртіптеме қағидаларында белгіленеді.

6. Сотталғандарға мекемелердің ішкі тәртіптеме қағидаларында көзделмеген ақша мен бағалы қағаздарды, сондай-ақ өзге де нәрселерді, құжаттарды, заттарды, бұйымдарды, заттектерді, тамақ өнімдерін сақтауға және пайдалануға тыйым салынады. Мұндайлар табылған жағдайда, оларды мекеме әкімшілігі алып қояды.

7. Сотталғандар заңда белгіленген тәртіппен иемденген ақшаны, бағалы қағаздарды, сондай-ақ нәрселерді, құжаттарды, заттарды, бұйымдарды, заттектер мен тамақ өнімдерін сақтауды мекеме әкімшілігі қамтамасыз етеді.

8. Мекемеге іргелес жатқан аумақтың шекарасын, сондай-ақ оны пайдалану режимін оның әкімшілігімен келісу бойынша облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары белгілейді.

9. Байланыс операторлары мен желілерді иеленушілер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) радиосигналды бұғаттау не абоненттік құрылғыларды санкциясыз пайдалануды анықтау және (немесе) оның жол кесу үшін арнаулы техникалық жабдықты мекеме аумағына орнату кезінде ішкі істер органдарына консультациялық-техникалық жәрдемдесуді;

2) мекемелер аумағында радиосигналдың таралуын азайту мақсатында уақтылы ден қоюды және шаралар қолдануды қоса алғанда, меншікті байланыс желілерін оңтайландыруды қамтамасыз етуге міндетті.

10. Жазаны өтеу режимін сақтауды және құқықтық тәртіпті ұстап тұруды қылмыстық-атқару жүйесінің қызметкерлері мен олардың иелігіндегі күштер мен құралдар қамтамасыз етеді.

Ескерту. 97-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 30.12.2021 № 95-VII (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз); 19.04.2023 № 223-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

98-бап. Жете тексеру мен тінту жүргізу

1. Мекеме қызметкерлері, сотталғандардың мінез-құлқын бақылау мен қадағалауды жүзеге асыруға уәкілетті адамдар мекеме аумағындағы және режимдік талаптар орнатылған, оған іргелес жатқан аумақтардағы адамдарға, олардың заттарына, көлік құралдарына жете тексеру жүргізеді және мекемелердің ішкі тәртіптеме қағидаларында көзделмеген нәрселерді, құжаттарды, заттарды, бұйымдарды, заттектерді, тамақ өнімдерін алып қояды.

2. Жедел қызметкерлердің баянаты бойынша мекемелердің қызметкерлері мен сотталғандардың мінез-құлқын бақылау мен қадағалауды жүзеге асыруға уәкілетті адамдар мекемеге келген адамдарға тінту жүргізеді.

Сотталғандармен ұзақ мерзімді кездесуге келген адамдардың заттарына тінту жасалады.

3. Мекемелердің ішкі тәртіптеме қағидаларында көзделмеген нәрселерді, құжаттарды, заттарды, бұйымдарды, заттектерді, тамақ өнімдерін алып өтуге әрекет жасау фактісі расталған жағдайда, ұзақ мерзімді кездесу құқығы берілген адамдар дереу шығарылады, кездесу тоқтатылады және пайдаланылды деп есептеледі.

4. Осы баптың үшінші бөлігінде көрсетілген, әкімшілік жауаптылыққа әкеп соғатын құқық бұзушылықтарға жол берген адамдар сот қаулысы заңды күшіне енген күннен бастап бір жылға сотталғандармен кездесулерден айырылады.

Осы баптың үшінші бөлігінде көрсетілген, қылмыстық жауаптылыққа әкеп соғатын құқық бұзушылықтарға жол берген адамдарға сот үкімі заңды күшіне енген күннен бастап сотталған адаммен кездесу берілмейді.

5. Сотталғандарға, олардың заттары мен киіміне, сондай-ақ мекеменің үй-жайына жете тексеру мен тінту жасалады.

Сотталғандардың жеке басын тінтуді сотталғандармен бір жыныстағы адамдар жүргізеді.

+10 °С-тан жоғары температура кезінде сотталғандарды жалпы тінту тексерулер жүргізу орындарында жүргізіледі, ал олар болмаған кезде – жергілікті учаскелерде арнаулы жиналмалы кабиналарда жүргізіледі. +10 °С-тан төмен температура кезінде жалпы тінту мекеменің үй-жайларында жүргізіледі.

Тұрғын үй-жайларды оларда сотталғандар болған кезде тінтуге мұны кейінге қалдыруға болмайтын жағдайларда жол беріледі.

6. Сотталғандардан, сондай-ақ мекеменің аумағынан табылған, кімге тиесілі екенін анықтау мүмкін болмаған ақшаны, бағалы қағаздарды және өзге де құндылықтарды әкімшілік мекемелердің ішкі тәртіптеме қағидаларына сәйкес алып қояды және олар сот қаулысы бойынша мемлекет кірісіне айналдыруға жатады.

Мекемелердің ішкі тәртіптеме қағидаларында көзделмеген нәрселер, құжаттар, заттар, бұйымдар, заттектер, тамақ өнімдері, оның ішінде мекеменің аумағынан және режимдік талаптар орнатылған, оған іргелес жатқан аумақтан табылғандары, мекеме әкімшілігінің комиссиялық шешімі бойынша туыстарына немесе сақтауға беріледі не мекеме бастығының қаулысы бойынша жойылады, бұл жөнінде акт жасалады.

7. Осы баптың бірінші, екінші, үшінші және төртінші бөліктерінде көзделген жағдайларда, жете тексеру мен тінту мекемелерде ұсталатын адамдардың мінез-құлқына бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі қызметті ұйымдастыру және жете тексеру мен тінту жүргізу қағидаларында көзделген тәртіппен жүргізіледі.

8. Жете тексеру мен тінту жүргізу нәтижесінде жасалатын немесе жасалған қылмыс не әкімшілік құқық бұзушылық белгілері байқалған кезде, одан әрі жете тексеру мен тінту тиісінше Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде немесе Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінде көзделген тәртіппен жүргізіледі.

99-бап. Қадағалаудың, бақылаудың және күзеттің инженерлік-техникалық құралдары

1. Мекеме әкімшілігі қашып шығудың, құқық бұзушылықтардың, жазаны өтеудің белгіленген тәртібін бұзудың алдын алу, сотталған адамдардың мінез-құлқы туралы қажетті ақпарат алу үшін бейнебақылау жүйелерін, электрондық және өзге де инженерлік-техникалық құралдарды пайдаланады.

2. Мекеме әкімшілігі сотталғандарға қорғау функциясын бір мезгілде орындайтын қадағалаудың, бақылаудың және күзеттің инженерлік-техникалық құралдары қолданылатыны, оны бұзу сотталғандардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретіні туралы жазбаша хабардар етуге міндетті.

Ескерту. 99-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 16.05.2024 № 82-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

100-бап. Мекемелердегі жедел-іздестіру, қарсы барлау қызметі және жасырын тергеу іс-қимылдары

1. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мекемелерде жедел-іздестіру, қарсы барлау қызметі және жасырын тергеу іс-қимылдары жүзеге асырылады, олардың міндеттері:

1) жазаларды орындау тәртібі мен шарттарын, сотталғандардың, мекемелер персоналының және өзге де адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

2) мекемелерде дайындалып жатқан және жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтардың және жазаны өтеу тәртібін бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, жолын кесу;

3) мекемелерден қашып шыққан сотталғандарды, сондай-ақ бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеуден жалтарып жүрген сотталғандарды іздестіру;

4) сотталғандардың мекемеге келгенге дейін жасаған қылмыстарын анықтауға және ашуға жәрдемдесу;

5) барлау және (немесе) нұқсан келтіру акцияларының алдын алу, ашу және жолын кесу болып табылады.

2. Жедел-іздестіру, қарсы барлау қызметін және жасырын тергеу іс-қимылдарын мекемелердің уәкілетті қызметтері, сондай-ақ басқа да уәкілетті мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде жүзеге асырады.

Ескерту. 100-бап жаңа редакцияда - ҚР 28.12.2016 № 36-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін екі ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).

101-бап. Ерекше жағдайлар режимі

1. Дүлей зілзала болған, мекеме орналасқан ауданда төтенше, ерекше немесе соғыс жағдайы енгізілген кезде, жаппай тәртіпсіздіктер болған, сондай-ақ сотталғандар топтасып бағынбаған кезде мекемеде ерекше жағдайлар режимі енгізілуі мүмкін.

2. Ерекше жағдайлар режимі қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті органның бірінші басшысының Қазақстан Республикасының Бас Прокурорымен келісілген шешімі бойынша отыз тәулікке дейінгі мерзімге енгізіледі.

Көрсетілген мерзімдерде ерекше жағдайлар режимін енгізу мақсаттарына қол жеткізілмеген жағдайда, оның қолданылу уақытын аталған лауазымды адамдар қосымша отыз тәулікке ұзартады.

3. Сотталғандардың, персоналдың немесе өзге де адамдардың өмірі мен денсаулығына тікелей қатер төнген жағдайда, қылмыстық-атқару жүйесі аумақтық органының басшысы аумақтық ішкі істер органының басшысымен және облыс прокурорымен немесе оған теңестірілген прокурормен келісу бойынша, қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті органның бірінші басшысын дереу хабардар ете отырып, осы баптың төртінші бөлігінде көзделген шараларды өз бетінше енгізуге құқылы.

Мұндай жағдайда, қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті органның бірінші басшысы хабарламаны алған күннен бастап бір тәулік ішінде ерекше жағдайлар режимін енгізу туралы немесе енгізілген шаралардың күшін жою туралы шешім қабылдайды.

4. Ерекше жағдайлар режимі қолданылған кезеңде және осы баптың үшінші бөлігінде көрсетілген жағдайларда, мекемеде сотталғандардың осы Кодекстің 105 – 113 -баптарында көзделген құқықтарының жүзеге асырылуы тоқтатыла тұруы, күзету мен қадағалаудың күшейтілген нұсқасы, объектілерге жіберудің ерекше тәртібі енгізілуі, күн тәртіптемесінің өзгеруі, өндірістік, коммуналдық-тұрмыстық, мәдени-ағарту, медициналық-санитариялық және өзге де қызметтердің жұмысы шектелуі мүмкін.

102-бап. Қауіпсіздік шаралары және оларды қолдану негіздері

1. Мекемелердің персоналына және сотталғандардың мінез-құлқына бақылауды және қадағалауды жүзеге асыруға уәкілетті адамдарға қарсылық көрсететін, олардың заңды талаптарына қаскөйлікпен бағынбайтын, жаппай тәртіпсіздіктерге, адамдарды кепілге алуға, өзге де адамдарға шабуыл жасауға қатысатын немесе қоғамға қауіпті басқа да әрекеттер жасайтын сотталғандарға, сондай-ақ мекемелерден қашып шыққан немесе қашып шыққандарды ұстап алу кезінде, көрсетілген құқыққа қайшы әрекеттердің жолын кесу және адамдардың айналасындағыларға немесе өзіне өзі зиян келтіруін болғызбау мақсатында дене күші, арнаулы құралдар және қару қолданылады.

Мекеме әкімшілігі келесі жұмыс күнінен кешіктірмей, прокурорды қауіпсіздік шараларының қолданылуы туралы жазбаша нысанда хабардар етеді.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген қауіпсіздік шараларын қолдану тәртібі заңмен айқындалады.

Ескерту. 102-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 27.12.2019 № 292-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

18-тарау. МЕКЕМЕЛЕРДЕ ЖАЗАНЫ ӨТЕУ ЖАҒДАЙЛАРЫ. СОТТАЛҒАНДАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

103-бап. Жазаны өтеу жағдайлары

1. Бір орташа қауіпсіз немесе қауіпсіздігі барынша жоғары мекеменің шегінде, сондай-ақ кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған орташа қауіпсіз мекемеде

сотталғандар жазаны өтеудің дағдылы, қатаң, жеңілдетілген және жеңілдікті жағдайларында болуы мүмкін.

2. Толық, төтенше қауіпсіз және қауіпсіздігі барынша төмен мекемелерде сотталғандар дағдылы, қатаң және жеңілдетілген жазаны өтеу жағдайларында болуы мүмкін.

3. Сотталғандарды бір жағдайдан басқаларына ауыстыру мекеме комиссиясының шешімі бойынша жүргізіледі, оның жұмысына облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының, сондай-ақ жұртшылық өкілдері қатыса алады.

Ескерту. 103-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 17.03.2023 № 212-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

104-бап. Сотталғандардың құқықтары мен міндеттері

1. Бас бостандығынан айыруға сотталғандардың осы Кодекстің 10-бабында белгіленген құқықтармен қатар, осы Кодексте және мекемелердің ішкі тәртіптеме қағидаларында көзделген тәртіппен:

- 1) тамақ өнімдерін, нәрселерді және заттарды алуға, сақтауға және пайдалануға;
- 2) күн тәртіптемесінде айқындалған уақытта кітапхананы, үстел ойындарын, музыкалық аспаптарды, ақшаны уақытша орналастырудың қолма-қол ақшаны бақылау шоттарындағы қаражаты есебінен жаздырып алынған мерзімді басылымдар мен әдебиетті, сондай-ақ дінтану сараптамасының оң қорытындысын алған діни әдебиетті пайдалануға;
- 3) сотталғандардың ерікті ұйымдарына кіруге;
- 4) жұбайымен (зайыбымен), туыстарымен байланысып тұруға;
- 5) күн тәртіптемесінде көзделген жеке уақытына иелік етуге;
- 6) өзіне қатысты есепке алу жазбаларына қол жеткізуге, сондай-ақ мұндай есепке алу жазбаларының ресми көшірмелерін алуға құқығы бар.

Сотталғандардың іске асырылуы жаза мақсаттарына, жазаны орындау және өтеу тәртібі мен шарттарына қайшы келмейтін өзге де құқықтары бар.

2. Бас бостандығынан айыруға сотталғандар осы Кодекстің 11-бабында белгіленген міндеттермен қатар, осы Кодексте және мекемелердің ішкі тәртіптеме қағидаларында көзделген тәртіппен:

- 1) мекеме әкімшілігі айқындайтын орындар мен жұмыстарда еңбек етуге;
- 2) үлгісін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін киім нысанын сақтауға;
- 3) сыртқы түр-сипатына ұқыппен қарауға;
- 4) тәртіптік изоляторлардағы, жазаны өтеудің қатаң жағдайларындағы, мекемелерде орналасқан медициналық ұйымдардағы, сондай-ақ жұмыс пен оқудағы адамдарды қоспағанда, мекемелерде өткізілетін іс-шараларға қатысуға;

Ескерту. 4) тармақшаға өзгеріс енгізілді – ҚР 30.12.2021 № 95-VII Заңымен (мынадай:

қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторларында ұсталатын адамдарға қатысты – 2022 жылғы 1 шілдеден бастап;

қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде ұсталатын адамдарға қатысты 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі).

5) мекемені абаттандыру және тұру жағдайларын жақсарту бойынша жұмыстарды орындауға;

6) өмір бойына бас бостандығынан айыруға сотталғандарды, өлім жазасы түріндегі жазасы кешірім жасау тәртібімен немесе өлім жазасын жоятын заңның қолданылуына байланысты бас бостандығынан айыруға ауыстырылған сотталғандарды, камераларда ұсталатын, мекемелерде орналасқан медициналық ұйымдардағы сотталғандарды қоспағанда, тамақ ішу үшін асханаға баруға;

Ескерту. 6) тармақшаға өзгеріс енгізілді – ҚР 30.12.2021 № 95-VII Заңымен (мынадай:

қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторларында ұсталатын адамдарға қатысты – 2022 жылғы 1 шілдеден бастап;

қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде ұсталатын адамдарға қатысты 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі).

7) камераларда, карантин бөлімшелерінде, тәртіптік изоляторларда, отрядтарда кезекшілік атқаруға;

8) санитариялық-гигиеналық нормаларды сақтауға;

9) өрт қауіпсіздігі және еңбек қауіпсіздігі талаптарын сақтауға міндетті.

3. Сотталғандардың осы Кодекске және мекемелердің ішкі тәртіптеме қағидаларына сәйкес:

1) мекемелер персоналының заңды әрекеттеріне қарсылық көрсетуге, оларға қызметтік міндеттерін орындауына кедергі келтіруге;

2) мекемелердің, басқа жеке не заңды тұлғалардың, оның ішінде сотталғандардың мүлкіне зиян келтіруге, оларға зиян келтіру қатерін төндіруге;

3) жазаны өтеуден немесе белгіленген міндеттерді орындаудан жалтару мақсатында өзіне, оның ішінде басқа адамның көмегімен дене зақымын келтіруге, өз денсаулығына зиян келтіруге;

4) жазаны өтеуден немесе белгіленген міндеттерді орындаудан жалтару мақсатында тамақ ішуден бас тартуға;

5) мемлекеттік органдарға және жергілікті өзін-өзі басқару органдарына сайлауға және сайлануға, республикалық референдумға қатысуға;

6) мекеме аумағын өз бетінше тастап кетуге, объектілердің не мекеме аумағы шекарасының күзет сызығын бұзуға, мекеме әкімшілігінің рұқсатынсыз тұрғын және өндірістік аймақтардың оқшауланған учаскелерінің шегінен тыс жерлерге шығуға,

ғимараттардың, цехтардың, құрылыстардың және мекеме аумағындағы басқа да құрылыстардың шатырына көтерілуге, ішкі тыйым салынған аймақ қоршауына жақындауға;

7) мекемелер аумағында жүріп-тұруға, өздері тұрмайтын және жұмыс істемейтін үй-жайлар мен өндірістік объектілерде болуға;

8) мекеме әкімшілігін хабардар етпестен, жұмыс орнын, сондай-ақ болуға арналған үй-жайды тастап кетуге;

9) жабдықты, оның ішінде егейтін жабдықты, құрал-саймандарды, электр энергиясын, механизмдер мен материалдарды өндірістік қажеттіліктен тыс пайдалануға ;

10) әкімшіліктің бақылауымен өткізілетін білім беру және мәдени іс-шараларды қоспағанда, Интернет желісін пайдалануға;

11) жұбайын (зайыбын) және жақын туыстарын, сондай-ақ сотталған адаммен некеде тұрмайтын, онымен ортақ балалары бар адамдарды қоспағанда, мекемелерде ұсталатын сотталғандармен телефон арқылы сөйлесуге;

12) жеке пайдаланылатын нәрселерді, бұйымдарды және заттарды басқа сотталған адамға беруге;

13) алкогольді, есірткі заттарын, психотроптық немесе басқа да есеңгірететін заттарды пайдалануға;

14) материалдық не басқа да пайда табу мақсатында карта, сондай-ақ басқа да ойындар ойнауға;

15) қарым-қатынаста нормативтік емес, оның ішінде сотталғандардың бейформальды қауымына тән лексиканы пайдалануға, лақап ат қоюға, өзінің немесе басқа да адамдардың денесіне сурет салуға;

16) мекеме комиссиясының рұқсатынсыз жануарлар асырауға және бақша егумен айналысуға;

17) жатын орындарын өзгертуге, сондай-ақ өндірістік объектілерде, коммуналдық-тұрмыстық және басқа да қызметтік және қосалқы үй-жайларда жатын орындар жабдықтауға;

18) мекеменің өндірістік және өзге де объектілерінде құрылыстар салуға, шкафтар мен сейфтер орнатуға;

19) камера есігіндегі қарайтын көзшені жабуға;

20) камерадан тыс жердегі сотталғандармен заңсыз байланыс орнатуға;

21) жазаны өтеу шарттары мен тәртібін бұзуға басқа сотталғандарды айдап салуға құқығы жоқ.

4. Сотталғандардың осы баптың талаптарын орындамауы заңда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

Ескерту. 104-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 27.12.2019 № 292-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 29.12.2021 № 89-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен

кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.12.2021 № 95-VII (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңдарымен.

105-бап. Тамақ өнімдері мен бірінші кезекте қажетті заттарды сатып алу

1. Сотталғандар тамақ өнімдері мен бірінші кезекте қажетті заттарды жазасын өтеу кезеңінде тапқан ақшасына не алатын зейнетақылары мен әлеуметтік жәрдемақыларының есебінен шектеусіз қолма-қол ақшасыз есеп айырысу бойынша сатып алуға құқылы.

Мұндайлар болмаған жағдайда, осы баптың үшінші бөлігінде аталған адамдарды қоспағанда, сотталғандардың тамақ өнімдері мен бірінші кезекте қажетті заттарды сатып алуы осы Кодексте белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Жеңілдікті жағдайларда жазасын өтеп жүрген сотталғандар ақшаны уақытша орналастырудың қолма-қол ақшаны бақылау шоттарындағы немесе банктік төлем карточкаларындағы қаражат есебінен шектеусіз қолма-қол ақшасыз есеп айырысу бойынша тамақ өнімдері мен бірінші кезекте қажетті заттарды сатып алуға құқылы.

2. Рұқсат етілген ақша сомасы ағымдағы айда жұмсалмаған жағдайда, сотталғандар тамақ өнімдері мен бірінші кезекте қажетті заттарды жұмсалмаған сомаға кейінгі айларда сатып алуға құқылы.

3. Жүкті әйелдер, балалары бар әйелдер, сондай-ақ мүгедектігі бар адамдар және емдеу-профилактикалық мекемелерде ұсталатын сотталғандар ақшаны уақытша орналастырудың қолма-қол ақшаны бақылау шоттарындағы қаражаты есебінен тамақ өнімдері мен бірінші кезекте қажетті заттарды шектеусіз сатып алуға құқылы.

4. Сотталғандарға сатуға рұқсат етілген тамақ өнімдерінің, сондай-ақ бірінші кезекте қажетті заттардың тізбесі мен саны мекеменің ішкі тәртіптеме қағидаларымен белгіленеді.

Ескерту. 105-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 27.12.2019 № 292-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 27.06.2022 № 129-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

106-бап. Кездесулер

1. Сотталғандарға ұзақтығы екі сағат қысқа мерзімді, мекеме аумағында ұзақтығы екі тәулік ұзақ мерзімді кездесулер беріледі.

Кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған орташа қауіпсіз мекемелерде мекемеден тыс жерде тұрумен ұзақтығы бес тәулікке дейін ұзақ мерзімді кездесулер беріледі.

Сотталған адамның немесе кездесуге келген адамның жазбаша өтініш жасауы бойынша кездесу ұзақтығы қысқартылуы мүмкін.

2. Жұбайымен (зайыбымен), туыстарымен немесе өзге де адамдармен қысқа мерзімді кездесулер сәлемдеме алу құқығымен, мекеме әкімшілігі өкілінің қатысуымен беріледі.

3. Туберкулездің жұқпалы түрімен ауыратындарды қоспағанда, сотталғандарға ұзақ мерзімді кездесулер жұбайымен (зайыбымен), жақын туыстарымен, сотталған адаммен некеде тұрмайтын, онымен ортақ балалары бар адамдарға бірге тұру құқығымен және сәлемдеме алу құқығымен беріледі.

4. Мекемеге келген сотталғандарға бірінші кездесу карантин бөлімшесінен шыққаннан кейін беріледі.

Кейінгі кездесулер осы Кодекске және мекемелердің ішкі тәртіптеме қағидаларына сәйкес беріледі.

5. Сотталғандарға олардың өтінуі бойынша ұзақ мерзімді кездесуді – қысқа мерзімді кездесумен, ал кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған орташа қауіпсіз мекемелерде мекемеден тыс жерде тұрумен берілетін ұзақ мерзімді кездесуді – мекеменің шегінен тыс шыға отырып, қысқа мерзімді кездесумен ауыстыруға рұқсат етіледі. Кездесулерді біріктіруге не бөлуге рұқсат етілмейді.

6. Сотталғандардың білікті заң көмегін алуы үшін олардың жазбаша немесе ауызша өтініші бойынша адвокаттармен саны, ұзақтығы шектеусіз және олардың құпиялылығы қамтамасыз етілетін жағдайларда кездесулер беріледі.

107-бап. Сауқаттар, сәлемдемелер мен бандерольдер алу және жіберу

1. Сотталғандар осы Кодексте көзделген тәртіппен сауқаттар, сәлемдемелер және бандерольдер алуға құқылы.

2. Сотталған адам медициналық қорытындыға сәйкес дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдар алуға құқылы. Жете тексергеннен кейін бұлар сотталған адамды емдеуге пайдалану үшін мекемеде орналасқан медициналық ұйымға жіберіледі.

Ескерту. 2-бөлікке өзгеріс енгізілді – ҚР 30.12.2021 № 95-VII Заңымен (мынадай: қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторларында ұсталатын адамдарға қатысты – 2022 жылғы 1 шілдеден бастап;

қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде ұсталатын адамдарға қатысты 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі).

3. Мекеме әкімшілігінің рұқсатымен сотталғандар сауқаттар мен бандерольдер жіберуге құқылы.

Ескерту. 107-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 30.12.2021 № 95-VII (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

108-бап. Хат жазысу, ақшалай аударымдарды жіберу және алу

1. Сотталғандар хаттар алуға және оларды ақшаны уақытша орналастырудың қолма-қол ақшаны бақылау шоттарындағы қаражаты есебінен саны шектеусіз жіберуге құқылы.

2. Сотталғандар жіберетін және алатын хат-хабарға қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен бақылау жасалады.

3. Ерлі-зайыпты не туыстар болып табылмайтын, мекемелерде ұсталатын сотталғандардың арасында хат жазысуға мекеме әкімшілігінің рұқсатымен жол беріледі.

4. Толық, төтенше қауіпсіз, қауіпсіздігі барынша жоғары, орташа қауіпсіз және қауіпсіздігі аралас мекемелерде ұсталатын сотталғандар айына екі реттен көп емес ақшалай аударымдарды алуға құқылы, бұл ретте олардың жалпы сомасы жиырма айлық есептік көрсеткіштен аспауға тиіс.

Сотталғандар жазаны өтеу кезеңінде тапқан жеке қаражаты есебінен жұбайына (зайыбына), туыстарына ақшалай аударымдарды шектеусіз жіберуге құқылы.

5. Қауіпсіздігі барынша төмен мекемелерде ұсталатын сотталғандар ақшалай аударымдарды шектеусіз алуға және жіберуге құқылы.

6. Барлық қолма-қол ақшасыз есеп айырысу нысандарын қолдануға байланысты қосымша көрсетілетін қызметтер сотталған адамның жеке қаражаты есебінен өтеледі.

7. Сотталған адам мекемеден кеткеннен кейін оның атына келіп түскен хаттар үш жұмыс күнінен кешіктірілмей, оның жазасын өтеу орны бойынша жөнелтіледі.

Ескерту. 108-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 27.12.2019 № 292-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

109-бап. Телефон арқылы сөйлесу

1. Сотталған адамның мекемелердің ішкі тәртіптеме қағидаларына сәйкес, әрқайсысының ұзақтығы он бес минут телефон арқылы сөйлесуге құқығы бар.

Телефон арқылы сөйлесудің ақысы сотталғандардың немесе олардың жұбайының (зайыбының), жақын туыстарының жеке қаражатынан төленеді.

Мекеме әкімшілігі сотталған адамның әлеуметтік байланыста болуын қолдау үшін қолда бар телекоммуникация құралдарын пайдаланады.

2. Жазаны өтеудің қатаң жағдайларындағы, сондай-ақ жазалау тәртібімен тәртіптік изоляторда не жалғыз адамдық камерада ұсталатын сотталғандардың: жұбайы (зайыбы), жақын туысы қайтыс болған немесе науқастың өміріне қатер төндіретіндей қатты ауырған; оның отбасына айтарлықтай материалдық залал келтірген дүлей зілзала болған және өзге де айрықша жеке мән-жайлар болған жағдайларда телефон арқылы сөйлесуге құқығы бар.

ҚР Конституциялық Сотының 27.12.2024 № 60-НҚ нормативтік қаулысымен осы кодекстің 109-бабының екінші бөлігі төмендегідей түсіндірмеде Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келеді деп танылды: қаралған нормаларда жазылған және сотталғандардың әлеуметтік байланыстарын қолдауға бағытталған телефон арқылы сөйлесу мүмкіндігін беру жағдайларының тізбесі түпкілікті болып табылмайды. Аталған нормалар Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес және Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің 10-бабының 7) және 8) тармақшаларымен, 106-бабының алтыншы бөлігімен және 107-бабының екінші бөлігімен, "Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы" 2018 жылғы 5 шілдедегі

Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 8) тармақшасымен және 45-бабы 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларымен өзара байланыста сотталған адамның жазаны өтеудің қатаң жағдайларында болған, сондай-ақ жазалау тәртібімен тәртіптік изоляторда ұсталған кезеңде білікті заң көмегін немесе медициналық көмек алу мақсатында телефон арқылы сөйлесу құқығын шектемейді.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің 109-бабы екінші бөлігінің, 134-бабы бірінші бөлігі 2) тармақшасының және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 17 қарашадағы № 819 бұйрығымен бекітілген Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің ішкі тәртіптеме қағидаларының 104-тармағының ережелерін қолданған кезде оларды өзгеше түсіндіруге жол берілмейді.

110-бап. Жазу керек-жарақтарын, әдебиетті, мерзімді басылымдарды сатып алу және сақтау

1. Сотталған адам бандерольдермен жазу керек-жарақтарын алуға, сауда желісі арқылы әдебиетті сатып алуға, сондай-ақ ақшаны уақытша орналастырудың қолма-қол ақшаны бақылау шоттарындағы қаражаты есебінен газеттер мен журналдарға шектеусіз жазылуға құқылы.

2. Сотталғандарға Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, тұтастығын бұзуды, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық астамшылықты, қатыгездікке табыну мен зорлық-зомбылықты насихаттауды және үгіттеуді қамтитын, сондай-ақ порнографиялық сипаттағы басылымдарды алуға, сатып алуға, жаздырып алуға, сақтауға және таратуға тыйым салынады.

3. Сауда желісі арқылы сатып алынатын әдебиеті бар бандерольдер сотталған адам алуға құқылы сауқаттар мен бандерольдер санына кірмейді.

4. Жазу керек-жарақтарын, әдебиетті, сондай-ақ газеттер мен журналдарды сақтау мекемелердің ішкі тәртіптеме қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

111-бап. Сейілдеулер

1. Жазасын камераларда өтеп жүрген, сондай-ақ жазалау тәртібімен тәртіптік изоляторға жабылған және жалғыз адамдық камераларға ауыстырылған сотталғандардың осы Кодексте белгіленген тәртіппен күн сайын сейілдеуге құқығы бар.

2. Сотталғандардың сейілдеуі күндізгі уақытта мекеме аумағының арнайы жабдықталған бөлігінде жүргізіледі.

3. Сотталған адам мекемелердің ішкі тәртіптеме қағидаларын бұзған жағдайда, сейілдеу мерзімінен бұрын тоқтатылады.

112-бап. Радиохабарлар тыңдау және телехабарлар көру

1. Сотталғандардың жұмыс пен міндетті бұқаралық іс-шаралардан бос уақытта, мекеменің күн тәртіптемесімен ұйықтауға бөлінген уақыттан басқа кезде радиохабарлар тыңдауға құқығы бар.

2. Жазалау тәртібімен тәртіптік изоляторларға жабылғандарды және жалғыз адамдық камераларға ауыстырылғандарды қоспағанда, сотталғандардың жұмыс пен міндетті бұқаралық іс-шаралардан бос уақытта, мекеменің күн тәртіптемесімен ұйықтауға бөлінген уақыттан басқа кезде телехабарлар көруге құқығы бар.

113-бап. Мекеменің шегінен тыс жерге шығу

1. Мекемелерде ұсталатын, сондай-ақ шаруашылық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды жүргізу үшін қауіпсіздігі аралас мекемелерде қалдырылған және толық қауіпсіз мекемеге жіберілген сотталғандардың мекеменің шегінен тыс жерге:

1) қысқа мерзімге – жұбайының (зайыбының), жақын туысының қайтыс болуына немесе науқастың өміріне қатер төндіретіндей қатты ауыруына, оның отбасына айтарлықтай материалдық залал келтірген дүлей зілзалаға байланысты, бару-қайту жолына қажет (бес тәуліктен аспайтын) уақытты есептегенде, жеті тәуліктен аспайтын мерзімге;

2) ұзақ мерзімге – қауіпсіздігі барынша төмен мекемеде жыл сайынғы ақылы демалыс уақытына шығуға құқығы бар.

2. Мекемелердің балалар үйінде балалары бар сотталған әйелдердің балаларын жұбайына, туыстарына не балалар үйіне орналастыру үшін мекеменің шегінен тыс жерге қысқа мерзімге шығуға құқығы бар.

Мекемеден тыс жерде кәмелетке толмаған мүгедектігі бар балалары бар сотталған әйелдердің олармен кездесу үшін жылына бір рет қысқа мерзімге шығуына құқығы бар.

3. Осы баптың бірінші және екінші бөліктерінде көрсетілген негіздер бойынша мынадай:

1) қайталап қауіпті қылмыс жасаған;

2) өлім жазасы түріндегі жазасы кешірім жасау тәртібімен немесе өлім жазасын жоятын заңның қолданылуына байланысты бас бостандығынан айыруға ауыстырылған;

3) өмір бойына бас бостандығынан айыруға сотталған;

4) есінің дұрыстығы жоққа шығарылмайтын, психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылығы (ауруы) бар адам деп танылған, сондай-ақ туберкулезден, инфекциядан, психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылығынан (ауруынан) емделуді аяқтамаған;

5) террористік, экстремистік қылмыстар үшін не қылмыстық топ құрамында жасалған қылмыстар үшін, сондай-ақ жас балалардың жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыс үшін;

6) дәрежесі екінші немесе үшінші теріс мінез-құлықты сотталғандарға шығуға рұқсат етілмейді.

4. Бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар, денсаулық жағдайына байланысты үнемі күтімге мұқтаж сотталғандардың, сондай-ақ кәмелетке толмаған сотталғандардың жұбайымен (зайыбымен), туысымен немесе өзге еріп жүруші адаммен бірге мекеме шегінен тыс жерге шығуына рұқсат етіледі.

5. Сотталған адамның шығу туралы өтініші бір тәуліктік мерзімде қаралады. Шығуға рұқсатты мекеме бастығы не оны алмастыратын адам осы баптың үшінші бөлігінде көзделген талаптарды және сотталған адамның мінез-құлқын ескере отырып береді.

6. Сотталған адамның мекеме шегінен тыс жерде болу уақыты жазаны өтеу мерзіміне есептеледі.

7. Сотталған адамның мекеме шегінен тыс жерге шығуына байланысты шығыстарын ол ақшаны уақытша орналастырудың қолма-қол ақшаны бақылау шоттарындағы қаражаттан төлейді не өзге адамдар төлейді.

8. Сотталған адамның белгіленген мерзімде қайтып оралуын қиындататын, күтпеген мән-жайлар туындаған жағдайда, сотталған адам болған жердегі ішкі істер органы бастығының уәжді қаулысымен мекемеге оралу мерзімі мекеме әкімшілігін дереу хабардар ете отырып, бес тәулікке дейін ұзартылады.

9. Сотталған адам мерзімінде оралмаған кезде мекеме әкімшілігі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен іздестіруді жүзеге асырады.

Ескерту. 113-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 07.07.2020 № 361-VI (қолданысқа енгізілген күннен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі); 29.12.2021 № 89-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.06.2022 № 129-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

114-бап. Міндетті әлеуметтік сақтандыру, әлеуметтік, зейнетақымен қамсыздандыру

1. Жұмыспен қамтылған сотталғандар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес міндетті әлеуметтік сақтандыруға жатады.

2. Сотталған әйелдер Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне сәйкес жүктілікке және босануға байланысты кірісінен айырылу жағдайына арналған әлеуметтік төлемдермен қамтамасыз етіледі.

3. Сотталғандардың Қазақстан Республикасының әлеуметтік қорғау туралы заңнамасына сәйкес әлеуметтік және зейнетақымен қамсыздандырылуға құқығы бар.

4. Мекемелерде бас бостандығынан айыруды өтеп жүрген сотталғандарға қатысты ерікті медициналық сақтандырудың қолданысы өтеу мерзімі аяқталғанға дейін тоқтатыла тұрады.

Ескерту. 114-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 26.12.2019 № 287-VI (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі); 20.04.2023 № 226-VII (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

115-бап. Материалдық-тұрмыстық қамтамасыз ету

1. Мекемелердегі бір сотталған адамға шаққандағы тұрғын алаңның нормасы – екі жарым шаршы метрден, әйелдерді ұстауға арналған мекемелерде – үш шаршы метрден, кәмелетке толмағандар үшін – үш жарым шаршы метрден кем болмауы керек.

2. Сотталғандардың тұрақты тұруына арналған ортақ тұрғын үй-жайларда, бөлмелер мен камераларда нақты бар тұрғын алаң негізге алына отырып, осы баптың бірінші бөлігінде белгіленген нормаларға сәйкес жазаны өтеу орындарының лимиті айқындалады.

Әр мекеме үшін жазаны өтеу орындарының лимитін қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті орган белгілейді және сотталғандардың тұрақты тұруына арналған жаңа тұрғын алаңдар пайдалануға берілген және бұрыннан бар тұрғын алаңдар реконструкцияланған кезде өзгереді.

3. Сотталғандарға жеке жатын орындар мен төсек керек-жарақтары беріледі.

Сотталғандар тамақпен, бірінші кезекте қажетті заттармен, жынысы және климаттық жағдайлар ескеріле отырып, маусым бойынша киіммен, ішкііммен және аяқкиіммен бюджет қаражаты есебінен қамтамасыз етіледі.

4. Сотталғандарды еңбекке тартатын кәсіпорындар қаражаты есебінен оларға белгіленген нормалардан тыс қосымша тамақтандыру ұйымдастырылуы мүмкін.

Тамақ өнімдері мен бірінші кезекте қажетті заттарды сатып алу үшін жұмсауға рұқсат етілетін, осы Кодексте белгіленген ақша сомасынан асырып, сотталғандар ақшаны уақытша орналастырудың қолма-қол ақшаны бақылау шоттарындағы қаражатынан: мекемелерде пайдалануға рұқсат етілген аяқкиім мен киімді, оның ішінде спорттық аяқкиім мен киімді қосымша сатып алуға; медициналық көрсетімдер бойынша қажетті емдәмдік тамақ алуға; өздерінің қалауы бойынша көрсетілетін емдеу-профилактикалық және нормативтік құқықтық актілерде айқындалатын өзге де қосымша қызметтер көрсетудің ақысын төлеуге құқылы.

5. Жүкті әйелдерге, бала емізетін аналарға, кәмелетке толмағандарға, сондай-ақ науқастар мен мүгедектігі бар адамдарға жақсартылған тұрғынжай-тұрмыстық жағдайлар жасалады және тамақтанудың жоғарылатылған нормалары белгіленеді.

6. Мүгедектігі бар сотталғандар ұсталатын ғимараттар мен үй-жайлар арнаулы техникалық құралдармен және құрылғылармен жабдықталады.

Ескерту. 115-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 27.06.2022 № 129-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

116-бап. Сотталған жүкті әйелдерді, бала емізетін аналарды және балалары бар әйелдерді материалдық-тұрмыстық қамтамасыз ету ерекшеліктері

1. Балалары бар сотталған әйелдер жазасын өтеп жүрген мекемелерде балалар үйлері ұйымдастырылуы мүмкін.

Мекемелердің балалар үйлерінде Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес балалардың қалыпты тұруы мен дамуына қажетті жағдайлар қамтамасыз етіледі. Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беруді ұйымдастыруды жергілікті атқарушы орган қамтамасыз етеді.

Сотталған әйелдер өздерінің үш жасқа дейінгі балаларын мекемелердің балалар үйлеріне орналастырады және жұмыстан бос уақытта олармен шектеусіз қарым-қатынаста болады. Оларға балаларымен бірге тұруға рұқсат етіледі.

2. Сотталған әйелдердің жазбаша келісімімен бала (балалар) олардың жұбайларына, туыстарына немесе сот шешімімен өзге де адамдарға беріледі не бала (балалар) үш жасқа толғаннан кейін тиісті балалар мекемелеріне жіберіледі.

Сотталған әйелдің мекеме әкімшілігіне өтінішхаты бойынша, мынадай жаза мерзімін өтеу бойынша босатуға;

сотталған әйелдің мерзімінен бұрын шартты түрде босату, жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түрімен ауыстыру туралы өтінішхат беру құқығы басталғанға дейін бір жылдан аз уақыт қалған жағдайларда, бала (балалар) төрт жасқа толғанға дейін сотталған әйелмен бірге қала алады.

3. Сотталған жүкті әйелдер мен бала емізетін аналардың саны мен ассортименті медициналық қорытындыда айқындалатын азық-түлік салынған сауқаттар мен сәлемдемелер алуына болады. Сотталған жүкті әйелдердің босану уақытында және босанғаннан кейінгі кезеңде әйелдердің мамандандырылған медициналық көмекке құқығы бар.

4. Мекемелердің балалар үйлерінде балалар тамақпен, бірінші кезекте қажетті заттармен, жеке жатын орынмен, төсек керек-жарақтарымен, жынысы мен климаттық жағдайлар ескеріле отырып, маусым бойынша киіммен, ішкііммен және аяқкиіммен бюджет қаражаты есебінен қамтамасыз етіледі.

Ескерту. 116-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 17.03.2023 № 212-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

117-бап. Медициналық-санитариялық қамтамасыз ету

1. Сотталғандарға медициналық көмек Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасына сәйкес көрсетіледі.

2. Қылмыстық-атқару жүйесінде сотталғандарға амбулаториялық, стационарды алмастыратын, стационарлық жағдайларда медициналық көмек көрсету үшін медициналық ұйымдар (соматикалық, психиатриялық және туберкулезге қарсы ауруханалар (бөлімшелер), амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін ұйым) ұйымдастырылады. Психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты психикасының, мінез-құлқының бұзылулары (аурулары) бар сотталғандарды мәжбүрлеп емдеуді мекемеде орналасқан медициналық ұйым жүзеге асырады.

Ескерту. 2-бөлік жаңа редакцияда – ҚР 30.12.2021 № 95-VII Заңымен (мынадай: қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторларында ұсталатын адамдарға қатысты – 2022 жылғы 1 шілдеден бастап;

қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде ұсталатын адамдарға қатысты 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі).

3. Мекеме әкімшілігі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген санитариялық-гигиеналық және эпидемияға қарсы талаптардың орындалуына жауапты болады.

3-1. Мекеме әкімшілігі сотталғандарға медициналық қызмет көрсетуге арналған үй-жайларды ұсынады және осы үй-жайлардың тиісінше жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

Ескерту. 3-1-бөлікпен толықтырылды – ҚР 30.12.2021 № 95-VII Заңымен (мынадай: қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторларында ұсталатын адамдарға қатысты – 2022 жылғы 1 шілдеден бастап;

қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде ұсталатын адамдарға қатысты 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі).

4. Мекемелерде туберкулезге қарсы көмекті, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды ұйымдастыру және ауруына байланысты жазасын өтеуден босатуға ұсынылатын сотталғандарды медициналық куәландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 4-бөлікке өзгеріс енгізілді – ҚР 30.12.2021 № 95-VII Заңымен (мынадай: қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторларында ұсталатын адамдарға қатысты – 2022 жылғы 1 шілдеден бастап;

қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде ұсталатын адамдарға қатысты 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі).

5. Жазасын өтеп жүрген адам қайтыс болған жағдайда, мекеме әкімшілігі бұл туралы прокурорға, жұбайына (зайыбына) немесе туыстарына, ал шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам қайтыс болған жағдайда – қосымша Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне дереу жазбаша нысанда хабарлайды.

Ескерту. 117-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 07.07.2020 № 361-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) ; 30.12.2021 № 95-VII (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңдарымен.

118-бап. Материалдық жауаптылық

1. Жазасын өтеу кезінде мемлекетке, мекемеге, жеке немесе заңды тұлғаларға материалдық залал келтірген жағдайда, сотталғандар заңда белгіленген тәртіппен материалдық жауаптылықта болады.

2. Сотталған адам мемлекетке, мекемеге келтірген залалдың, өзінің қашып шығуының жолын кесуге, сондай-ақ осы Кодекстің 130-бабы екінші бөлігінің 2) тармақшасында көзделген жағдайларда өз денсаулығына қасақана зиян келтірген жағдайда өзін емдеуге байланысты қосымша шығындардың орнын толтыруға тиіс.

19-тарау. БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРУҒА СОТТАЛҒАНДАРДЫҢ ЕҢБЕГІ, ОЛАРҒА ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ

119-бап. Еңбекке тарту

1. Мекемелердің әкімшілігі сотталғандарды қылмыстық-атқару жүйесінің кәсіпорындарына жұмысқа орналастырады, мекемелердің аумағында не оларды күзету мен оқшаулау қамтамасыз етілген кезде оның шегінен тыс жерде орналасқан ұйымдарда жұмысқа орналасуға жәрдем көрсетеді.

Мекемелердің әкімшілігі еңбекке қабілетті барлық сотталғандарды ақысы төленетін жұмысқа тарту үшін жұмыс орындарын құру жөнінде шаралар қолданады.

2. Сотталғандарды жұмысқа орналастыру кезінде әкімшілік олардың жынысын, жасын, денсаулық жағдайын, еңбекке қабілеттілігін, мүмкіндігінше – мамандығын және жазаны өтеу уақытында оны алуын ескеруге міндетті.

3. Сотталғандарды қылмыстық-атқару жүйесіне кірмейтін ұйымдардың объектілерінде еңбекке тарту мекеме әкімшілігі, ұйым және сотталған адам арасындағы шарттардың негізінде жүзеге асырылады.

4. Сотталғандар мекемелер аумағында жеке еңбек қызметімен айналысуға құқылы.

5. Сотталғандарды камералық ұстау жағдайларында еңбекке тарту осы Кодекстің 149-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

6. Сотталғандарды пайдалануға тыйым салынатын жұмыстар мен лауазымдардың тізбесі мекемелердің ішкі тәртіптеме қағидаларында белгіленеді.

7. Мекемелердің ұйымдарында ерікті жалданушы инженерлік-техникалық жұмыскерлер мен білікті жұмысшылардың еңбегін жұмыс істейтін сотталғандар санының он бес пайызына дейінгі шекте пайдалануға жол беріледі.

8. Сотталғандарға еңбек жанжалдарын шешу мақсатында жұмысты тоқтатуға тыйым салынады. Жеке еңбек даулары Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында белгіленген тәртіппен шешіледі.

9. Сотталғандардың жұмыс орындарын ұйымдастыру үшін мекемелер аумағында орналасқан өндірістік объектілерді өзге меншік нысандарындағы ұйымдарға беру Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

10. Еңбек объектілерінде ұжымдық еңбек даулары, төтенше жағдайлар және оқиғалар туындаған жағдайда мекеме әкімшілігі келесі жұмыс күнінен кешіктірмей, бұл туралы еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесін және прокурорды жазбаша нысанда хабардар етеді.

Еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесі және прокурор мұндай хабарламаны алған соң Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шаралар қабылдайды.

Ескерту. 119-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 27.12.2019 № 292-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 08.07.2024 № 116-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

120-бап. Еңбек жағдайлары және оған ақы төлеу

1. Сотталғандардың еңбек жағдайлары Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен айқындалады.

2. Сотталғандардың еңбегіне ақы төлеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады және жалақының белгіленген ең төмен мөлшерінен төмен болмауға тиіс.

121-бап. Мекемені абаттандыру және онда тұру жағдайларын жақсарту жөніндегі жұмыстарға тарту

1. Сотталғандар кезектілік тәртібімен жұмыстан бос уақытта ұзақтығы аптасына екі сағаттан аспайтын:

1) камераларды, бөлмелерді және ортақ пайдаланылатын үй-жайларды абаттандыру бойынша;

2) негізгі қоршауда және ішкі тыйым салынған аймақтың шегінен тыс жерде орналасқан инженерлік-техникалық қадағалау, бақылау және күзету құралдары бар объектілерді қоспағанда, мекеменің аумағын және оған іргелес жатқан аумақты абаттандыру бойынша;

3) мәдени-тұрмыстық және санитариялық-гигиеналық тұру жағдайларын жақсарту бойынша ақысы төленбейтін жұмыстарға тартылады.

2. Стационарлық жағдайларда медициналық көмек алу үшін мекемелерде орналасқан медициналық ұйымдағыларды қоспағанда, сотталғандардың осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген жұмыстарды орындаудан бас тартуы осы Кодексте көзделген жазалау шараларын қолдануға әкеп соғады.

Ескерту. 2-бөлікке өзгеріс енгізілді – ҚР 30.12.2021 № 95-VII Заңымен (мынадай: қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторларында ұсталатын адамдарға қатысты – 2022 жылғы 1 шілдеден бастап;

қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде ұсталатын адамдарға қатысты 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. 121-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 30.12.2021 № 95-VII (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

122-бап. Жалақыдан, зейнетақыдан, жәрдемақылардан және өзге де кірістерден ұстап қалу

Сотталғандардың жалақысынан, зейнетақысынан, жәрдемақыларынан және өзге де кірістерінен атқару парақтары немесе басқа да атқарушылық құжаттар бойынша сомаларды ұстап қалу Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен, бірақ көрсетілген кірістердің жалпы сомасының елу пайызынан аспайтын мөлшерде жүргізіледі. Ұстап қалудан қалған сома ақшаны уақытша орналастырудың қолма-қол ақшаны бақылау шотының есебіне жатқызылады.

123-бап. Техникалық және кәсіптік білім беру

1. Мекемелерде сотталғандарға техникалық және кәсіптік білім беру жүзеге асырылады.

2. Сотталғандарға техникалық және кәсіптік білім беруді ұйымдастыру үшін кәсіптер мен мамандықтар тізбесін еңбек нарығының мониторингін ескере отырып, жергілікті атқарушы органдармен келісу бойынша мекеме әкімшілігі қалыптастырады.

3. Техникалық және кәсіптік білім беруді ұйымдастыру білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті орган бекіткен қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады.

20-тарау. БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРУҒА СОТТАЛҒАНДАРҒА ТӘРБИЕЛІК ЫҚПАЛ ЕТУ

124-бап. Тәрбие жұмысы

1. Сотталғандармен тәрбие жұмысы олардың түзелуіне, заңдардың талаптарын сақтауға, еңбекке және өзге де қоғамға пайдалы қызметпен айналысуға, білім деңгейі мен мәдени деңгейін арттыруға, сотталғандарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетуге бағытталған бағдарламаларға қатысуға ұмтылысын қалыптастыру мен нығайтуға бағытталған.

2. Мекемелерде қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті орган бекіткен қағидаларға сәйкес, имандылыққа, әлеуметтік-құқықтық, еңбекке, дене шынықтыруға тәрбиелеу және өзге де тәрбие түрлері жүзеге асырылады.

3. Сотталғандармен тәрбие жұмысы түзеу мекемесінің түрі, жаза мерзімі, ұстау жағдайлары ескеріле отырып, сараланып ұйымдастырылады. Ол психологиялық-педагогикалық әдістер қолданыла отырып, жеке, топтық және көпшілік нысандарда жүзеге асырылады.

Әрбір сотталған адаммен тәрбие жұмысы оның жеке басының дара ерекшеліктері мен жасаған қылмыстарының мән-жайлары ескеріле отырып жүргізіледі.

4. Сотталғандардың тәрбиелік іс-шараларға қатысуы оларға көтермелеу және жазалау шараларын қолдану, сондай-ақ олардың мінез-құлқын бағалау кезінде ескеріледі.

125-бап. Әлеуметтік бейімдеу және психологиялық көмек жөніндегі жұмыс

1. Мекемелердің әкімшілігі сотталғандармен жеке тәртіппен олардың қажеттіліктеріне сәйкес, әлеуметтік бейімдеу жөніндегі жұмыстар мен психологиялық жұмыс жүргізеді.

2. Сотталғандарды әлеуметтік бейімдеу жөніндегі жұмыс мынадай:

1) сотталғандармен жұмыс жөніндегі жеке бағдарламаларды әзірлеу;

2) сотталғандарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетуге бағытталған бағдарламаларды әзірлеу, ұйымдастыру және іске асыру;

3) мемлекеттік органдарды, жергілікті атқарушы органдарды және жұртшылықты сотталғандарға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетуге тарту;

4) сотталғандардың жағымды әлеуметтік байланыстарын нығайтуға жәрдемдесу;

5) босатылатын адамдарға осы Кодекстің 27-тарауына сәйкес көмек көрсету нысандарында жүзеге асырылады.

3. Мекеме әкімшілігі сотталған адамды түзеу мақсатында оның қоғамның толыққанды мүшесінің әлеуметтік мәртебесінде қалпына келуіне, құқық нормалары мен жалпы қабылданған мінез-құлық нормалары негізінде оның қоғамда өз бетінше өмір сүруге оралуына жәрдемдеседі (қайта әлеуметтендіру).

4. Сотталғандармен тәрбие жұмысын жүргізуге психолог тартылады, ол әрбір сотталған адамның жеке басының жеке-психологиялық ерекшеліктеріне диагностика жүргізеді және сотталғандардың оқшаулау жағдайларына, әлеуметтік ортаға және ұстау режиміне бейімделуіне, адамдар арасындағы қатынастарды оңтайландыруға, сондай-ақ босап шығуға дайындалуына психологиялық көмек көрсетеді.

126-бап. Сотталғандардың ерікті ұйымдары

1. Сотталғандардың түзелуіне жәрдемдесу мақсатында мекемелерде ерікті негізде мекеме әкімшілігінің бақылауымен жұмыс істейтін сотталғандардың ұйымдары құрылады.

Өзін жақсы жағынан көрсеткен сотталғандардың арасынан мекемелер ұжымдары мен отрядтарының кеңестері құрылады.

2. Мыналар сотталғандардың ерікті ұйымдарының негізгі міндеттері болып табылады:

- 1) мекемеде оң моральдық-психологиялық ахуал қалыптастыру;
- 2) сотталғандардың жағымды әлеуметтік байланыстарын дамыту;
- 3) сотталғандардың қоғамдық-пайдалы бастамасын қолдау;
- 4) сотталғандарға рухани, кәсіптік және дене бітімінің дамуына көмек көрсету;

5) сотталғандардың еңбегін, тұрмысын және бос уақытын ұйымдастыруға жәрдемдесу.

3. Ерікті ұйымдардың жұмысына қатысу сотталғандардың мінез-құлық дәрежесін айқындау және мінездемелерін жасау кезінде ескеріледі.

4. Сотталғандардың ерікті ұйымдарының мүшелері қосымша жеңілдіктерді, артықшылықтарды пайдаланбайды және мекеме әкімшілігінің өкілеттіктеріне ие бола алмайды.

127-бап. Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім алуды ұйымдастыру

1. Мекемелерде отыз жасқа толмаған сотталғандардың бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімді міндетті түрде алуы ұйымдастырылады.

2. Отыз жастан асқан сотталғандар мен мүгедектігі бар сотталғандар бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімді өздерінің қалауы бойынша алады.

3. Емтихандарды тапсыру үшін оқушылар Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыстан босатылады.

4. Өмір бойына бас бостандығынан айыру жазасын өтеп жүрген, емдеу-профилактикалық мекемелерінде, тәртіптік изоляторларда, жалғыз адамдық

камераларда, уақытша оқшаулау үй-жайларында жатқан, сондай-ақ мекемелердегі құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету үшін қауіпсіздігі аралас мекемелерге ауыстырылған сотталғандарға өз бетінше бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім алу үшін жағдайлар жасалады.

5. Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуға ұмтылыс көтермеленеді және сотталғандардың мінез-құлық дәрежесін айқындау және мінездемелерін жасау кезінде ескеріледі.

Ескерту. 127-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 27.12.2019 № 292-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 27.06.2022 № 129-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

21-тарау. БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРУҒА СОТТАЛҒАНДАРҒА КӨТЕРМЕЛЕУ ЖӘНЕ ЖАЗАЛАУ ШАРАЛАРЫН ҚОЛДАНУ

128-бап. Көтермелеу шаралары

1. Жақсы мінез-құлқы, еңбекке, оқуға адал қарағаны, ерікті құрылымдардың жұмысына және тәрбиелік іс-шараларға белсенді қатысқаны, қылмыспен келтірілген залалдың орнын толтыру жөнінде шаралар қолданғаны үшін сотталғандарға мынадай көтермелеу шаралары:

- 1) алғыс жариялау;
- 2) сыйлықпен марапаттау;
- 3) сыйлықақы беру;
- 4) қосымша қысқа мерзімді кездесу беру;

5) мереке күндері тамақ өнімдері мен бірінші кезекте қажетті заттарды сатып алуға бір айлық есептік көрсеткішке дейінгі сомада қосымша ақша жұмсауға рұқсат беру;

- 6) бұрын белгіленген жазаны мерзімінен бұрын алып тастау қолданылады.

2. Қауіпсіздігі барынша төмен мекемеде жазасын өтеп жүрген сотталғандарға, осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген көтермелеу шараларынан басқа, демалыс және мереке күндерін сағат тоғыздан он сегізге дейін мекеменің шегінен тыс жерде өткізуге рұқсат беріледі.

129-бап. Көтермелеу шараларын қолдану тәртібі

1. Осы Кодекстің 128-бабы бірінші бөлігінің 1) – 5) тармақшаларында көзделген көтермелеу – мінез-құлқының бағалауы жоқ не дәрежесі бірінші, екінші немесе үшінші оң мінез-құлықты сотталғандарға, ал 6) тармақшадағы – дәрежесі бірінші немесе екінші теріс мінез-құлықты сотталғандарға, осы баптың үшінші бөлігінде айқындалған тәртіппен қолданылады.

2. Дәрежесі екінші немесе үшінші оң мінез-құлықты сотталғандарға көтермелеу тәртібімен жылына төрт ретке дейін қосымша қысқа мерзімді кездесу алуға рұқсат беріледі.

3. Бұрын қолданылған жазаны мерзімінен бұрын алып тастауға жазаны өтеудің белгіленген тәртібін бұзғаны үшін жаза қолданылған күннен бастап кемінде үш ай өткен соң жол беріледі. Жазаны өтеудің белгіленген тәртібін қаскөйлікпен бұзғаны үшін жазаны мерзімінен бұрын алып тастауға жол берілмейді.

4. Көтермелеу мекеменің лауазымды адамының уәжді қаулысымен қолданылады.

Ескерту. 129-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 18.04.2017 № 58-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

130-бап. Жазаны өтеудің белгіленген тәртібін бұзу

1. Осы Кодексте және мекемелердің ішкі тәртіптеме қағидаларында белгіленген талаптарды орындамау жазаны өтеудің белгіленген тәртібін бұзу болып табылады.

2. Мыналар жазаны өтеудің белгіленген тәртібін қаскөйлікпен бұзушылықтар болып табылады:

1) мекемені абаттандыру және тұру жағдайларын жақсарту жөніндегі жұмыстардан дәлелсіз себептермен бас тарту;

2) мекеме әкімшілігінің өкілдеріне қатер төндіру, оларды қорлау, оларға бағынбаушылық, оның ішінде жазаны өтеу режимін бұзу мақсатында, өзіне қандай да бір қасақана зақым келтірумен ұштасқан бағынбаушылық;

ҚР Конституциялық Сотының 06.12.2023 № 37-НҚ нормативтік қаулысымен осы кодекстің 130-бабы екінші бөлігінің 2) тармақшасы Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келеді деп танылды.

3) мекемелердің ішкі тәртіптеме қағидаларында көзделмеген нәрселерді, құжаттарды, заттарды, бұйымдарды, заттектерді, тамақ өнімдерін беру (алу), жасау, сақтау;

4) сот тағайындаған міндетті және мәжбүрлеп емдеуден жалтару;

5) мекеме әкімшілігі осы Кодекстің 119-бабына сәйкес ұсынған ақысы төленетін жұмыстан бас тарту;

6) қауіпсіздігі барынша төмен мекеменің және жұмыс объектісінің аумақтарын өз бетінше тастап кету;

7) осы Кодекстің 113-бабының сегізінші бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда, мекеменің шегінен тыс жерге қысқа мерзімді шығуға рұқсат етілген сотталған адамның мекемеге белгіленген мерзімде оралмауы;

8) алкогольді, есірткі заттарын, психотроптық немесе басқа да есеңгірететін заттарды пайдалану;

9) материалдық немесе өзге де пайда табу мақсатында карта, сондай-ақ өзге де ойындар ойнау;

10) сексуалдық сипаттағы әрекеттер жасау;

11) ұсақ бұзақылық жасау;

12) осы бөліктің 1) – 11) тармақшаларында көрсетілген бұзушылықтарды жасауға бағыттап, сотталғандар топтарын ұйымдастыру немесе оларға белсенді түрде қатысу;

13) сотталған адам сол үшін алты ай ішінде тәртіптік изоляторға жабу не жалғыз адамдық камераға ауыстыру түріндегі жазалауға тартылған, жазаны өтеудің белгіленген тәртібін қайталап біртектес бұзу.

3. Жазалау шарасы қолданылған сотталған адам жазаны өтеудің белгіленген тәртібін бұзушы деп танылады.

Тәртіптік изоляторға жабуды не жалғыз адамдық камераға ауыстыруды қоспағанда, алты ай ішінде екі және одан көп рет жазалау шарасы қолданылған сотталған адам жазаны өтеудің белгіленген тәртібін ұдайы бұзушы деп танылады.

Осы баптың екінші бөлігінде көрсетілген бұзушылықтарды жасаған сотталған адам, оған тәртіптік изоляторға жабу не жалғыз адамдық камераға ауыстыру түріндегі жазалау қолданылған кезде жазаны өтеудің белгіленген тәртібін қаскөйлікпен бұзушы деп танылады.

4. Жазалау мекеменің лауазымды адамының уәжді қаулысымен қолданылады.

131-бап. Жазалау шаралары

1. Сотталғандарға жазаны өтеудің белгіленген тәртібін бұзғаны үшін мынадай жазалау шаралары:

1) ескерту;

2) сөгіс;

3) алып тасталды - ҚР 27.12.2019 № 292-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

4) он бес тәулікке дейінгі мерзімге тәртіптік изоляторға жабу;

5) төрт айға дейінгі мерзімге жалғыз адамдық камераларға ауыстыру қолданылады.

2. Жазасын қауіпсіздігі барынша төмен мекемеде өтеп жүрген сотталғандарға жатақханадан тыс жерде тұру құқығының күшін жою және жұмыстан бос уақытта мекеме аумағының шегінен тыс жерге шығуға отыз тәулікке дейінгі мерзімге тыйым салу түріндегі жазалау қолданылады.

3. Сотталған адамға қатысты жазалау шарасын қолдану туралы қаулының көшірмесі келесі жұмыс күнінен кешіктірілмей прокурорға жіберіледі.

Ескерту. 131-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 27.12.2019 № 292-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

132-бап. Жазалау шараларын қолдану тәртібі

1. Сотталған адамға жазалау шараларын қолдану кезінде бұзушылықты жасаудың мән-жайы, сотталған адамның жеке басы және бұрынғы мінез-құлқы ескеріледі.

2. Қолданылатын жазалау теріс қылықтың ауырлығы мен сипатына сәйкес болуға тиіс.

3. Жазалау мекеменің лауазымды адамының уәжді қаулысымен, теріс қылық анықталған күннен бастап он тәуліктен кешіктірілмей, ал егер тексеру жүргізілсе – ол аяқталғаннан кейін, бірақ теріс қылық жасалған күннен бастап үш айдан кешіктірілмей қолданылады.

Тәртіптік изоляторда және жалғыз адамдық камерада ұстау мерзімі көрсетілген үй-жайларға нақты жабылған күннен бастап есептеледі.

4. Жазалау дереу орындалады, ал сотталған адам ауырған, ол этаппен жөнелтілген не оны орындау үшін жағдайлар болмаған кезде – қолданылған күнінен бастап бір айдан кешіктірілмей орындалады.

5. Бір бұзушылық үшін бірнеше жазалау қолдануға тыйым салынады.

6. Алып тасталды - ҚР 27.12.2019 № 292-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

7. Сотталған адамды жалғыз адамдық камераға ауыстыру, оны тәртіптік изоляторға жабу жазалау мерзімі көрсетіліп, оларда ұстау мүмкіндігі тұрғысынан медициналық куәландырылғаннан кейін жүргізіледі.

Жазаны өтеудің белгіленген тәртібін алдыңғы бұзушылығы үшін тәртіптік изоляторға жабу түріндегі жазасы бар сотталған адамға қатысты ғана жалғыз адамдық камераға ауыстыру түріндегі жазалау шарасын қолдануға жол беріледі.

8. Мекеменің балалар үйінде емізулі балалары бар әйелдер, сондай-ақ жүктілігіне және босануына байланысты жұмыстан босатылған әйелдер және кәмелетке толмағандар жалғыз адамдық камераға ауыстырылмайды және тәртіптік изоляторға жабылмайды.

9. Тәртіптік изоляторға жабылған және жалғыз адамдық камераларға ауыстырылған сотталғандарға осы Кодексте көзделген барлық жазалау шаралары қолданылады.

10. Егер сотталған адам тәртіптік жазалауды өтеген күннен бастап алты ай бойы жаңадан жазалауға тартылмайтын болса, ол жазасы жоқ деп есептеледі, ал жазаны өтеудің белгіленген тәртібін қаскөйлікпен бұзушы деп танылған – ондай деп есептелмейді.

Ескерту. 132-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 27.12.2019 № 292-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

133-бап. Мекемелердің көтермелеу және жазалау шараларын қолданатын лауазымды адамдары

1. Мекемелер бастықтарының немесе олардың міндеттерін атқаратын адамдардың осы Кодексте көзделген көтермелеу және жазалау шараларын толық көлемде қолдануға құқығы бар.

2. Мекеме бастығы орынбасарларының мынадай көтермелеу шараларын қолдануға құқығы бар:

1) алғыс жариялау;

2) тамақ өнімдері мен бірінші кезекте қажетті заттарды сатып алуға қосымша ақша жұмсауға рұқсат беру;

3) мекеме бастығының орынбасары кәмелетке толмаған адамға бұрын қолданған жазаны мерзімінен бұрын алу.

3. Мекеме бастығы орынбасарларының мынадай жазалау шараларын қолдануға құқығы бар:

- 1) ескерту;
- 2) сөгіс.

134-бап. Тәртіптік изоляторлар мен жалғыз адамдық камераларда ұстау жағдайлары

1. Тәртіптік изоляторға жабылған сотталғандарға:

- 1) күн сайын ұзақтығы бір сағат сейілдеуге рұқсат етіледі;
- 2) кездесуге, телефон арқылы сөйлесуге, тамақ өнімдері мен бірінші кезекте қажетті заттарды сатып алуға, камерада темекі шегуге, сондай-ақ жатын орынды күндізгі уақытта пайдалануға тыйым салынады.

ҚР Конституциялық Сотының 27.12.2024 № 60-НҚ нормативтік қаулысымен осы кодекстің 134-бабы бірінші бөлігінің 2) тармақшасы төмендегідей түсіндірмеде Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келеді деп танылсын: қаралған нормаларда жазылған және сотталғандардың әлеуметтік байланыстарын қолдауға бағытталған телефон арқылы сөйлесу мүмкіндігін беру жағдайларының тізбесі түпкілікті болып табылмайды. Аталған нормалар Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес және Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің 10-бабының 7) және 8) тармақшаларымен, 106-бабының алтыншы бөлігімен және 107-бабының екінші бөлігімен, "Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы" 2018 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 8) тармақшасымен және 45-бабы 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларымен өзара байланыста сотталған адамның жазаны өтеудің қатаң жағдайларында болған, сондай-ақ жазалау тәртібімен тәртіптік изоляторда ұсталған кезеңде білікті заң көмегін немесе медициналық көмек алу мақсатында телефон арқылы сөйлесу құқығын шектемейді.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің 109-бабы екінші бөлігінің, 134-бабы бірінші бөлігі 2) тармақшасының және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 17 қарашадағы № 819 бұйрығымен бекітілген Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің ішкі тәртіптеме қағидаларының 104-тармағының ережелерін қолданған кезде оларды өзгеше түсіндіруге жол берілмейді.

2. Жазалау тәртібімен жалғыз адамдық камераларға ауыстырылған сотталғандардың :

1) ай сайын тамақ өнімдері мен бірінші кезекте қажетті заттарды сатып алуға жазасын өтеу кезеңінде тапқан қаражатынан төрт айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде жұмсауға;

2) күн сайын ұзақтығы бір жарым сағаттық сейілдеуді пайдалануға құқығы бар.

3. Тәртіптік изоляторға жабылған немесе жалғыз адамдық камераларға ауыстырылған сотталғандар басқа сотталғандардан жеке жұмыс істейді.

4. Сотталғандарды тәртіптік изоляторлардан немесе жалғыз адамдық камералардан мекемелерде орналасқан медициналық ұйымға, сондай-ақ өзге де медициналық

денсаулық сақтау ұйымына ауыстырған жағдайда, олардың сонда болу мерзімі жазаны өтеу мерзімінің есебіне жатқызылады.

Ескерту. 4-бөлік жаңа редакцияда – ҚР 30.12.2021 № 95-VII Заңымен (мынадай: қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторларында ұсталатын адамдарға қатысты – 2022 жылғы 1 шілдеден бастап;

қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде ұсталатын адамдарға қатысты 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі).

5. Мүгедектігі бар сотталғандарды ұстауға арналған тәртіптік изоляторлардағы камералар мен жалғыз адамдық камералар арнаулы техникалық құралдармен жабдықталады.

Ескерту. 134-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 30.12.2021 № 95-VII (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз); 27.06.2022 № 129-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

22-тарау. ӘРТҮРЛІ ТҮРДЕГІ МЕКЕМЕЛЕРДЕ ЖАЗАНЫ ОРЫНДАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

135-бап. Орташа қауіпсіз мекемелер

1. Орташа қауіпсіз мекемелерде дағдылы жағдайларда осы мекемеге жаңадан келген сотталғандар, сондай-ақ жазаны өтеудің қатаң және жеңілдетілген жағдайларынан ауыстырылған сотталғандар жазасын өтейді.

2. Дәрежесі бірінші оң мінез-құлықты сотталғандар жаза мерзімінің кемінде алты айын өтегеннен кейін, еңбекке адал қараған кезде жазаны өтеудің дағдылы жағдайларынан жеңілдетілгеніне ауыстырылады.

3. Дәрежесі үшінші оң мінез-құлықты, кемінде үш ай жеңілдетілген жағдайларда болған сотталғандар мерзімін өтеу бойынша босатылғанға дейін бір жыл қалғанда жеңілдікті жағдайларға ауыстырылады.

4. Жазасын дағдылы, жеңілдетілген және жеңілдікті жағдайларда өтеп жүрген, жазаны өтеудің белгіленген тәртібін қаскөйлікпен бұзушылар деп танылған сотталғандар қатаң жағдайларға ауыстырылады.

Жазасын жеңілдетілген немесе жеңілдікті жағдайларда өтеп жүрген, жазаны өтеудің белгіленген тәртібін бұзушылар деп танылған сотталғандар дағдылы жағдайларға ауыстырылады.

5. Жазаны өтеудің қатаң жағдайларынан дағдылысына ауыстыру жазаны өтеудің белгіленген тәртібін бұзғаны үшін жазалауы болмаған кезде кемінде алты ай өткен соң жүргізіледі.

6. Жазаны өтеудің қатаң жағдайларынан дағдылысына немесе дағдылысынан жеңілдетілген және жеңілдікті жағдайларына қайта ауыстыру осы баптың екінші, үшінші және бесінші бөліктерінде айқындалатын тәртіппен жүргізіледі.

7. Басқа орташа қауіпсіз мекемеден ауыстырылған сотталғандар өздеріне ауыстырылғанға дейін айқындалған сол жағдайларда жазасын өтейді.

136-бап. Орташа қауіпсіз мекемелерде жазаны өтеу жағдайлары

1. Жазасын дағдылы жағдайларда өтеп жүрген сотталғандар жатақханаларда немесе камераларда тұрады.

Олар:

1) ай сайын тамақ өнімдері мен бірінші кезекте қажетті заттарды сатып алуға ақшаны уақытша орналастырудың қолма-қол ақшаны бақылау шоттарындағы қаражатты алты айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде жұмсауға;

2) бір жыл ішінде алты сауқат немесе сәлемдеме және алты бандероль алуға;

3) бір жыл ішінде алты қысқа мерзімді және екі ұзақ мерзімді кездесу алуға құқылы.

2. Жазасын жеңілдетілген жағдайларда өтеп жүрген сотталғандар жатақханаларда немесе камераларда тұрады.

Олар:

1) ай сайын тамақ өнімдері мен бірінші кезекте қажетті заттарды сатып алуға ақшаны уақытша орналастырудың қолма-қол ақшаны бақылау шоттарындағы қаражатты он екі айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде жұмсауға;

2) бір жыл ішінде он екі сауқат немесе сәлемдеме және он екі бандероль алуға;

3) бір жыл ішінде алты қысқа мерзімді және алты ұзақ мерзімді кездесу алуға құқылы.

3. Жазасын жеңілдікті жағдайларда өтеп жүрген сотталғандарға мекеме бастығының қаулысы бойынша тәулік бойы бақылауда және қадағалауда болып, күзетілетін периметрдің шегінен тыс жерде, бірақ мекемеге іргелес жатқан аумақтың шекарасы шегінде тұруға және еркін жүріп-тұруға рұқсат етіледі.

Олар:

1) бір жыл ішінде алты ұзақ мерзімді кездесу;

2) саны шектеусіз қысқа мерзімді кездесулер алуға құқылы.

4. Жазасын қатаң жағдайларда өтеп жүрген сотталғандар камераларда тұрады.

Олар:

1) ай сайын тамақ өнімдері мен бірінші кезекте қажетті заттарды сатып алуға ақшаны уақытша орналастырудың қолма-қол ақшаны бақылау шоттарындағы қаражатты екі айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде жұмсауға;

2) бір жыл ішінде үш сауқат немесе сәлемдеме және үш бандероль алуға;

3) бір жыл ішінде үш қысқа мерзімді кездесу алуға;

4) күн сайын ұзақтығы бір жарым сағат сейілдеуді пайдалануға құқылы.

Ескерту. 136-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 03.07.2017 № 84-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

137-бап. Қауіпсіздігі барынша жоғары мекемелер

1. Қауіпсіздігі барынша жоғары мекемелерде дағдылы жағдайларда осы мекемеге жаңадан келген сотталғандар, сондай-ақ жазаны өтеудің қатаң және жеңілдетілген жағдайларынан ауыстырылған сотталғандар жазасын өтейді.

2. Жаза мерзімінің кемінде тоғыз айын дағдылы жағдайларда өтегеннен кейін, дәрежесі бірінші оң мінез-құлықты сотталғандар еңбекке адал қараған кезде жеңілдетілген жағдайларға ауыстырылады.

3. Жеңілдетілген жағдайларда кемінде үш ай болған, дәрежесі үшінші оң мінез-құлықты сотталғандар мерзімін өтеу бойынша босатылғанға дейін тоғыз ай қалғанда жеңілдікті жағдайларға ауыстырылады.

4. Дағдылы, жеңілдетілген және жеңілдікті жағдайларда жазасын өтеп жүрген, жазаны өтеудің белгіленген тәртібін қаскөйлікпен бұзушылар деп танылған сотталғандар қатаң жағдайларға ауыстырылады.

Жазасын жеңілдетілген және жеңілдікті жағдайларда өтеп жүрген, жазаны өтеудің белгіленген тәртібін бұзушылар деп танылған сотталғандар дағдылы жағдайларға ауыстырылады.

5. Жазаны өтеудің қатаң жағдайларынан дағдылысына ауыстыру жазаны өтеудің белгіленген тәртібін бұзғаны үшін жазалауы болмаған кезде кемінде тоғыз ай өткен соң жүргізіледі.

6. Жазаны өтеудің қатаң жағдайларынан дағдылысына немесе дағдылысынан жеңілдетілген және жеңілдікті жағдайларына қайта ауыстыру осы баптың екінші, үшінші және бесінші бөліктерінде айқындалатын тәртіппен жүргізіледі.

7. Қауіпсіздігі барынша жоғары басқа мекемеден ауыстырылған сотталғандар өздеріне ауыстырылғанға дейін айқындалған сол жағдайларда жазасын өтейді.

138-бап. Қауіпсіздігі барынша жоғары мекемелерде жазаны өтеу жағдайлары

1. Жазасын дағдылы жағдайларда өтеп жүрген сотталғандар жатақханаларда немесе камераларда тұрады.

Олар:

1) ай сайын тамақ өнімдері мен бірінші кезекте қажетті заттарды сатып алуға ақшаны уақытша орналастырудың қолма-қол ақшаны бақылау шоттарындағы қаражатты бес айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде жұмсауға;

2) бір жыл ішінде төрт сауқат немесе сәлемдеме және төрт бандероль алуға;

3) бір жыл ішінде төрт қысқа мерзімді және бір ұзақ мерзімді кездесу алуға құқылы.

2. Жазасын жеңілдетілген жағдайларда өтеп жүрген сотталғандар жатақханаларда немесе камераларда тұрады.

Олар:

1) ай сайын тамақ өнімдері мен бірінші кезекте қажетті заттарды сатып алуға ақшаны уақытша орналастырудың қолма-қол ақшаны бақылау шоттарындағы қаражатты он айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде жұмсауға;

2) бір жыл ішінде алты сауқат немесе сәлемдеме және алты бандероль алуға;

3) бір жыл ішінде төрт қысқа мерзімді және төрт ұзақ мерзімді кездесу алуға құқылы.

3. Жазасын жеңілдікті жағдайларда өтеп жүрген сотталғандар мекеме бастығының қаулысы бойынша тәулік бойы бақылауда және қадағалауда болып, күзетілетін периметрдің шегінен тыс жерде, бірақ мекемеге іргелес жатқан аумақтық шекарасы шегінде тұруға және еркін жүріп-тұруға құқылы.

Олар:

- 1) бір жыл ішінде төрт ұзақ мерзімді кездесу;
- 2) саны шектеусіз қысқа мерзімді кездесулер алуға құқылы.

4. Жазасын қатаң жағдайларда өтеп жүрген сотталғандар камераларда тұрады.

Олар:

1) ай сайын тамақ өнімдері мен бірінші кезекте қажетті заттарды сатып алуға ақшаны уақытша орналастырудың қолма-қол ақшаны бақылау шоттарындағы қаражатынан екі айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде жұмсауға;

2) бір жыл ішінде екі сауқат немесе сәлемдеме және екі бандероль алуға;

3) бір жыл ішінде үш қысқа мерзімді кездесу алуға;

4) күн сайын ұзақтығы бір жарым сағаттық сейілдеуді пайдалануға құқылы.

139-бап. Төтенше қауіпсіз мекемелер

1. Өмір бойына бас бостандығынан айыруға сотталғандар, сондай-ақ өлім жазасы кешірім жасау тәртібімен немесе өлім жазасының күшін жоятын заңды қолдануға байланысты өмір бойына бас бостандығынан айыруға ауыстырылған сотталғандар камераларға орналастырылады.

Сотталғандармен тәрбие жұмысы камераларда ұстау талаптары ескеріле отырып ұйымдастырылады.

2. Өмір бойына бас бостандығынан айыруға сотталғандарды ұстауға арналған төтенше қауіпсіз мекемелерге келгеннен кейін барлық сотталғандар жазасын өтеудің дағдылы жағдайларына орналастырылады.

3. Жазаны өтеудің белгіленген тәртібін қаскөйлікпен бұзушы деп танылған және жазасын дағдылы және жеңілдетілген жағдайларда өтеп жатқан сотталғандар жазаны өтеудің қатаң жағдайларына ауыстырылады.

Жазасын жеңілдетілген жағдайларда өтеп жатқан, жазаны өтеудің белгіленген тәртібін бұзушы деп танылған сотталғандар дағдылы жағдайларға ауыстырылады.

4. Жазаны өтеудің қатаң жағдайларынан дағдылы жағдайларына ауыстыру жазаны өтеудің белгіленген тәртібін бұзғаны үшін жазалар болмаған кезде бес жылдан кейін жүргізіледі.

Жазаны өтеудің дағдылы жағдайларынан жеңілдетілген жағдайларына ауыстыру бірінші дәрежедегі оң мінез-құлқы болған кезде бес жылдан кейін жүргізіледі.

5. Жазаны өтеудің қатаң жағдайларынан дағдылы жағдайларына, дағдылы жағдайларынан жеңілдетілген жағдайларына қайта ауыстыру осы баптың төртінші бөлігінде айқындалатын тәртіппен жүргізіледі.

Ескерту. 139-бап жаңа редакцияда – ҚР 17.03.2023 № 212-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

140-бап. Төтенше қауіпсіз мекемелерде жазаны өтеу жағдайлары

1. Сотталғандардың ұзақтығы мынадай:

- 1) жазаны өтеудің қатаң жағдайларында – бір сағат;
- 2) жазаны өтеудің дағдылы жағдайларында – бір жарым сағат;
- 3) жазаны өтеудің жеңілдетілген жағдайларында – екі сағат күнделікті серуендеуге құқығы бар.

2. Жазасын дағдылы жағдайларда өтеп жатқан сотталғандар камераларда тұрады.

Олар:

- 1) ай сайын ақшаны уақытша орналастырудың қолма-қол ақшаны бақылау шоттарындағы, бес айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшердегі қаражатты тамақ өнімдері мен бірінші кезекте қажетті заттарды сатып алуға жұмсауға;
- 2) бір жыл ішінде үш сауқат немесе сәлемдеме және үш бандероль алуға;
- 3) бір жыл ішінде үш қысқа мерзімді кездесу және бір ұзақ мерзімді кездесу алуға құқылы.

3. Жазасын жеңілдетілген жағдайларда өтеп жатқан сотталғандар камераларда тұрады.

Олар:

- 1) ай сайын ақшаны уақытша орналастырудың қолма-қол ақшаны бақылау шоттарындағы, жеті айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшердегі қаражатты тамақ өнімдері мен бірінші кезекте қажетті заттарды сатып алуға жұмсауға;
- 2) бір жыл ішінде төрт сауқат немесе сәлемдеме және төрт бандероль алуға;
- 3) бір жыл ішінде үш қысқа мерзімді және екі ұзақ мерзімді кездесу алуға құқылы.

4. Жазасын қатаң жағдайларда өтеп жатқан сотталғандар камераларда тұрады.

Олар:

- 1) ай сайын ақшаны уақытша орналастырудың қолма-қол ақшаны бақылау шоттарындағы, екі айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшердегі қаражатты тамақ өнімдері мен бірінші кезекте қажетті заттарды сатып алуға жұмсауға;
- 2) бір жыл ішінде бір сауқат немесе сәлемдеме және бір бандероль алуға;
- 3) бір жыл ішінде екі қысқа мерзімді кездесу алуға құқылы.

Ескерту. 140-бап жаңа редакцияда – ҚР 17.03.2023 № 212-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

ҚР Конституциялық Сотының 27.03.2023 № 6 нормативтік қаулысымен осы

кодекстің 141-бабының үшінші, бесінші бөліктері және алтыншы бөлігінің 1) тармақшасы Қазақстан Республикасы Конституциясының 14-бабына сәйкес келеді деп танылды.

ҚР Конституциялық Сотының 27.03.2023 № 6 нормативтік қаулысымен осы кодекстің 141-бабы алтыншы бөлігінің 3) тармақшасы Қазақстан Республикасы Конституциясының 14, 17 және 27-баптарына сәйкес келмейді деп танылды.

141-бап. Өмір бойына бас бостандығынан айыру жазасын өтеп жүрген сотталғандарға арналған төтенше қауіпсіз мекемелерде жазаны өтеу жағдайлары

Ескерту. 141-бап алып тасталды – ҚР 17.03.2023 № 212-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

142-бап. Қауіпсіздігі барынша төмен мекемелер

1. Қауіпсіздігі барынша төмен мекемелер:

1) қасақана қылмыстар жасағаны үшін бұрын бас бостандығынан айыруды өтеген адамдарды қоспағанда, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 46-бабы бесінші бөлігінің 1) тармағында көрсетілген сотталғандар;

2) осы Кодекстің 96-бабы бірінші бөлігінің 2) тармақшасында көзделген тәртіппен ауыстырылған сотталғандар; Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 46-бабы бесінші бөлігінің 1) тармағында көрсетілген қасақана қылмыстар жасағаны үшін бұрын бас бостандығынан айыруды өтеген сотталғандарды ұстауға арналған мекемелерге бөлінеді.

2. Қауіпсіздігі барынша төмен мекемелерде бас бостандығынан айыруға сотталғандар жазасын қатаң, дағдылы және жеңілдетілген жағдайларда өтейді.

3. Қауіпсіздігі барынша төмен мекемелерде дағдылы жағдайларда осы мекемеге жаңадан келген сотталғандар, сондай-ақ қатаң және жеңілдетілген жағдайлардан ауыстырылған сотталғандар жазасын өтейді.

4. Дәрежесі бірінші оң мінез-құлықты сотталғандар еңбекке адал қараған кезде жеңілдетілген жағдайларға ауыстырылады. Бұл ретте ауыстыру дәрежесі бірінші оң мінез-құлыққа ие болған күннен бастап дағдылы жағдайларда жаза мерзімінің кемінде үш айын, ал Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 7, 8, 9, 12, 13 және 15-тарауларында көзделген қылмыстар бойынша сотталғандар үшін бір жылын өтегеннен кейін ғана жүзеге асырылады.

5. Жазасын дағдылы немесе жеңілдетілген жағдайларда өтеп жүрген, жазаны өтеудің белгіленген тәртібін қаскөйлікпен бұзушылар деп танылған сотталғандар қатаң жағдайларға ауыстырылады.

Жазасын жеңілдетілген жағдайларда өтеп жүрген, жазаны өтеудің белгіленген тәртібін бұзғаны үшін қолданыста екіден көп жазалауы бар сотталғандар дағдылы жағдайларға ауыстырылады.

6. Жазаны өтеудің қатаң жағдайларынан дағдылысына ауыстыру жазаны өтеудің белгіленген тәртібін бұзғаны үшін жазалауы болмаған кезде алты айдан кейін жүргізіледі.

7. Жазаны өтеудің қатаң жағдайларынан дағдылысына немесе дағдылы жағдайынан жеңілдетілгеніне қайта ауыстыру осы бапта айқындалатын тәртіппен жүргізіледі.

8. Қауіпсіздігі барынша төмен басқа мекемеден ауыстырылған сотталғандар өздеріне ауыстырылғанға дейін айқындалған сол жағдайларда жазасын өтейді.

9. Қауіпсіздігі барынша төмен бір мекемеде сотталған ерлер мен сотталған әйелдер ұсталуы мүмкін.

10. Алып тасталды – ҚР 12.07.2018 № 180-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. 142-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 12.07.2018 № 180-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 17.03.2023 № 212-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

143-бап. Қауіпсіздігі барынша төмен мекемелерде жазаны өтеу жағдайлары

1. Қауіпсіздігі барынша төмен мекемелерде жазасын өтеп жүрген сотталғандар күзетсіз, бірақ мекеме әкімшілігінің бақылауымен және қадағалауымен ұсталады.

2. Сотталған адамға мекеме әкімшілігі оның жеке басын растайтын белгіленген нысандағы құжат береді. Сотталған адамның жеке басын куәландыратын құжаттар олардың жеке істерінде сақталады.

3. Сотталғандардың:

1) мобильді байланыс құралдарын;

2) компьютерлік жабдықты, аудио-, фото- және бейнежазу функциялары бар құралдарды;

3) атыс қаруын және суық қаруды;

4) жарылу қаупі бар және жарылғыш заттарды;

5) есірткі немесе психотроптық заттарды;

6) әскери үлгідегі киімді;

7) алкогольдік ішімдіктердің барлық түрін;

8) дәрігердің рұқсатынсыз құрамында есірткі бар медициналық препараттарды қоспағанда, нәрселер мен заттарды мекеменің аумағына әкелуіне, пайдалануына және сақтауына рұқсат етіледі.

4. Қауіпсіздігі барынша төмен мекемелерде жазасын дағдылы жағдайларда өтеп жүрген сотталғандар жатақханаларда немесе камераларда тұрады.

Олар:

1) мекеменің ішкі тәртіптеме қағидаларымен ұйықтауға бөлінген уақыттан басқа кезде, мекеме аумағының шегінде еркін жүріп-тұруға;

2) мекеме әкімшілігінің рұқсатымен, егер бұл олардың орындайтын жұмысының сипаты бойынша, оқуына байланысты, бірінші кезекте қажетті заттарды сатып алу, моншаға немесе шаштаразға бару үшін қажет болса, мекемеге іргелес жатқан аумақтың шекарасы шегінде айына төрт рет сағат тоғыздан он сегізге дейін қадағалаусыз жүріп-тұруға;

3) азаматтық киім киіп жүруге;

4) өзімен бірге ақша мен бағалы заттар алып жүруге;

5) ақшаны шектеусіз пайдалануға;

6) ай сайын бір қысқа мерзімді және бір ұзақ мерзімді кездесу алуға құқылы.

5. Қауіпсіздігі барынша төмен мекемелерде жазасын жеңілдетілген жағдайларда өтеп жүрген сотталғандар жатақханаларда немесе камераларда тұрады.

Осы баптың төртінші бөлігінде көзделген құқықтармен қатар, сотталғандар:

1) апта сайын бір қысқа мерзімді және бір ұзақ мерзімді кездесу алуға;

2) мекеме орналасқан елді мекеннің шегінде жалға алынған немесе меншікті тұрғын алаңында өз отбасымен тұруға құқылы. Бұл ретте, олар мекеме бастығының қаулысымен белгіленген күндері айына төрт рет мекемеге тіркелу үшін келіп тұруға және сағат жиырма бірден жетіге дейін тұрғылықты жерінде болуға міндетті. Мекемелер әкімшілігі сотталғандар тұрып жатқан тұрғын үй-жайларға тәуліктің кез келген уақытында баруға құқылы.

Мекеме орналасқан елді мекеннің шегінде жалға алынған немесе меншікті тұрғын алаңда өз отбасымен тұруға рұқсат беру не одан бас тарту, сондай-ақ осы құқықты ұзарту не оның күшін жою мекеме бастығының не мекеменің ішкі тәртіптеме қағидаларына сәйкес оны алмастыратын адамның қаулысымен ресімделеді. Қаулының көшірмесі келесі жұмыс күнінен кешіктірілмей прокурорға жіберіледі.

6. Жазасын қатаң жағдайларда өтеп жүрген сотталғандар жатақханаларда немесе камераларда тұрады.

Олар:

1) мекеменің ішкі тәртіптеме қағидаларымен ұйықтауға бөлінген уақыттан басқа кезде, мекеме әкімшілігінің рұқсатымен мекеме аумағының шегінде жүріп-тұруға;

2) азаматтық киім киіп жүруге;

3) ақшаны шектеусіз пайдалануға;

4) мекеме әкімшілігінің рұқсатымен, егер бұл бірінші кезекте қажетті заттарды сатып алу үшін қажет болса, мекемеге іргелес аумақтың шекарасы шегінде айына бір рет сағат тоғыздан он сегізге дейін қадағалаусыз жүріп-тұруға;

5) тоқсан сайын бір қысқа мерзімді және алты айда бір рет ұзақ мерзімді кездесу алуға құқылы.

7. Еңбек шартын жасасу мен тоқтатуды және басқа жұмысқа ауыстыруды қоспағанда, сотталғандардың еңбегі Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасымен реттеледі. Еңбек шартын жасасуды, оны тоқтатуды және сотталған адамды басқа

жұмысқа ауыстыруды мекеме әкімшілігін хабардар ете отырып, жұмыс беруші жүзеге асырады.

8. Мекеме әкімшілігі сотталғандарды мекеменің кәсіпорнына не мұндай мүмкіндік болмаған кезде, мекеме шегінен тыс жерде, бірақ ол орналасқан тиісті облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың шегінде орналасқан қылмыстық-атқару жүйесінің мемлекеттік мекемелеріне, оларды тиісінше бақылау мен қадағалауды қамтамасыз ету шартымен сотталғандарға тұру құқығы беріліп, мекеме әкімшілігі мен жұмыс беруші арасындағы шарттардың негізінде жұмысқа орналастырады.

Сотталғандар мекеме әкімшілігі мен жұмыс беруші арасындағы шарттар негізінде, тұру құқығынсыз, мекеме орналасқан тиісті облыс, республикалық маңызы бар қала, астана шегіндегі өзге де ұйымдарда жұмысқа орналастырылуы мүмкін.

Қылмыстық-атқару жүйесінің мемлекеттік мекемелерінде тұру құқығы дәрежесі теріс мінез-құлықты сотталғандарға берілмейді.

9. Мекеме әкімшілігі:

1) қылмыстық-атқару жүйесінің жоғары тұрған органдарының жазбаша нұсқауы бойынша;

2) оны босату кезінде;

3) төтенше немесе соғыс жағдайы енгізілген кезде;

4) сотталған адам жазаны өтеу тәртібін бұзған жағдайда;

5) жұмыс беруші шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған жағдайда;

6) мекемеде ерекше жағдайлар режимі енгізілген кезде сотталған адамды жұмысқа орналастырылған ұйымнан кері шақыртып алуға міндетті.

10. Сотталғандарға мекеме орналасқан тиісті облыс, республикалық маңызы бар қала, астана аумағының шегінде орналасқан жоғары және орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында сырттай, оның ішінде мекемеде тиісті техникалық жағдайлар болған кезде қашықтықтан оқуға рұқсат етіледі.

Ескерту. 143-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 12.07.2018 № 180-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.12.2019 № 292-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

144-бап. Толық қауіпсіз мекемелер

1. Толық қауіпсіз мекемелерде жаза мерзімінің бір бөлігін толық қауіпсіз мекемеде өтеумен бес жылдан астам мерзімге сотталғандар, сондай-ақ орташа қауіпсіз, қауіпсіздігі барынша жоғары мекемелерде жазаны өтеудің белгіленген тәртібін бұзғаны үшін үш жылға дейінгі мерзімге толық қауіпсіз мекемеге ауыстырылған сотталғандар ұсталады.

Сотталғандар толық қауіпсіз мекемелерде осы Кодекстің 89-бабында көрсетілген негіздер бойынша да ұсталуы мүмкін.

2. Толық қауіпсіз мекемелерде қатаң, дағдылы және жеңілдетілген жағдайлар белгіленеді.

3. Дағдылы жағдайларда жаза мерзімінің бір бөлігін толық қауіпсіз мекемеде өтеумен, бес жылдан астам мерзімге бас бостандығын айыруға сотталғандар мен қатаң және жеңілдетілген жағдайлардан ауыстырылған сотталғандар жазасын өтейді.

4. Орташа қауіпсіз және қауіпсіздігі барынша жоғары мекемелерде жазаны өтеудің белгіленген тәртібін бұзғаны үшін үш жылға дейінгі мерзімге толық қауіпсіз мекемеге ауыстырылған сотталғандар, қаскөйлікпен бұзушы деп танылған, дағдылы және жеңілдетілген жағдайлардан ауыстырылған сотталғандар жазасын қатаң жағдайларда өтейді.

Бұл ретте, өтеудің қатаң жағдайларында өтеу мерзімі сотталғанның толық қауіпсіз мекемеге нақты келген күнінен бастап есептеледі.

5. Сотталған жүкті әйелдер мен жанында жас балалары бар сотталған әйелдер, сондай-ақ мүгедектігі бар сотталғандар қатаң жағдайларда ұсталмайды.

6. Жаза мерзімінің кемінде бір жылын өтегеннен кейін, дәрежесі бірінші оң мінез-құлықты сотталғандар жазаны өтеудің дағдылы жағдайларынан жеңілдетілгеніне не қатаң жағдайларынан дағдылысына ауыстырылады.

Ескерту. 144-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 03.07.2017 № 84-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2021 № 89-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.06.2022 № 129-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 17.03.2023 № 212-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

145-бап. Толық қауіпсіз мекемелерде жазаны өтеу жағдайлары

1. Бас бостандығынан айыруға сотталғандар толық қауіпсіз мекемелерде камераларда ұсталады.

Сотталған адамның жазбаша өтініші бойынша, сондай-ақ сотталған адамның жеке басының қауіпсіздігіне қатер төнген не басқа сотталғандардың немесе мекеме персоналының өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін сотталған адамды оқшаулау қажет болған жағдайларда, мекеме бастығының уәжді қаулысы бойынша және прокурордың келісімімен мұндай сотталғандар жалғыз адамдық камераларда ұсталады.

Қатер төндіретін сотталғандарды, сондай-ақ жеке басының қауіпсіздігіне қатер төнген сотталғандарды ұстау үшін сыйымдылығы үлкен камералар пайдаланылуы мүмкін.

Сотталғандардың өтініші бойынша жалғыз адамдық камераларға ауыстыру жалғыз адамдық бос камералар болған жағдайда жүргізіледі.

2. Сотталғандарды камераларға орналастыру осы Кодекстің 94-бабында көзделген талаптар сақтала отырып жүргізіледі.

Жазаны өтеудің қатаң, дағдылы және жеңілдетілген жағдайларындағы сотталғандар бөлек ұсталады.

Шаруашылық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды орындау үшін толық қауіпсіз мекемелерге жіберілген сотталғандар басқа сотталғандардан оқшауланып ұсталады.

3. Сотталғандардың сейілдеуі камера бойынша күндізгі уақытта арнайы жабдықталған аумақ бөлігінде ашық ауада жүргізіледі.

4. Жазасын қатаң жағдайларда өтеп жүрген сотталғандар:

1) ай сайын тамақ өнімдері мен бірінші кезекте қажетті заттарды сатып алуға ақшаны уақытша орналастыратын қолма-қол ақшаны бақылау шоттарындағы қаражатты екі айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде жұмсауға;

2) бір жыл ішінде бір сауқат немесе сәлемдеме және бір бандероль алуға;

3) бір жыл ішінде екі қысқа мерзімді кездесу алуға;

4) күн сайын ұзақтығы бір сағаттық сейілдеуді пайдалануға құқылы.

5. Жазасын дағдылы жағдайларда өтеп жүрген сотталғандар:

1) ай сайын тамақ өнімдері мен бірінші кезекте қажетті заттарды сатып алуға ақшаны уақытша орналастырудың қолма-қол ақшаны бақылау шоттарындағы қаражатты бес айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде жұмсауға;

2) бір жыл ішінде екі сауқат немесе сәлемдеме және екі бандероль алуға;

3) бір жыл ішінде екі қысқа мерзімді және бір ұзақ мерзімді кездесу алуға;

4) күн сайын ұзақтығы бір жарым сағаттық сейілдеуді пайдалануға құқылы.

6. Жазасын жеңілдетілген жағдайларда өтеп жүрген сотталғандар:

1) ай сайын тамақ өнімдері мен бірінші кезекте қажетті заттарды сатып алуға ақшаны уақытша орналастырудың қолма-қол ақшаны бақылау шоттарындағы қаражатты жеті айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде жұмсауға;

2) бір жыл ішінде үш сауқат немесе сәлемдеме және үш бандероль алуға;

3) бір жыл ішінде үш қысқа мерзімді және үш ұзақ мерзімді кездесу алуға;

4) күн сайын ұзақтығы екі сағаттық сейілдеуді пайдалануға құқылы.

Ескерту. 145-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 29.12.2021 № 89-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

23-тарау. КАМЕРАЛЫҚ ЖАҒДАЙЛАРДА ҰСТАУМЕН БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРУ ТҮРІНДЕГІ ЖАЗАНЫ ӨТЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

146-бап. Сотталғандарды камералық жағдайда ұстау мекемесі

1. Бас бостандығынан айыруға сотталғандарды мекемеге қабылдауды әкімшілік мекеменің ішкі тәртіптеме қағидаларында белгіленген тәртіппен жүргізеді.

2. Мекемеге келген сотталғандар он бес тәулікке дейінгі мерзімге карантин бөлімшесіне орналастырылады. Карантин бөлімшесінде болған кезеңде сотталған адамның жеке басы зерделенеді, оның психологиялық портреті жасалады, сондай-ақ

онымен жұмыс жасау әдістері әзірленеді және оны басқа сотталғандармен ұстау үйлесімділігі айқындалады.

3. Камералар жеке жатын орындарымен, киімге, ішкіімге және ыдысқа арналған шкафтармен, санитариялық тораппен және қолжуғышпен жабдықталады.

4. Камералардағы сотталғандарға ұзақтығы:

1) қатаң ұстау жағдайларында – бір жарым сағаттық;

2) дағдылы ұстау жағдайларында – төрт сағатқа дейін сейілдеу беріледі.

Сотталғандарды сейілдеуге шығарған кезеңде камераларда тінтулер мен техникалық қарап-тексерулер жүргізіледі.

Сотталғандар сейілдеуде болған уақытта камералар құлыпталады, оларда сотталғандардың болуына жол берілмейді.

Жеңілдетілген және жеңілдікті жағдайлардағы сотталғандардың сейілдеулері блок бойынша (қабат бойынша), жергілікті учаскелердің бөлек сейілдеу аулаларында жүргізіледі.

Дағдылы және қатаң жағдайлардағы сотталғандардың сейілдеулері камералар бойынша сейілдеу камераларында жүргізіледі.

5. Жеңілдетілген және жеңілдікті ұстау жағдайларындағы сотталғандар сағат оннан жиырмаға дейін камерадан тыс жерде бола алады.

6. Сотталғандардың тамақ ішуі камера бойынша, сондай-ақ асханада жүзеге асырылады. Өндірістік аймаққа жұмысқа шығарылатын, сондай-ақ жеңілдетілген және жеңілдікті жағдайларда ұсталатын сотталғандар өндірістік объектілердің және тұрғын аймақтың асханаларында тамақ ішеді.

7. Осы баптың бесінші және алтыншы бөліктерінде, сондай-ақ мекемелерде ұсталатын адамдардың мінез-құлқына бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі қызметті ұйымдастыру және жете тексеру мен тінту жүргізу қағидаларында көзделген жағдайларды қоспағанда, камералардың есіктерін ашуға тыйым салынады.

8. Камера бойынша ұстау мекемелерінде ұсталатын сотталғандарды қадағалау мекемелердегі сотталғандарды қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі қызметті ұйымдастыру және жете тексеру мен тінту жүргізу қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

147-бап. Камералық ұстаудың негізгі жағдайлары

1. Сотталғандар камераларға осы Кодекстің 115-бабының бірінші бөлігінде белгіленген тұрғын алаңы нормаларына сәйкес орналастырылады. Әрбір секция душ кабиналарымен жабдықталады.

Сотталғандарды ұстауға арналған камералар санитариялық талаптарға сәйкес жабдықталады.

2. Сотталғандарды тексеру камера бойынша корпустарда, тексеру карточкалары бойынша жүргізіледі.

3. Сотталғандарға темекі шегуге осы мақсатқа арнайы бөлінген орындарда ғана рұқсат беріледі.

4. Сотталғандарға тиесілі темекі өнімдері мен сіріңке, оттықтар да сақтау камерасындағы арнайы жабдықталған шкафта (жәшікте) сақталады.

5. Сотталғандардың медицина қызметкерінің қабылдауына (медициналық қарап-тексеруге) алдын ала жазылуы сотталғандардың өтініші бойынша бақылаушылар қызметі кезекшілікті қабылдау-тапсыру және сотталғандарды салыстырып тексеру кезінде жүзеге асырылады.

Сотталған адам емдеуге жатқызылған кезде стационарлық жағдайларда медициналық көмек алу үшін мекемеде орналасқан медициналық ұйымға ауыстырылады. Мекемеде орналасқан медициналық ұйымда медициналық бұйымдар және (немесе) тиісті біліктілігі бар мамандар болмағандықтан медициналық көмек көрсету мүмкін болмаған жағдайда, сотталған адам өзге тиісті медициналық ұйымға емдеуге жатқызылады.

Ескерту. 5-бөлікке өзгеріс енгізілді – ҚР 30.12.2021 № 95-VII Заңымен (мынадай: қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторларында ұсталатын адамдарға қатысты – 2022 жылғы 1 шілдеден бастап;

қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде ұсталатын адамдарға қатысты 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. 147-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 27.12.2019 № 292-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 30.12.2021 № 95-VII (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңдарымен.

148-бап. Камералық ұстау мекемелерінде сотталғандармен тәрбие жұмысы

1. Камералық ұстау мекемелерінде сотталғандармен тәрбие жұмысы осы Кодексте белгіленген талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.

2. Жеке тәрбие жұмысы сотталғандар ұсталатын камераларда жүргізіледі.

3. Тәрбие жұмысын топтық және жаппай нысандарда жүргізген кезде камераларда ұсталатын сотталғандар соған арналған үй-жайларда шағын және үлкен топтарға біріктіріледі.

4. Бас бостандығынан айыруға сотталғандардың бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім алуын ұйымдастыру осы Кодексте белгіленген талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.

149-бап. Камералық ұстау жағдайларындағы сотталғандардың еңбегі

1. Сотталғандардың еңбегі арнайы жабдықталған жұмыс камераларында ұйымдастырылады.

2. Сотталғандардың камералардан тыс еңбегі мекемелердің ішкі тәртіптеме қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

3. Жұмыс басталар алдында және аяқталғаннан кейін сотталғандарға, олардың заттары мен киіміне, сондай-ақ жұмыс камерасына жете тексеру мен тінту жүргізіледі.

4. Жұмыс камералары болмаған кезде еңбек өндірістік аймақтың оқшауланған жергілікті учаскелерінің аумағында ұйымдастырылады.

24-тарау. КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАН СОТТАЛҒАНДАРДЫҢ БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРУ ТҮРІНДЕГІ ЖАЗАНЫ ӨТЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

150-бап. Кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған орташа қауіпсіз мекемелерде жазаны өтеу тәртібі

1. Кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған орташа қауіпсіз мекемелерде жазаны өтеудің қатаң, дағдылы, жеңілдетілген және жеңілдікті жағдайлары белгіленеді.

2. Кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған орташа қауіпсіз мекемелерде дағдылы жағдайларда жаңадан келген сотталғандар, сондай-ақ жазаны өтеудің қатаң, жеңілдетілген немесе жеңілдікті жағдайларынан ауыстырылған сотталғандар жазасын өтейді.

3. Дағдылы жағдайларда кемінде алты айын өтегеннен кейін жазаны өтеудің белгіленген тәртібін бұзғаны үшін жазалауы болмаған және еңбек пен оқуға адал қараған кезде, дәрежесі бірінші оң мінез-құлықты сотталғандар жеңілдетілген жағдайларға ауыстырылады.

4. Жазасын жеңілдетілген жағдайларда өтеп жүрген, жазаны өтеудің белгіленген тәртібін бұзушылар болып табылатын сотталғандар дағдылы жағдайларға ауыстырылады. Жеңілдетілген жағдайларға қайта ауыстыру осы баптың үшінші бөлігінде айқындалатын тәртіппен жүргізіледі.

5. Дәрежесі үшінші оң мінез-құлықты, кемінде үш ай жеңілдетілген жағдайларда болған сотталғандар еңбек пен оқуға адал қараған кезде мерзімін өтеу бойынша босатылғанға дейін бір жыл қалғанда жеңілдікті жағдайларға ауыстырылады.

6. Жазасын жеңілдікті жағдайларда өтеп жүрген, жазаны өтеудің белгіленген тәртібін бұзушылар болып табылатын сотталғандар жеңілдетілген жағдайларға ауыстырылады. Жеңілдікті жағдайларға қайта ауыстыру жеңілдетілген жағдайларға қайтарылғаннан кейін кемінде алты ай өткен соң жүргізіледі.

7. Жазаны өтеудің белгіленген тәртібін қаскөйлікпен бұзушылар деп танылған сотталғандар үштен алты айға дейінгі мерзімге дағдылы, жеңілдетілген және жеңілдікті жағдайлардан қатаң жағдайларға ауыстырылады.

8. Сотталғандарды бір жағдайдан басқасына ауыстыру оқу-тәрбие кеңесінің ұсынуы негізінде мекеме комиссиясының шешімі бойынша жүргізіледі.

Мекеме комиссиясының жұмысына облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының, сондай-ақ жұртшылық өкілдері қатыса алады.

9. Мекеме бастығы жазаны өтеудің тәртібін бұзуды жасау мүмкіндігін жою үшін сотталған адамды уақытша оқшаулау үй-жайына ауыстыру, бірақ қырық сегіз сағаттан аспайтын мерзімге ауыстыру туралы шешім қабылдайды.

Мекеме бастығы болмаған жағдайда, сотталған адамды уақытша оқшаулау үй-жайына ауыстыру туралы шешімді мекеме бастығының кезекші көмекшісі қабылдайды.

Сотталған адамды уақытша оқшаулау үй-жайына ауыстыру туралы қаулы сотталған адамды онда ұстау мүмкіндігі тұрғысынан медициналық куәландырғаннан кейін шығарылады.

Уақытша оқшаулау үй-жайына жабылған сотталған адам екі сағаттық сейілдеу құқығы беріле отырып, ауыстырылғанға дейін оған айқындалған ұстау жағдайларында жазасын өтейді.

Шешімнің көшірмесі келесі жұмыс күнінен кешіктірілмей прокурорға жіберіледі.

Ескерту. 150-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 27.12.2019 № 292-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

151-бап. Кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған орташа қауіпсіз мекемелерде жазаны өтеу жағдайлары

1. Дағдылы жағдайларда жазасын өтеп жүрген сотталғандар жатақханаларда немесе камераларда тұрады.

Олар:

1) ай сайын тамақ өнімдері мен бірінші кезекте қажетті заттарды сатып алуға ақшаны уақытша орналастырудың қолма-қол ақшаны бақылау шоттарындағы қаражатты он айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде жұмсауға;

2) бір жыл ішінде сегіз қысқа мерзімді және төрт ұзақ мерзімді кездесу алуға;

3) бір жыл ішінде он сауқат немесе сәлемдеме және он бандероль алуға құқылы.

2. Жеңілдетілген жағдайларда жазасын өтеп жүрген сотталғандар жатақханаларда немесе камераларда тұрады.

Олар:

1) ай сайын тамақ өнімдері мен бірінші кезекте қажетті заттарды сатып алуға ақшаны уақытша орналастырудың қолма-қол ақшаны бақылау шоттарындағы қаражатты он бес айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде жұмсауға;

2) бір жыл ішінде жиырма төрт қысқа мерзімді және алты ұзақ мерзімді кездесу алуға;

3) бір жыл ішінде он төрт сауқат немесе сәлемдеме және он төрт бандероль алуға құқылы.

Мекеме әкімшілігінің рұқсатымен ұзақ мерзімді кездесулер оның шегінен тыс жерде өткізіледі.

3. Жеңілдікті жағдайларда жазасын өтеп жүрген сотталғандар мекеменің шегінен тыс жерде күзетсіз, бірақ бақылауда және қадағалауда болып, жақсартылған тұрғын үй-жайларда тұрады.

Олар:

1) тамақ өнімдері мен бірінші кезекте қажетті заттарды сатып алуға ақшаны уақытша орналастырудың қолма-қол ақшаны бақылау шоттарындағы қаражатын шектеусіз жұмсауға;

2) ақшаны пайдалануға;

3) шектеусіз қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді кездесулер алуға;

4) саны шектеусіз сауқаттар немесе сәлемдемелер және бандерольдер алуға;

5) азаматтық үлгідегі киім мен аяқкиім пайдалануға құқылы.

4. Қатаң жағдайларда жазасын өтеп жүрген сотталғандар оқудан немесе жұмыстан бос уақытта құлыпталатын камераларда тұрады.

Олар:

1) ай сайын тамақ өнімдері мен бірінші кезекте қажетті заттарды сатып алуға ақшаны уақытша орналастыратын қолма-қол ақшаны бақылау шоттарындағы қаражатынан сегіз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде жұмсауға;

2) бір жыл ішінде алты қысқа мерзімді және екі ұзақ мерзімді кездесу алуға;

3) бір жыл ішінде алты сауқат немесе сәлемдеме және алты бандероль алуға құқылы

5. Кәмелетке толмаған сотталғандарға, осы Кодекстің 104-бабының үшінші бөлігінде көзделген тыйым салулардан басқа:

1) темекі өнімдерін тұтынуға және сақтауға;

2) жалпы білім беретін ұйымдарда, сондай-ақ техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында өткізілетін сабақтарды дәлелсіз себептермен жіберіп алуға;

3) жалпыға міндетті іс-шараларды дәлелсіз себептермен жіберіп алуға тыйым салынады.

152-бап. Кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған орташа қауіпсіз мекемелерде қолданылатын көтермелеу шаралары

Сотталғандарға жақсы мінез-құлқы, еңбек пен оқуға адал қарағаны, ерікті ұйымдардың жұмысына және тәрбиелік іс-шараларға белсенді қатысқаны үшін осы Кодекстің 128-бабында көзделгендермен қатар мынадай көтермелеу шаралары қолданылуы мүмкін:

1) қызметкерлердің еріп жүруімен мекеменің шегінен тыс жердегі мәдени-ойын-сауық және спорттық іс-шараларға бару құқығын беру;

2) ата-аналарының немесе жақын туыстарының еріп жүруімен мекеменің шегінен тыс жерге шығу құқығын беру.

153-бап. Кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған орташа қауіпсіз мекемелерде көтермелеу шараларын қолдану ерекшеліктері

1. Осы Кодекстің 152-бабында көзделген көтермелеу шаралары қолданылған сотталғандарға өздеріне тиесілі азаматтық киім беріледі.

2. Түнгі уақытта мәдени-ойын-сауық, спорттық және өзге де іс-шараларға баруға жол берілмейді.

3. Мекеменің шегінен тыс жерге шығу ұзақтығын мекеме бастығы белгілейді, бірақ ол сегіз сағаттан аспауға тиіс.

154-бап. Кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған орташа қауіпсіз мекемелерде жазалау шараларын қолдану тәртібі

1. Кәмелетке толмаған сотталғандардың осы Кодексте және мекемелердің ішкі тәртіптеме қағидаларында белгіленген талаптарды орындамауы жазаны өтеудің тәртібін бұзуы болып табылады.

2. Мыналар бас бостандығынан айыруға сотталғандардың жазаны өтеу тәртібін қаскөйлікпен бұзуы болып табылады:

1) мекемені абаттандыру және онда тұру жағдайларын жақсарту жөніндегі жұмыстардан дәлелсіз себептермен бас тарту;

2) алкогольді, есірткі заттарын, психотроптық немесе басқа да есеңгірететін заттарды пайдалану;

3) мекеме әкімшілігінің өкілдеріне қатер төндіру, оларды қорлау, оларға бағынбаушылық, оның ішінде жазаны өтеу режимін бұзу мақсатында, өзіне қандай да бір қасақана зақым келтірумен ұштасқан бағынбаушылық;

4) мекемелердің ішкі тәртіптеме қағидаларында көзделмеген нәрселерді, құжаттарды, заттарды, бұйымдарды, заттектерді, тамақ өнімдерін беру (алу), дайындау, сақтау;

5) материалдық немесе өзге де пайда табу мақсатында карта ойнау, сондай-ақ құмар ойындарына қатысу;

6) сот тағайындаған міндетті және мәжбүрлеп емдеуден жалтару;

7) сексуалдық сипаттағы әрекеттер жасау;

8) осы бөліктің 1) – 7) тармақшаларында көрсетілген бұзушылықтарды жасауға бағытталған сотталғандар топтарын ұйымдастыру немесе оларға белсенді түрде қатысу

3. Сотталғандарға жазаны өтеу тәртібін бұзғаны үшін мынадай жазалау шаралары:

1) ескерту;

2) сөгіс;

3) қатаң сөгіс;

4) жетпіс екі сағатқа дейінгі мерзімге уақытша оқшаулау үй-жайына жабу қолданылады.

Сотталған адамға қатысты жазалау шараларын қолдану туралы қаулының көшірмесі келесі жұмыс күнінен кешіктірілмей прокурорға жіберіледі.

4. Осы баптың екінші бөлігінде көрсетілген бұзушылықтарды жасаған сотталған адам, оған қатаң сөгіс түрінде жазалау екі және одан көп рет қолданылған кезде, мекеме бастығының қаулысымен жазаны өтеудің белгіленген тәртібін қаскөйлікпен бұзушы деп танылады.

5. Кәмелеттік жасқа толған сотталғандарға жазаны өтеу тәртібін бұзғаны үшін осы Кодекстің 131 – 134-баптарында көзделген тәртіппен жазалау шаралары қолданылады.

6. Сотталғандар уақытша оқшаулау үй-жайынан емдеу-профилактикалық мекемелерге, сондай-ақ медициналық денсаулық сақтау ұйымдарына ауыстырылған жағдайда, олардың көрсетілген емдеу мекемелерінде болу мерзімі жазаны өтеу мерзіміне есептеледі.

Ескерту. 154-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 27.12.2019 № 292-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

155-бап. Кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған орташа қауіпсіз мекемелерде кәмелеттік жасқа толған бас бостандығынан айыруға сотталғандарды қалдыру

1. Он сегіз жасқа толған, бас бостандығынан айыруға сотталғандар өздерінің келісімімен, бірақ көп дегенде олар жиырма бір жасқа толғанға дейін мекемеде қалдырылуы мүмкін.

2. Мекемеде қалдырылған сотталғандарға кәмелетке толмаған сотталғандарға арналған жазаны өтеу жағдайлары, тамақтандыру және материалдық-тұрмыстық қамтамасыз ету нормалары қолданылады.

3. Он сегіз жасқа толған сотталғандарды мекемеде қалдыру туралы шешімді сот мекеме бастығының ұсынуының негізінде қабылдайды.

156-бап. Сотталғандарды кәмелетке толмағандарды ұстауға арналған орташа қауіпсіз мекемелерден басқа мекемелерге ауыстыру

Он сегіз жасқа толған сотталғандар өздерінің келісімімен, сондай-ақ жиырма бір жасқа толған сотталғандар Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінде белгіленген тәртіппен сот шешімі бойынша жазасын одан әрі өтеу үшін орташа қауіпсіз мекемеге ауыстырылады.

157-бап. Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру

1. Сотталғандарды түзеу және оларды әлеуметтік бейімдеу мақсатында мекемелерде қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті орган бекіткен қағидаларға сәйкес, сотталғандардың құқыққа бағынушылық мінез-құлқын, еңбек пен оқуға адал көзқарасын қалыптастыруға, олардың бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім алуына, мәдени деңгейін арттыруына бағытталған бірыңғай оқу-тәрбие процесі ұйымдастырылады.

2. Сотталғандармен тәрбие жұмысы жеткіншектерге тән психологиялық-физиологиялық ерекшеліктер ескеріле отырып, психологиялық-педагогикалық ықпал ету әдістері негізінде жеке, топтық және көпшілік нысандарда жүргізіледі.

3. Сотталғандардың бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық, кәсіптік және қосымша білім алуы Қазақстан Республикасының білім саласындағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

4. Сотталғандармен жүргізілетін тәрбие жұмысына қамқоршылық кеңестер, сондай-ақ ата-аналар комитеті қатысады.

Ескерту. 157-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 17.03.2023 № 212-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

5-БӨЛІМ. ӨЛІМ ЖАЗАСЫ ТҮРІНДЕГІ ЖАЗАНЫ ОРЫНДАУ

Ескерту. 5-бөлім алып тасталды - ҚР 29.12.2021 № 89-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

6-БӨЛІМ. ЖАЗАНЫ ӨТЕУДЕН БОСАТУ. ЖАЗАСЫН ӨТЕУДЕН БОСАТЫЛҒАН СОТТАЛҒАНДАРҒА КӨМЕК ЖӘНЕ ОЛАРДЫ БАҚЫЛАУ. ШАРТТЫ ТҮРДЕ СОТТАЛҒАН АДАМДАРДЫ ПРОБАЦИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ

26-тарау. ЖАЗАНЫ ӨТЕУДЕН БОСАТУ

161-бап. Жазаны өтеуден босату негіздері

1. Мыналар жазаны өтеуден босату негіздері болып табылады:
 - 1) сот үкімі бойынша тағайындалған жаза мерзімін өтеп болу;
 - 2) іс бойынша ақтау үкімін шығарумен немесе іс жүргізуді тоқтатумен сот үкімінің күшін жою;
 - 3) жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату;
 - 4) жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түрімен ауыстыру;
 - 5) рақымшылық жасау туралы акт;
 - 6) кешірім жасау туралы акт;
 - 7) қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеде көзделген, сотталған адамның ауруы;

Ескерту. 7) тармақшаға өзгеріс енгізілді – ҚР 30.12.2021 № 95-VII Заңымен (мынадай:

қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторларында ұсталатын адамдарға қатысты – 2022 жылғы 1 шілдеден бастап;

қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде ұсталатын адамдарға қатысты 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі).

8) заңда көзделген өзге де негіздер.

2. Мекеме әкімшілігі жаза мерзімін өтеген соң босатылғанға дейін бір ай қалғанда, ал басқа да негіздер бойынша – босатылғаннан кейін екі жұмыс күні ішінде сотталған

адамның таңдаған тұрғылықты жеріндегі пробация қызметіне белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі жазаны одан әрі орындау үшін сот үкімінің көшірмесін жібереді.

Пробация қызметі белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі жазаны одан әрі орындау үшін сот үкімінің көшірмесін алғаннан кейін тиісті мекемеге, сондай-ақ үкім шығарған сотқа хабарлама жібереді.

3. Мекеменің әкімшілігі белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі қосымша жаза түрінің мерзімі өтелмеген бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеуден босатылатын адамнан келген күнінен бастап таңдаған тұрғылықты жеріндегі пробация қызметіне бес күндік мерзімде міндетті түрде келуі туралы қолхат алады.

4. Сотталған адам таңдаған тұрғылықты жеріне Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен бюджет қаражаты есебінен өзі барады.

Ескерту. 161-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 03.07.2017 № 84-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.12.2021 № 95-VII (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңдарымен.

162-бап. Жазаны өтеуден мерзімінен бұрын босатуға, жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстыруға ұсыну тәртібі

Ескерту. 162-баптың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР 03.07.2017 № 84-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Сотталған адам заңда белгіленген жаза мерзімінің бір бөлігін өтеген кезде жазаларды орындайтын мекеме немесе орган сотталған адамды жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату немесе жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түрімен ауыстыру туралы мәселені қарау үшін сотқа өтінішхат беру құқығының басталғаны туралы бес күндік мерзімде жазбаша хабардар етуге міндетті.

2. Кешірім жасау туралы өтінішхатты жазаны орындайтын мекеме немесе орган Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен енгізеді.

3. Сотталған адамның жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату, жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түрімен ауыстыру және кешірім жасау туралы өтінішхатына жазаны орындайтын мекеме немесе орган оның жеке басына, жазасын өтеу кезіндегі мінез-құлқына, еңбек пен оқуға деген көзқарасына мінездеме беретін деректерді қоса береді.

4. Рақымшылық жасауды қолдану тәртібін рақымшылық жасау туралы актіні шығарған орган айқындайды.

5. Психикасының бұзылуы салдарынан жазаны өтеуден босату туралы ұсынуды сотқа жазаны орындайтын мекеменің немесе органның бастығы енгізеді. Ұсынуды бір

мезгілде медициналық комиссияның қорытындысы және сотталған адамның жеке ісі жіберіледі.

6. Ауыр сырқатына байланысты жазаны өтеуден босату, жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстыру туралы ұсынуды сотқа жазаны орындайтын мекеменің немесе органның бастығы енгізеді. Ұсынумен бір мезгілде сотқа медициналық комиссияның қорытындысы және сотталған адамның жеке ісі жіберіледі. Ұсынуда сотталған адамның жазасын өтеу кезіндегі мінез-құлқына мінездеме беретін деректер болуға тиіс.

7. Қоғамдық жұмыстарға тарту, түзеу жұмыстары немесе бас бостандығын шектеу түріндегі жазаға сотталған адамға бірінші немесе екінші топтағы мүгедектік белгіленген кезде жазаны орындайтын орган сотқа оны жазасын өтеуден мерзімінен бұрын босату туралы ұсыну енгізеді.

8. Қоғамдық жұмыстарға тарту, түзеу жұмыстары немесе бас бостандығын шектеу түріндегі жазаға сотталған әйелдің жүктілігі анықталған жағдайда, жазаны орындайтын орган жүктілігіне және босануына байланысты демалыс берілген күннен бастап оның жазасын өтеуін кейінге қалдыру туралы сотқа ұсыну енгізеді.

9. Мекеме әкімшілігі немесе жазаны орындайтын орган сотталған адам жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату немесе жазаның өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түрімен ауыстыру туралы өтінішхатпен жүгінгеннен кейін оны он күн ішінде осы баптың үшінші бөлігінде көрсетілген материалдарды және сотталған адамның жеке ісін қоса бере отырып, сотқа жіберуге, сондай-ақ осы баптың оныншы бөлігінде көзделген ережелерді сақтай отырып, прокурорды жазбаша нысанда хабардар етуге міндетті.

Сотқа материалдар мен прокурорға хабарлама электронды құжат түрінде жіберілуі мүмкін.

10. Жазадан шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы өтінішхатты қарау кезінде сот Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде көзделген жағдайлар болса, сотталған адамды шартты түрде мерзімінен бұрын босатуға не оның жазасының өтелмеген бөлігін жазаның неғұрлым жеңіл түрімен ауыстыруға немесе одан бас тартуға құқылы.

Сот бас тартқан жағдайда, көрсетілген негіздердің кез келгені бойынша өтінішхатты қайта енгізу бас тарту туралы қаулы шығарылған күннен бастап кемінде алты ай өткеннен кейін мүмкін болады. Бұл ретте жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жазаға ауыстыру туралы соттың бас тартуы шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы өтінішхатты, сол сияқты соттың шартты түрде мерзімінен бұрын босатудан бас тартуы – жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жазаға ауыстыру туралы өтінішхатты алты ай мерзім өткенге дейін енгізуге кедергі бола алмайды.

Сот бас тартқан жағдайда, көрсетілген негіздердің кез келгені бойынша өтінішхатты қайта енгізу бас тарту туралы қаулы шығарылған күннен бастап кемінде алты ай өткеннен кейін мүмкін болады.

Ескерту. 162-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 03.07.2017 № 84-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.07.2018 № 180-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.06.2022 № 129-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

163-бап. Жүкті әйелдер мен жас балалары бар әйелдерге, жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелейтін ерлерге жазаны орындауды кейінге қалдыру

1. Мекемеде жазасын өтеп жүрген жүкті әйелдер мен жас балалары бар әйелдерге, жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелейтін ерлерге сот бес жылға дейінгі мерзімге, бірақ әрі дегенде бала он төрт жасқа толғанға дейін жазаның орындалуын кейінге қалдыруды беруі мүмкін.

2. Жазаны орындауды кейінге қалдыру жеке басқа қарсы ауыр және аса ауыр қылмыстар жасағаны үшін бес жылдан астам мерзімге сотталған адамдарға қолданылмайды.

3. Түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстар, бас бостандығын шектеу түріндегі жазасын өтеп жүрген сотталғандардың жазасын орындауын кейінге қалдыру осы Кодекстің 52-бабының сегізінші бөлігіне, 57-бабының төртінші бөлігіне және 69-бабының үшінші бөлігіне сәйкес жүзеге асырылады.

4. Мекеме әкімшілігі сотталған адамға жазаны орындауды кейінге қалдыруды қолдану туралы ұсынуды немесе оның өтінішхатын сотқа жібереді. Бұларға: сотталған адамға мінездеме; пробация қызметі жасаған, сотталған адамның, сотталған адамды және баланы қабылдауға, оларға тұрғын үй беруге және тұруы үшін қажетті жағдайлар жасауға келіскен оның жұбайының (зайыбының) немесе туыстарының тұрғын үй-тұрмыстық жағдайларын зерттеп-қарау актісі; жүктілігі туралы медициналық қорытынды не баласының бар екендігі туралы анықтама, сондай-ақ сотталған адамның жеке ісі қоса беріледі.

5. Мекеме әкімшілігі сотталған адамға қатысты жазаны орындауды кейінге қалдыру туралы сот қаулысын алған бойда оны босатады. Сотталған адамнан келген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде өзінің тұрғылықты жеріндегі пробация қызметіне келуі туралы қолхат алынады.

6. Сотталған адам тұрғылықты жеріне бюджет қаражаты есебінен өзі барады.

7. Босатылған күні сотталған адамның тұрғылықты жеріндегі пробация қызметіне босатылған күні көрсетіліп, жазаның орындалуын кейінге қалдыру туралы сот қаулысының көшірмесі жіберіледі.

8. Пробация қызметі сотталған адам келгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде оны есепке қоюға, босатылған орны бойынша мекемеден оған мінездеме беретін

материалдарды сұратуға және бұдан әрі оның мінез-құлқын бақылауды жүзеге асыруға міндетті.

9. Осы баптың бірінші бөлігінде аталған сотталған адам босатылған күннен бастап екі апта мерзімде келмеген жағдайда, пробация қызметі бастапқы іздестіру іс-шараларын жүргізеді және заңда белгіленген тәртіппен оған іздестіруді жариялау үшін сотқа материалдар жібереді.

164-бап. Жазаны орындауды кейінге қалдыру шарттарын сақтамау салдарлары

1. Қоғамдық тәртіпті бұзуға жол берген, өзіне жазаны орындауды кейінге қалдыру қолданылған сотталған адамға қатысты, егер кейінге қалдыру кезеңінде оған әкімшілік жазалау не тәртіптік ықпал ету шаралары қолданылған болса не егер ол баланы тәрбиелеуден немесе оны күтіп-бағудан жалтарса, пробация қызметі жазбаша ескерту шығарады.

2. Сотталған адам баладан бас тартқан, не баланы тәрбиелеуден жалтаруды жалғастырған, не бақылаудан жалтарған, не қоғамдық тәртіпті бұзуды жалғастырған жағдайларда, екі рет жазбаша ескертуден кейін пробация қызметі сотталған адамның тұрғылықты жеріндегі сотқа жазаны орындауды кейінге қалдырудың күшін жою және сотталған адамды сот үкімімен тағайындалған жазаны өтеуге жіберу туралы ұсыну енгізеді. Ұсынуға жазаны орындауды кейінге қалдыру туралы сот шешімінің көшірмесі қоса беріледі.

3. Жазаны орындауды кейінге қалдыру мерзімі өткеннен кейін немесе бала қайтыс болған не жүктілік үзілген жағдайларда, сотталған адамның тұрғылықты жеріндегі пробация қызметі оның мінез-құлқын ескере отырып, сотқа жазаның қалған бөлігін өтеуден босату не жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіліне ауыстыру не оны мекемеге жіберу туралы ұсыну жібереді.

165-бап. Жазаны өтеудің тоқтатылуы және босату тәртібі

1. Белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру, қоғамдық жұмыстарға тарту, түзеу жұмыстары, бас бостандығын шектеу, қамаққа алу, бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеу, заңға сәйкес жаза мерзіміне енгізілуі мүмкін өзгерістер ескеріле отырып, жаза мерзімінің соңғы күні тоқтатылады.

2. Қамаққа алуға және бас бостандығынан айыруға сотталғандар жаза мерзімінің соңғы күнінің бірінші жартысында босатылады. Жазаны өтеу мерзімінің соңғы күні деп жаза мерзімінің басталуы есептелген күннің алдындағы күн есептеледі.

Егер жаза мерзімі демалыс немесе мереке күні аяқталатын болса, сотталған адам демалыс немесе мереке күнінің алдындағы күні жазасын өтеуден босатылады. Жаза мерзімі айлармен есептелген кезде, ол соңғы айдың тиісті күнінде, ал егер бұл айда тиісті күн болмаса, онда сол айдың соңғы күнінде аяқталады.

3. Сотталған адамға босатылған кезде оған тиесілі заттары, құнды заттары, ақшаны уақытша орналастырудың қолма-қол ақшаны бақылау шотында сақтаулы ақшасы және

жеке құжаттары, сондай-ақ жазасын өтегені туралы немесе жазадан босатылғаны туралы құжат беріледі.

4. Қамаққа алу түріндегі жазадан босатылатын адамның немесе әкімшілік қадағалау белгіленбей бас бостандығынан айыру мерзімін өтегеннен кейін босатылатын адамның жеке басын куәландыратын құжаттары, оның еңбек кітапшасы мен зейнетақы куәлігі, сондай-ақ сотталған адамның жеке ісінде сақталатын өзге де жеке құжаттары оған босатылған кезде қолына беріледі. Сотталған адамның жеке ісінде жеке басын куәландыратын құжаттары, еңбек кітапшасы мен зейнетақы куәлігі болмаған кезде мекеменің әкімшілігі босатылғанға дейінгі алты ай қалғанда оларды ресімдеу жөнінде шаралар қолданады.

Бас бостандығынан айыру түріндегі жазадан шартты түрде мерзімінен бұрын босатылатын, бас бостандығынан айыруды жазаның неғұрлым жеңіл түріне ауыстыру, жазаны өтеуді және мекемеден босатылатын адамды қосымша жазалауды кейінге қалдыру кезінде, сондай-ақ өзіне қатысты әкімшілік қадағалау белгіленген, мерзімін өтеген соң босатылатын адамның жеке басын куәландыратын құжаттары таңдаған тұрғылықты жеріндегі ішкі істер органдарына жіберіледі және ішкі істер органдарында және пробация қызметінде тиісті есепке қойылғаннан кейін беріледі.

5. Жазаны өтеуден мерзімінен бұрын босату тиісті құжаттар келіп түскен күні, ал егер құжаттар жұмыс күні аяқталғаннан кейін алынса – келесі күні таңертең жүргізіледі.

6. Пробация қызметі түзеу жұмыстары түріндегі жаза мерзімі аяқталған күні, ал басқа да негіздер бойынша осы жазадан босатылған кезде тиісті құжаттарды алғаннан кейін келесі жұмыс күнінен кешіктірмей, сотталған адам жазасын өтеп жүрген кәсіпорынның, мекеменің немесе ұйымның әкімшілігін оның жалақысынан ұстап қалудың тоқтатылғаны туралы жазбаша хабардар етуге міндетті. Сотталған адамға жазасын өтегені туралы құжат беріледі.

7. Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 1), 2), 5), 6), 7) және 8) тармақтарының негізінде қылмыстық істің тоқтатылуына, ақтау үкімінің шығарылуына байланысты үкімнің күші жойылуы нәтижесінде жазасын өтеуден босатылған адамға жазаны орындайтын мекеменің немесе органның бастығы оның мүліктік, еңбек, тұрғын үй және өзге де айырылған құқықтарын қалпына келтіру құқығын түсіндіреді. Босату туралы құжатта сотталған адамнан мемлекет атынан ресми кешірім сұралады.

8. Босатылғанға дейін бір ай қалғанда мекеме әкімшілігі сотталған адамның таңдаған тұрғылықты жеріндегі пробация қызметіне белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі жазаны одан әрі орындау үшін сот үкімінің көшірмесін жібереді.

Пробация қызметі белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі жазаны одан әрі орындау үшін сот үкімінің

көшірмесін алғаннан кейін тиісті мекемеге, сондай-ақ үкім шығарған сотқа хабарлама жібереді.

9. Мекеменің әкімшілігі белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі қосымша жаза түрінің мерзімі өтелмеген бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны өтеуден босатылатын адамнан келген күнінен бастап таңдаған тұрғылықты жеріндегі пробация қызметіне бес күндік мерзімде міндетті түрде келуі туралы қолхат алады.

10. Сотталған адам өзі таңдаған тұрғылықты жеріне немесе жұмыс орнына қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті орган бекіткен қағидаларға сәйкес бюджет қаражаты есебінен өзі барады.

Ескерту. 165-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 07.11.2014 № 248-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 24.11.2021 № 75-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

27-тарау. ЖАЗАСЫН ӨТЕУДЕН БОСАТЫЛАТЫН СОТТАЛҒАНДАРҒА КӨМЕК ЖӘНЕ ОЛАРДЫ БАҚЫЛАУ

166-бап. Мекеме әкімшілігінің босатылатын сотталғандардың жұмысқа және тұрмыста орналасуына жәрдемдесу жөніндегі міндеттері

1. Мекеме әкімшілігі бас бостандығынан айыру мерзімі аяқталғанға дейін бір жылдан кешіктірмей, сотталған адамның таңдаған тұрғылықты жері бойынша облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органдарын, ішкі істер органдарын оның алдағы уақытта босатылатыны, оның тұрғын үйінің бар-жоғы, оның еңбекке қабілеттілігі және алған мамандықтары туралы хабардар етеді.

Мекеме әкімшілігі бұл ретте сотталған адамға босатылғаннан кейін әлеуметтік бейімделу үшін қажетті әлеуметтік-құқықтық көмектің көлемі бойынша жеке бағдарлама жасайды, ол сотталған адамның таңдаған тұрғылықты жері бойынша жергілікті атқарушы органға жолданады.

2. Сотталған адамды бостандыққа дайындау мақсатында онымен ұйымдастыру-тәрбиелеу іс-шаралары жүргізіледі, оның құқықтары мен міндеттері түсіндіріледі.

3. Бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарды, сондай-ақ алпыс үш жастан асқан ерлер мен елу сегіз жастан асқан әйелдерді олардың жазбаша өтініші және мекеменің ұсынуы бойынша әлеуметтік қорғау органдары қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға арналған медициналық-әлеуметтік мекемелерге (ұйымдарға) жібереді.

Әлеуметтік көмекке мұқтаж өзге де адамдар олардың жазбаша өтініші және мекеменің ұсынуы бойынша әлеуметтік бейімдеу орталықтарына жіберіледі.

Ескерту. 166-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 30.12.2016 № 39-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

30.12.2021 № 95-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.06.2022 № 129-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

167-бап. Жазасын өтеуден босатылатын адамдарға көмек көрсету

1. Қамаққа алу, бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеуден босатылатын адамдар өздері таңдаған тұрғылықты жеріне немесе жұмыс орнына дейін тегін жол жүрумен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы аумағының шегінде жол жүргенде тамақ өнімдерімен не ақшамен қамтамасыз етіледі.

2. Мекемеден босатылатын адамның маусым бойынша қажетті киімі, аяқкиімі және оларды сатып алуға қаражаты болмаған жағдайда, ол бюджет қаражаты есебінен киіммен және аяқкиіммен қамтамасыз етіледі.

3. Жазадан босатылатын адамдарды тамақпен, киіммен, аяқкиіммен қамтамасыз етуді, сондай-ақ жол жүруіне ақы төлеуді жазаны орындайтын мекеме жүргізеді.

4. Бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарды, жүкті әйелдер мен жас балалары бар әйелдерді, сондай-ақ кәмелетке толмағандарды бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеуден босату кезінде мекеме әкімшілігі олардың жұбайын (зайыбын), туыстарын не сотталған адамның өтінішінде аталған өзге де адамдарды, сондай-ақ сотталған адамның таңдаған тұрғылықты жеріндегі пробация қызметін алты ай бұрын хабардар етеді.

5. Мекемелерден босатылатын, денсаулық жағдайы бойынша ұдайы күтімге мұқтаж адамдар, сондай-ақ он алты жасқа дейінгі кәмелетке толмағандар тұрғылықты жеріне жұбайының (зайыбының), туыстарының немесе оларды алып кетуге келген өзге де адамдардың не мекеме немесе сотталған адамның таңдаған тұрғылықты жері бойынша пробация қызметі жұмыскерінің еріп жүруімен жіберіледі.

Ескерту. 167-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 30.12.2016 № 39-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.06.2022 № 129-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

168-бап. Жазасын өтеуден босатылған адамдардың жұмысқа және тұрмыста орналасуына, оларға басқа да әлеуметтік көмек түрлерінің ұсынылуына жәрдем көрсету

1. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың әкімдігі:

1) жазасын өтеуден босатылған адамдардың жұмысқа және тұрмыста орналасуына, сондай-ақ оларға басқа да әлеуметтік көмек түрлерінің ұсынылуына жәрдем көрсетеді;

2) мекемелерден босатылған адамдар үшін жыл сайын жұмыс орындарына квоталар бөледі, сондай-ақ оларды жұмысқа орналастыратын жеке және заңды тұлғаларды көтермелейді.

2. Мекемеден босатылған адам жұмысқа және тұрмыста орналасуда өзіне көмек ұсынылуы және әлеуметтік көмектің өзге де түрлері ұсынылуы үшін жергілікті атқарушы органдарға, қоғамдық бірлестіктер мен өзге де ұйымдарға жүгінуге құқылы.

Ескерту. 168-бап жаңа редакцияда – ҚР 30.12.2021 № 95-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

169-бап. Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамның мінез-құлқын пробациялық бақылау

1. Жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамның мінез-құлқын бақылауды оның тұрғылықты жеріндегі ішкі істер органдарының полиция қызметкерлері қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүзеге асырады.

Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамды тиісінше бақылауды қамтамасыз ету және оның тұрған жері туралы ақпарат алу үшін ішкі істер органдарының полиция қызметкерлері тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін электрондық бақылау құралдарын қолдануға құқылы.

Электрондық бақылау құралдарын қолдану тәртібін қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

2. Ішкі істер органдары шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдарды жазасының қалған өтелмеген бөлігі ішінде дербес есепке алуды жүзеге асырады, оларға жүктелген міндеттердің орындалуын бақылайды.

3. Егер шартты түрде мерзімінен бұрын босату қолданылған адам жазасының қалған өтелмеген бөлігі ішінде бірнеше рет әкімшілік құқық бұзушылық жасап, сол үшін оған әкімшілік жаза қолданылған болса немесе шартты түрде мерзімінен бұрын босатуды қолдану кезінде өзіне жүктелген міндеттерді орындаудан қаскөйлікпен жалтарған болса, ішкі істер органы сотқа шартты түрде мерзімінен бұрын босатудың күшін жою және жазасының қалған өтелмеген бөлігін орындау туралы ұсыну жібереді.

4. Ішкі істер органдары шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамды есепке қойғаннан кейін:

1) оған әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету үшін оның жергілікті атқарушы органдарға келуін қамтамасыз етеді;

2) сот қаулысының көшірмесін жергілікті атқарушы органдарға жібереді.

5. Алып тасталды – ҚР 30.12.2021 № 95-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

6. Алып тасталды – ҚР 30.12.2021 № 95-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

7. Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адам өзіне әлеуметтік-құқықтық көмек ұсынылуы үшін жергілікті атқарушы органдарға, қоғамдық бірлестіктер мен өзге де ұйымдарға жүгінуге құқылы.

Жергілікті атқарушы органдар, қоғамдық бірлестіктер және өзге де ұйымдар шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетеді.

8. Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адам:

1) мекемеден босатылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде тұрғылықты жеріндегі ішкі істер органдарында тіркеуден өтуге;

2) өзі есебінде тұрған ішкі істер органына айына кемінде бір рет өзінің мінез-құлқы туралы есеп беру үшін келіп тұруға;

3) ішкі істер органдары айқындаған уақытта тұрғылықты жерін тастап кетпеуге;

4) ішкі істер органдарын жазбаша хабардар етпестен тұрақты тұрғылықты жерін, жұмыс пен оқу орнын ауыстырмауға;

5) ішкі істер органдары айқындаған орындарға жұмыс пен оқудан бос уақытта бармауға;

6) ішкі істер органдарының жазбаша рұқсатынсыз басқа жерлерге шықпауға;

6-1) негізгі жазаны толық өтегенге және пробациялық бақылау мерзімі аяқталғанға дейін Қазақстан Республикасының аумағынан кетпеуге;

6-2) алкогольдік ішімдіктерді, сондай-ақ медициналық емес мақсаттарда есірткі мен психотроптық заттарды, сол тектестерді тұтынбауға;

7) жәбірленушінің денсаулығына, мүлкіне келтірілген залалдың немесе мемлекетке келтірілген материалдық залалдың орнын толтыру жөнінде шаралар қолдануға;

8) ішкі істер органдарының талап етуі бойынша түсініктеме және шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамның мінез-құлқына бақылауды жүзеге асыру үшін қажетті өзге де құжаттарды ұсынуға міндетті.

9) алып тасталды - ҚР 18.11.2015 № 412-V Заңымен (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі).

9. Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адам пробациялық бақылаудан жалтарған жағдайда, ішкі істер органдары оның тұрған жерін және жалтару себептерін анықтау бойынша бастапқы іс-шараларды жүргізеді.

Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамның тұратын жері анықталмаған жағдайда, ішкі істер органдары сотқа оған іздестіру жариялау туралы не бұлтартпау шараларын таңдау туралы ұсыну енгізеді.

Ескерту. 169-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 28.11.2014 № 257-V (қолданысқа енгізілу тәртібін 10-баптың 12) тармақшасынан қараңыз); 18.11.2015 № 412-V (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі); 18.04.2017 № 58-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.07.2018 № 180-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.12.2021 № 95-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

170-бап. Ауруына байланысты жазадан босатылған не жазасын өтеуді кейінге қалдыру қолданылған адамның денсаулық жағдайын бақылау

Ескерту. 170-баптың тақырыбына өзгеріс енгізілді – ҚР 17.03.2023 № 212-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Психикасының бұзылуына немесе өзге де ауыр сырқатына байланысты жазадан босатылған не жазасын өтеуді кейінге қалдыру қолданылған адамның денсаулық жағдайын бақылауды ол босатылған не ол бекітілген мекеменің әкімшілігі жүзеге асырады.

2. Жазадан босатылған не жазасын өтеуді кейінге қалдыру қолданылған адам емделіп жатқан денсаулық сақтау ұйымы оның денсаулық жағдайы туралы ақпаратты мекеме әкімшілігіне тоқсан сайын береді, ал сауыққан немесе қайтыс болған жағдайларда оған дереу хабар береді.

3. Адам сауыққан жағдайда, жазаны орындауды жалғастыру сотталғанның өтінішхаты бойынша не мекеме әкімшілігінің ұсынуы бойынша соттың қаулысымен жүргізіледі.

Ескерту. 170-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 27.12.2019 № 292-VI (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 17.03.2023 № 212-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

171-бап. Жазасын өтеген адамдарды әкімшілік қадағалау

Әкімшілік қадағалау жазасын өтеген адамдарға:

1) қауіпті қайталануы кезінде жасалған қылмыстары үшін, сол сияқты террористік немесе экстремистік қылмыстары, кәмелетке толмағандарға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстары үшін;

2) ауыр және (немесе) аса ауыр қылмыстары үшін немесе қасақана қылмыстары үшін бас бостандығынан айыруға екі және одан да көп рет сотты болғандарға және жаза мерзімі аяқталған кезде дәрежесі үшінші теріс мінез-құлыққа ие болған сотталғандарға белгіленеді.

Ескерту. 171-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 09.04.2016 № 501-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.07.2017 № 91-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.07.2018 № 180-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

172-бап. Өздеріне қатысты ішкі істер органдарының әкімшілік қадағалауын белгілеу қажет адамдарға материалдарды дайындау және ресімдеу

1. Мекеме әкімшілігі өздеріне қатысты ішкі істер органдарының әкімшілік қадағалауын белгілеу қажет адамдар тобын айқындайды және жаза мерзімі аяқталғанға дейін бір айдан кешіктірмей, сотқа осы адамдарға қатысты әкімшілік қадағалау белгілеу туралы ұсыну жібереді.

2. Өзіне қатысты әкімшілік қадағалау белгіленген адамды мекемеден босатар алдында мекеме әкімшілігі оның таңдаған тұрғылықты жеріндегі ішкі істер органына сот қаулысын, оған мінездеме беретін материалдар мен келетін уақыты туралы хабарлама жібереді.

3. Өзіне қатысты әкімшілік қадағалау белгіленген адам таңдаған тұрғылықты жеріне келмеген жағдайда, ішкі істер органы оның тұрған жерін және келмеу себептерін анықтау бойынша бастапқы іс-шараларды жүргізеді.

Аталған адамның тұрған жері анықталмаған жағдайда, ішкі істер органы сотқа оған іздестіру жариялау және бұлтартпау шараларын таңдау туралы ұсыну енгізеді.

4. Тиісінше әкімшілік қадағалауды жүзеге асыру және сот өзіне қатысты әкімшілік қадағалау белгілеген адамның тұратын жері туралы ақпаратты алу үшін ішкі істер органдары тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын электрондық бақылау құралдарын пайдалануға құқылы. Оларды қолдану тәртібін және ішкі істер органдарының қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі қызметін ұйымдастыруды қылмыстық-атқару қызметі саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

5. Өзіне қатысты сот әкімшілік қадағалауды белгілеген адамды есепке қойғаннан кейін ішкі істер органдары:

1) оған әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету үшін оның жергілікті атқарушы органдарға келуін қамтамасыз етеді;

2) сот қаулысының көшірмесін жергілікті атқарушы органдарға жібереді.

6. Алып тасталды – ҚР 30.12.2021 № 95-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

7. Алып тасталды – ҚР 30.12.2021 № 95-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

8. Өзіне қатысты сот әкімшілік қадағалау белгілеген адам өзіне әлеуметтік-құқықтық көмек ұсынылуы үшін жергілікті атқарушы органдарға, қоғамдық бірлестіктер мен өзге де ұйымдарға жүгінуге құқылы.

Жергілікті атқарушы органдар, қоғамдық бірлестіктер және өзге де ұйымдар өзіне қатысты сот әкімшілік қадағалау белгілеген адамға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетеді.

9. Өзіне қатысты сот әкімшілік қадағалауды белгілеген адам айына кемінде бір рет тіркелу, есеп беру және өзімен профилактикалық әңгімелесу жүргізуге қатысу үшін өзі есебінде тұрған ішкі істер органына келіп тұруға міндетті.

Ескерту. 172-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 30.12.2021 № 95-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

173-бап. Жазасын өтеуден босатылған, туберкулезбен ауыратын адамдарға мәжбүрлеп ем қолдану тәртібі

Ескерту. 173-баптың тақырыбына өзгеріс енгізілді - ҚР 06.04.2015 № 299-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Мекемелерден босатылатын, жазаны өтеу кезеңінде емделудің толық курсынан өтпеген, айналасындағыларға қауіп төндіретін туберкулезбен ауыратын наукастар босатылғаннан кейін сот шешімі бойынша босатылған жеріндегі мамандандырылған туберкулезге қарсы ұйымдарда мәжбүрлеп емделуге жатады.

2. Мекеме әкімшілігі осы баптың бірінші бөлігінде аталған адамдарға қатысты жаза мерзімі аяқталғанға дейін бір айдан кешіктірмей, оған мәжбүрлі ем тағайындау туралы ұсынуды мекеме орналасқан жердегі сотқа жібереді.

3. Туберкулезбен ауыратын, өздеріне қатысты сот шешімімен мәжбүрлеп емдеу белгіленген адамдарды мекемелерден босату туралы хабарлама босатылған жердегі мамандандырылған туберкулезге қарсы ұйымдарға және ішкі істер органдарына жіберіледі.

Ескерту. 173-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 06.04.2015 № 299-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

28-тарау. ШАРТТЫ ТҮРДЕ СОТТАЛҒАН АДАМДАРҒА ПРОБАЦИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

174-бап. Шартты түрде сотталған адамдарға пробациялық бақылауды жүзеге асыру және оларға әлеуметтік-құқықтық көмек көрсету тәртібі

1. Пробациялық бақылаудағы, шартты түрде сотталған адамды есепке қойған кезде пробация қызметі:

1) денсаулық жағдайын, оның білім деңгейін, жұмыспен қамтылуын, тұрғылықты жерінің бар-жоғын анықтай отырып, сотталған адамның жеке басын зерделеуді жүргізеді;

2) әлеуметтік-құқықтық көмек алу, оған қатысты пробациялық бақылауды жүзеге асыру және тоқтату тәртібін түсіндіреді, сондай-ақ тіркелу үшін пробация қызметіне келу күндерін белгілейді;

3) сот жүктеген міндеттерді орындау, оларды орындамағаны, сондай-ақ пробациялық бақылау тәртібін бұзғаны үшін жауаптылыққа тарту тәртібін түсіндіреді;

2. Алып тасталды – ҚР 30.12.2021 № 95-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

3. Шартты түрде сотталған адам өзіне әлеуметтік-құқықтық көмек ұсынылуы үшін жергілікті атқарушы органдарға, қоғамдық бірлестіктер мен өзге де ұйымдарға жүгінуге құқылы.

Жергілікті атқарушы органдар, қоғамдық бірлестіктер және өзге де ұйымдар шартты түрде сотталған адамға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетеді.

4. Шартты түрде сотталған адамдар пробация қызметінің алдында өзінің мінез-құлқы туралы есеп беруге, сот жүктеген міндеттерді орындауға, тіркелу үшін, сондай-ақ шақыру бойынша пробация қызметіне айына екі рет (ауылдық жерде тұратындар бір рет) келіп тұруға міндетті. Дәлелсіз себептермен келмеген жағдайда, шартты түрде сотталған адамға күштеп әкелу қолданылады.

5. Тиісінше пробациялық бақылауды қамтамасыз ету және сотталған адамдардың тұратын жері туралы ақпарат алу үшін пробация қызметі тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын электрондық бақылау құралдарын пайдалануға құқылы.

6. Шартты түрде сотталған адам пробациялық бақылаудан жалтарған жағдайда, пробация қызметі оның тұратын жері мен жалтару себептерін анықтау бойынша бастапқы іс-шараларды жүргізеді. Оның тұратын жері анықталмаған жағдайда, пробация қызметі сотқа оған іздестіру жариялау және бұлтартпау шараларын таңдау туралы ұсыну енгізеді.

Ескерту. 174-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 30.12.2021 № 95-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

175-бап. Пробациялық бақылау мерзімін есептеу

1. Пробациялық бақылау мерзімі шартты түрде сотталған адамды пробация қызметінің есебіне қойған кезден бастап есептеледі.

2. Пробациялық бақылау сот үкімінде белгіленген барлық мерзім бойына жүзеге асырылады. Пробациялық бақылау мерзімі өткеннен кейін пробация қызметі шартты түрде сотталған адамды өзінің есебінен шығарады.

3. Пробациялық бақылау мерзімінің өтуі шартты түрде сотталған адамға іздестіру жариялау туралы сот қаулысының негізінде бастапқы іздестіру іс-шараларын жүргізу басталған кезден бастап тоқтатыла тұрады және сот қаулысы бойынша қайта басталады.

176-бап. Шартты түрде сотталған адамның жауаптылығы

1. Егер шартты түрде сотталған адам:

1) сол үшін өзіне әкімшілік жаза қолданылған, қоғамдық тәртіп пен имандылыққа, кәмелетке толмағандардың құқықтарына, жеке адамға қол сұғатын және отбасы-тұрмыстық қатынастар аясында әкімшілік құқық бұзушылық жасаса;

2) электрондық бақылау құралдарын қасақана бұзса (бүлдірсе) не дәлелсіз себептермен тіркелуге келмесе немесе пробация қызметін хабардар етпестен, тұрғылықты жерін ауыстырса;

2-1) геномдық тіркеуден өтуден жалтарса;

3) қылмыстық теріс қылық жасаса, пробация қызметі сотқа пробациялық бақылау мерзімін ұзарту, бірақ бір жылдан аспайтын уақытқа ұзарту туралы, ал кәмелетке толмаған адамға қатысты алты айдан аспайтын уақытқа ұзарту туралы ұсыну енгізеді,

сондай-ақ шартты түрде соттаудың күшін жою мүмкіндігі туралы жазбаша нысанда ескерту шығарады.

2. Шартты түрде сотталған адам өзіне сот жүктеген міндеттерді орындамаған не осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген бұзушылықтарды қайталап жасаған жағдайда, сондай-ақ егер ол пробациялық бақылаудан жасырынса, пробация қызметі сотқа шартты түрде соттаудың күшін жою және сот үкімімен тағайындалған жазаны орындау туралы, ал кәмелетке толмаған сотталған адамға қатысты – пробациялық бақылау мерзімін ұзарту, бірақ бір жылдан аспайтын мерзімге ұзарту туралы ұсыну енгізеді.

3. Пробация қызметіне тіркелу үшін келмеген күнінен бастап он бес күннен астам уақыт бойы тұратын жері анықталмаған шартты түрде сотталған адам пробациялық бақылаудан жасырынып жүр деп танылады.

4. Шартты түрде сотталған адам электрондық бақылау құралдарын бұзған (бүлдірген) жағдайда, пробация қызметі акт жасайды.

Электрондық бақылау құралдарын қасақана бұзған (бүлдірген) жағдайда, сотталған адамдар заңда белгіленген тәртіппен материалдық жауаптылықта болады.

Ескерту. 176-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 31.12.2016 № 41-VI (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

177-бап. Осы Кодексті қолданысқа енгізу тәртібі

1. Осы Кодекс, 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 15-тарауды, сондай-ақ 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 78-бапты және Қылмыстық-атқару кодексіне Қосымшаның 1) тармақшасын қоспағанда, 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

2. Осы Кодекс қолданысқа енгізілген күннен бастап:

1) 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап күшін жоятын 58-бапты және Қылмыстық-атқару кодексіне Қосымшаның 1-тармағын қоспағанда, 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 24, 337-құжат; 2000 ж., № 6, 141-құжат; № 8, 189-құжат; № 18, 339-құжат; 2001 ж., № 8, 53-құжат; № 17-18, 245-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 23-24, 192-құжат; 2004 ж., № 5, 22-құжат; № 23, 139, 142-құжаттар; № 24, 154-құжат; 2005 ж., № 13, 53-құжат; 2006 ж., № 11, 55-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 5-6, 40-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 17, 140-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 15-16, 73-құжат; № 24, 128, 130-құжаттар; 2010 ж., № 7, 28-құжат; 2011 ж., № 2, 19-құжат; № 19, 145-құжат; № 20, 158-құжат; 2012 ж., № 3, 26-құжат; № 4, 32-құжат; № 5, 35-құжат; 2013 ж., № 1, 2-құжат; № 13, 62-құжат; № 14, 72-құжат; 2014 ж., № 1, 9-құжат);

2) "Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексін күшіне енгізу туралы" 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының (Қазақстан

Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 24, 338-құжат; 2000 ж., № 6, 141-құжат; 2003 ж., № 24, 180-құжат; 2009 ж., № 24, 128-құжат);

3) "Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің жалпы және қатаң режимдердегі түзеу колонияларында, сондай-ақ тәрбиелеу колонияларында жазасын өтеп жатқан сотталғандарды ұстаудың жеңілдікті жағдайлары жөніндегі ережелерін қолданысқа енгізу туралы" 2000 жылғы 13 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., № 18, 339-құжат) күші жойылды деп танылсын.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

*Н. Назарбаев
Қазақстан Республикасының
Қылмыстық-атқару кодексіне
Қосымша*

Сот үкімі бойынша тәркіленуге жатпайтын мүлік тізбесі

Ескерту. Қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР 03.12.2015 № 433-V (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 27.06.2022 № 129-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

Сотталған адам мен оның асырауындағы адамдар үшін қажетті, оған жеке меншік құқығымен тиесілі немесе ортақ меншіктегі оның үлесі болып табылатын мынадай мүлік түрлері мен заттар тәркіленуге жатпайды:

- 1) алаңы тұрғын үй заңнамасында отбасының әрбір мүшесіне белгіленген нормативтерден аспайтын, сотталған адам мен оның отбасының жалғыз тұрғын үйі;
- 2) тәркіленуге жатпайтын үй және шаруашылық құрылыстары орналасқан жер учаскелері, сондай-ақ жеке қосалқы шаруашылық жүргізу үшін қажетті жер учаскелері;
- 3) негізгі кәсібі ауыл шаруашылығы болып табылатын адамдардан – шаруашылық құрылыстары және саны оның отбасының қажеттіліктерін қанағаттандыруға қажетті үй малы, сондай-ақ малға арналған жем-шөп;
- 4) ауыл шаруашылығы дақылдарының кезекті егісі үшін қажетті тұқым;
- 5) үй жабдығы заттары, керек-жарақ, киім:
киіліп жүрген киім, аяқкиім, ішкіім, қолданылып жүрген төсек жабдықтары, ас үй және асхана керек-жарағы. Теріден жасалған және басқа да бағалы киім, асхана сервиздері, бағалы металдардан жасалған, сондай-ақ көркемдік құндылығы бар заттар тәркіленуі мүмкін;
сотталған адам мен оның отбасы мүшелері үшін қажеті барынша аз жиһаз;
балалардың барлық керек-жарақтары;

б) егер сотталған адамның негізгі кәсібі ауыл шаруашылығы болып табылса, сотталған адам мен оның отбасы үшін жаңа өнім жинағанға дейін қажетті көлемдегі тамақ өнімдері, ал қалған жағдайларда – Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін мөлшердегі жалпы сомаға тамақ өнімдері мен ақша;

- 7) тамақ дайындауға және отбасының тұрғын үй-жайын жылытуға арналған отын;
- 8) сотталған адам сот үкімімен тиісті қызметпен айналысу құқығынан айырылған немесе мүкәммал оның қылмыс жасауы үшін пайдаланылған жағдайларды қоспағанда, сотталған адамның кәсіптік істерін жалғастыруы үшін қажетті мүкәммал (оның ішінде оқулықтар мен кітаптар);
- 9) мүгедектігі бар адамдардың жүріп-тұруына арнап жасалған көлік құралдары, мүгедектігі бар адамдардың техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдары мен арнаулы жүріп-тұру құралдары;
- 10) сотталған адам марапатталған халықаралық, мемлекеттік және өзге де жүлделер.